

ҚАРЛЫҒАШ НУРМУХАМЕТОВА

БАБЫР МҰРАСЫ

Алматы, 2024

ӘОЖ 355/359

КБЖ 68.4

Н 82

Рецензенттер:

Қ.Затов, философия ғылымдарының докторы.

Б.Аташ, философия ғылымдарының докторы.

Нурмухаметова Қ. Ш. Бабыр мұрасы.

Н 82 Монография. Ғылыми басылым. – Алматы «Max Print»,
2024. -124 б.

ISBN 978-601-7856-83-0

Бұл ғылыми еңбекте әмір Темірдің бесінші ұрпағы болып табылатын Заһир аддин Мұхаммед Бабырдың шығармашылығы меноның жалпы дүниетанымы қарастырылған. «Ұлы Моғол империясы» тұсындағы мәдени сұхбаттастық өркениеті өзіндік ғылыми таным тұрғысынан баяндалады.

Ғылыми монография гуманитарлық бағыттағы мамандарға, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 355/359

КБЖ 68.4

*Сагадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері
Әскери институты Ғылыми кеңесінде қаралып, баспаға
ұсынылған (№5 хаттама 27.12.2023).*

ISBN 978-601-7856-83-0

© Нурмухаметова Қ.Ш., 2024

© «Max Print», 2024

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
Бабырдың өмірі мен өскен ортасы.....	5
Заһир ад-дин Мұхамед Бабырдың еңбектері.....	13
Мұхамед Бабырдың Ақындығы.....	25
Ислам діні және Бабыр.....	36
Бабыр мұратындағы саяси сана.....	43
«Бабырнама» жәдігеріндегі мәдени сұхбаттастық.....	73
«Бабырнама» жәдігеріндегі ғұламалар.....	92
«Бабырнама» шығармасындағы мақал-мәтелдер.....	103
Бабырдың әскери ісі.....	107
Қорытынды.....	113
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	115

КІРІСПЕ

«Қазақстан Республикасының тарихи мәдени мұраны қорғау мен пайдалану туралы»[1], «Ұлттық мәдени қор мен мұрағаттар туралы»[2] заңдарына сәйкес қабылданып жүргізілуде. Мәдени жәдігер мұратын сараптау, талдау, құндылығын көтеру тиесілі бағасын беріп орнын белгілеу – бүгінде заман талабынан туындап отырған рухани қажеттіліктердің бірі. «Әлемде өз төл мәдени құндылықтарын қастерлеп, қадір тұтпаған ұлт өркендеу жолында тұщымды жетістіктерге жеткен емес. Бұл дәлелдеуге мұқтаж емес қарапайым шындық. Қазақ халқы соңғы үш-төрт ғасырда алғаш рет өзінің өсіп-өнуіне негіз бола аларлықтай мәдени құндылықтарын елеп-екшеу мүмкіндігіне ие боп отыр...»[3,75б.].

«Бабырнама» Орта Азия, Үндістан, Ауғаныстан елдерінің ортақ мәдени құндылық мұрасы болып табылады. Монографияның маңыздылығы мен өзектілігі мәдениеттер арасындағы сұхбаттастықпен тікелей байланысты, көшпелі және отырықшы, түркілік және үнділік, ауғандық мәдениеттердің синтезі ретінде көрсетілуімен айқындалады. Көптеген теориялық концепциялар мен халықаралық құжаттарда мәдени сұхбат адамзаттың бастапқы болмысымен байланысқан идея, іс-әрекет, құбылыс, жағдай, қалып ретінде көрінеді. Бұл айтылған қағидалар, мәдени сұхбат пен өркениеттік ауысуларға ашық, Қазақстан үшін өте маңызды болып келеді және еліміздегі философия ғылымының өзекті мәселесіне жатады. Қазақстанның қазіргі замандағы мәдени хал-аһуалы білім беруде, ғылымда, және басқа салаларда тек ғана батысты үлгі тұтпай, өзіміздің төл түркілік мәдениет айшықтарын басқа елдерге тарата

отырып, сол елдердің алдыңғы қатарлы мәдени мұралары мен өздерінің ұлттық мәдениетін үйлестіре білсе орынды болар еді. Елбасы «Тарихтың жәдігерлері туралы, оларға деген көзқарас туралы айтқанда, менің көкейімде тұрған нәрсе - ұлттық рух деп аталады.....»-дейді[4]. Осы ұлттық рухтың биік болуын мақсат қойып отырған еліміз үшін тарихи жәдігерлерді жандандыру, ұлттық құндылықтар аясын кеңейту өзекті болып табылады. Тәуелсіздік үшін жанын берген Бабырдың жанталасы, бүгінгі біздер үшін үлгі бізде «Ата-бабалар аманат еткен ұлан ғайыр даланы аман сақтау, ең алдымен, жас буынға артылатын аманат»[5].

Тарихи жәдігерді зерттеп, мәдени-рухани жаңғыруға ат салысып талпыныс жасауым қарлығаштық борышым. Ең басты міндет бабамыз Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегін түркі халықтарының әлемдік мәдениетпен ұштасқан рухани өзегі екенін анықтау [6].

БАБЫРДЫҢ ӨСКЕН ОРТАСЫ

Бабырдың туған жылын өзінің жазып қалдырған еңбегі «Бабырнамаға» сүйене отырып топшылауымызға болады. Ол: Хижа жылы «899 жылы он екі жасқа қараған шағымда Ферғана аймағының билеушісі болдым» - дейді[6,20б.]. Осыған қарап, 1483 жылы Заһир ад-дин Мұхамед Бабыр кезіндегі түркілердің жері болған Ферғана аймағында текті әулеттің отбасында дүниеге келгенін көреміз. Заһир ад-дин Мұхамед Бабыр Ферғана уәлаятының билеушісі Әмір Темірдің шөбересі Омар Шейхтың үлкен ұлы. Заһир ад-дин Мұхамед Бабыр тарих қойнауындағы атақты Әмір Темірдің бесінші ұрпағы болып табылады. Заһир ад-дин Мұхамед Бабырдың анасы Құтлық Нигар ханым, Бабырдың өзінің мәлімдеуінше «Жүніс ханның екінші қызы». Жүніс хан ол кім? Жүніс хан Шыңғыс ханның Шағатайдан тараған ұрпағы. Бұл туралы Қажабеков Байұзақ Рахымұлының аудармасымен қазақ тіліне тәржімаланған нұсқада: «Бабыр жазбасында анасы Құтылық Нигар ханым туралы былай дейді: Жүніс хан Уәйіс ханның ұлы, Уәйіс Шерәлі Оғланның, ол Мұхаммед ханның, ол Дува ханның, ол Барақ ханның, ол Ес Туваның, ол Мутугеннің, ол Шағатай ханның, ол Шыңғыс ханның ұлы» деген жолдар кездеседі[6,7б.]. Бабыр шешесі жағынан «Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторы Мұхамед Хайдар Дулатимен туыстас, оның туған бөлесі болып келеді. Мұхамед Хайдар Дулати (1500-1551) өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Бабыр мырза жайлы мағлұматтар береді. Екеуінің арасында ажырамас аға-інілі сыйластық болған. Түркілерде өмірге келген сәбиге есім беруде көп көңіл бөледі, қойылған есім баланың болашақта тағдырына әсер етеді деген сенім болған. Сондықтан да түркілердің дүниетанымы бойынша дүниеге келген жас сәбиге кез келген есімді бере салмаған. Бабырдың есімін сүйікті әжесі Дулат бике ханым берген, *Бабыр* моғолша барыс ұғымын білдіреді екен, әжесі есімді баланың атына сай болуын көздеген болуы керек, *Барыс* епті, шапшаң, айбарлы, мықты аң емеспе? Ал Заһир араб есімі «діні берік» деген мағынаға білдіреді. «Бабырнама» еңбегінен Бабырдың ислам дінінің таза болуын, басқа ұлыстардың да ислам дінін қабылдануына қажырлы еңбек сіңірген, дінге берік, мүмін екенін байқаймыз. Бабырдың бақытты балалық шағы бос ойынмен өтпеген. Омар шайқы дүниеге келген тұңғыш баласы Бабырға

мықты тәрбие беруге тырысады.Әкесі Омар шайқы баласының бойына айбынды жауынгерлік қасиетті егудібірінші орынға қойған. Сол мақсатпен соғыс өнеріне шындалғанбатыр қолбасыларын іріктеп, тәрбиеші ұстаздарынөзі бекіткен.Атақты ақын шайырларды сарайға алдыртып ғазалдарды, рубайларды тыңдатқан, Бабыр үшін жанына жақын табылатын оқу түрі шығыс поэмаларын жатқа айту, оларға талдаужасай алуды қатты ұнатқан. Сонымен қатар,арнайы атақты деген теологтардан діни сабақтар алған, ислам дінінің шарифатын, хадистерін жақсы меңгеруге тырысқан. «Ұшқан ұядан не көрсең соны ілесің» - демекші, Бабыр бойына әкесі Омар шейхтың тек жақсы қасиеттерін жинаған. Тарихи өмірбаяндық әдістемені қолдана отырып, Захир ад-дин Бабыр «Бабырнама» еңбегінде өз әкесінің адалдық бейнесін әділ суреттеп береді. Ол әкесі туралы: сауатты болатын «Хамсаны», «Мәснәуи», «Шаһнаме» оқитын, әділет жолын берік тұтқан адам еді өзгенің жерін жаулап алуға келгенде ол ешнәрседен шімірікпейтін, бейбітшілікті - соғысқа, достықты-қастыққа айырбастап шыға келетін»-деп әкесінің болмысын нақты суреттейді[6,276.].Омар шейхы әкесі бола тұрса да жасырмай оның жаман қылығына сын тағады, сонымен қатар әкесінің оқу мен білімге, өнер ішіндегі өлеңге де жақын екендігін мақтанышпен жазады. Захир ад-дин Бабыр әкесінің өмірін өзіне үлгі етіп алады. Ол: «Бірде қытайдан шыққан мың адамы бар керуен Әндіжанның шығыс жағындағы таудың етегінде көшкіннің астында қалыпты. Апаттан екі-ақ адам құтылыпты. Омар шейх мырза бұдан хабар алған соң, өз адамдарын жіберіп, керуеннің барлық дүниесін қазынаға алыпты. Бүлінгеннен бүлдіргі алма деген, бұл заттарды ши шығармай сақтады. Бір-екі жыл өткеннен кейін, Самарқан мен Хорасаннан мұрагерлерін шақыртып, дүние мүлкін қолдарына табыс етті. Ол қолы ашық, жомарт адам еді. Мінезі де соған сай келетін, жайдары, сөзшең, тілі майда, батыл кісі бола-тын», деп әкесінің осындай мінез-кұл-ықтарын ашып көрсетеді. Ұяда рухани-құндылығы жоғары жырларды естіп, әділеттілікті көріп, жаман мен жақсыны айырып өскен бала бойына тек жақсы қасиетті алатыны хақ. Абайдың тәлім-тәрбиесіне әжесіЗере ықпал еткен, сол секілді Бабырдың тәрбиесіне көп көңіл бөлгеннағашыәжесі Исан Дулат бикенің де өзіндік орны бар. Ол өзіне «Бабыр» деп есім берген нағашы әжесі туралы «Әйелдердің арасынан Исан Дулат бике әжем сияқты ақылды да парасатты адам сирек ұшы-расады. Бабыр«Бабырнамада» ел басқарудың жөн-

жосығы әжемнің ақылымен шешімін тауып жататын»-дей келе, аса құрметпен ыстық ықыласын білдіреді[6,147 б.].Бабырдың жеке басының қылықтары да өзгеше. «Мен ылғида жайшылықтың өзінде киімшең, бас киімімді шешпей ұйықтай-тынмын», бұл соғыс аренасында жүрген жауынгер үшін күнделікті нәрсе ме дейсің, кез-келген уақытта жауға дайын жату, шапшаңдық пен тездікті қажет етеді. Тағы бір қызық жерлерді кездестірдім, ол өзі туралы: «Дихкентте болған кезімде осы қыстақ айналасындағы тау қыраттарын жаяу араладым, мен көбінесе жалаң аяқ жүр-гендіктен табаным көн болып тасың да, тікенің де сөз болмады. Қар жауған өте суық қыстың кезі еді, ол бірде: жуыну керек болды да арықтағы суға бардым, оның төңірегінде мұз қатып, орта тұсы қатпапты. Сол арықтың суынан дәрет алып, суға он алтырет сүңгіп шықтым. Суық су маған қатты әсер етті»[6,45б.]. Бұл кезде қар жауған өте суық қыстың кезі еді, кез келген адам қыс айында суға сүңги қоймасы анық. Шындығында, айбынды, шыныққан, ыстыққа шыдап, суыққа төтеп беретін нағыз қайратты қолбасшы осындай болу керек шығар. «Бабырнама» еңбе-гінен патшаның істеген істері жалпы болмысы жай адамның күнделікті өмірінен басқаша екенін байқаймыз. Дүниеге келген Бабырдың өскен ортасымен қоса ұстаздары, сонымен қатар тәрбиешілері де тұлға ретінде жетіліп, өзіндік көзқарасын дүниетанымынқалыптастыруға үлес қосқан. Ол өз еңбегі «Бабырнамада» туған әкесі туралы мәліметтер бере отырып, әкесінің әміршісі болып табылатын, солардың ішінде өзінің тікелей ұстаздары мен бірқатар тәрбиешілеріне де тоқталып өтеді. Бабырды түрлі соғыс өнеріне жаттықтырушы Омар Шейх мырзаның әмірлерінің таңдаулысы Шейх Мазид бек болса оның рухани ұстазы, пірі қожа Ағрар Вали. Омар Шейх мырзаның әмірлерінің ішінде: Шейх Мазид бек, Құдайберді Теміртас, Хафиз Мұхамед бек Дұлдай, қожа Құсайын бек, қаушын тайпасынан Қасым бек, Баба Күли, сағарыш тайпа-сынан Әли Дұст Тағай, тұғшы тайпасынан Уәйіс Лағари, Әли Дұст Тағайдың кенже інісі Мір Ғияс, хорасандық Әли Дәруіш, моғол руынан Қамбар Әли. Бабыр әкесінің әміршілерінің жағымды-жағ-ымсыз мінездерін аша отырып сипаттама береді. Адам баласынның қаншалықты қатігез, қанішер екенін байқай отырып, оны жақсы қырынан табу қай адам баласы болмасын қиынға соғары сөзсіз, ал Бабыр сол жаман адамның болмысынан жақсы қасиеттерін де көрсетуге тырысады. «Осы әмірлерінің ішінде жақсы қылығы мен өнері өрен бек Шейх

Мазид бекті менің бірінші тәрбиешім етіп тағайындады, ол басқару ісіне мығым, тәртіп жағы жақсы қолға алынған, Омар шейхтың одан асқан бегі жоқ деп жазады. Бабыр-дың екінші бір тәрбиешісі: Баба Күли, Шейх Мазид бек дүние салған соң, Бабырға ұстаздық еткен. Ол туралы Бабыр: «жасағы да, қару жарағы да сай, нөкерлерін бабында ұстайтын» дейді. Осы жолдарға қарап отырып, осындай әскери ұстаздардан ілім алып жаттықан Бабыр жауынгер ретінде соғыс тактикасын жетік меңгеріп, әскери өнерге мықты дайындалғанын аңғарамыз. Бабырдың өмірі тұтқиылдан соғыс бола кететін сұрапылға толыжаугершілікті заман болатын. Өзінің еңбегі «Бабырнамада» бірнеше жерде ұрыс жерлерінен үзінділер келтірген.

Бабырдың ғылымға әуестенуі танып білуге құштарлығы оның ең басты ерекшелігі еді. Ғұлама өзінің ұстаздары жайлы ауыз толтырып айтарлықтай кең көлемді ауқымды мәліметтер қалдырмаған. Бірақ, жоғарыда айтылған еңбегінің бірлі-жарым жерінде Қожа Ағрар Вали туралы «ұстазым» деп асыра мадақтап, дәріптеген тұстарын кездестіреміз. Сонымен, тікелей тәлім алған тұлғалық кемелденуіне түрткі болған рухани ұстаздарының бірі сопы Қожа Ағрар Вали. Қожа Ағрар Вали өте діндар, сол кездегі беделді адамдардың қатарында еді. Ташкент қаласының батысында Бахорни атты қыстақта дүниеге келген. Тақуа, діни ілімді терең меңгерген ақиқаттардың мәнін терең ұғынған даңқ пен құрметке бөленген көрнекті ғұлама. Пайғамбарымыздың с.ғ.с. ғаклияларын сонымен бірге хадистерді жаттауда мұқияттылық пен зеректік танытқан. Ғұлама Қожа Ағрар Вали туралы қазақстанда ешбір деректер кездестіре алмадым, тек өзбекстандық ғалым, фил.ғ.д., профессор С.Хасановтың «*Бобур иждовети*» еңбегінде: «Қожа Ахрар Вали (1404-1490) аралығында өмір сүрген. Әкесінің есімі Қожа Махмуд, анасы Шайх Умар Боғистоний әулетінен шыққан екен. Қожа Ағрар Ташкент облысының Боғистон аулында дүниеге келген. Алғашында Ташкентте оқып, кейін Самарқанд қаласында ілімін жалғастырған. Сол замандағы атақты шайқылар Шайх Зайнитдин Хавофий, Мавлоно Яқуб Чархийдан білім алған. Сұлтан Ахмет Мирза билік еткен кезде Қожа Ахрар халық арасында үлкен мәртебеге ие болған, бұның негізгі себебі, ол қазилық қызметте болған кезінде халық тыныштық пен тату-тәтті өмір сүрген еді, елде туындаған мәселелерді, аса көрегенділік танытып, әділ жолмен шешімін тауып беріп отырған. Қожа Ахрар Вали Бабырдың өмірінде пір есебінде

өшпес із қалдырған. Осы ұстазының арқасында Бабыр ислам діні мен мемлекетті билеу ісі негіздерін жақсы меңгерген. Өз негізінде Қожа Ахрар Валидың «Рисолаи Волидия» шығармасын парсы тілінен түрік тіліне аударып, Үндістанда жазылған «Девани Бабыр» атты рубайлар топтамасы еңбегіне қосып Махдуми Ағзамға сыйға тартқан» [7,221б.]. «Бабырнама» еңбегінде шәкірттің ұстазға деген құрметі мен ілтипатын байқаймыз. Осындай мықты ұстаздардан жан-жақты тәлім-тәрбие алып өсіп келе жатқан Бабырдың 12 жасқа толған шағында өмірінде күтпеген оқиға болады. Ахсикент қорғанында жар қабаққа салынған кептерханадан әкесі Омар Шейх мырза жардан құлап, қаза болады. Әкесінің бектері шұғыл түрде Әндіжандағы Бабырды алдырып, әкесінің орнына таққа отырғызады. Осы жерде Әмір Темірдің ұрпақтарының арасында таққа талас туындайды. Бір жағынан тұтқиылдан келіп маза бермеген Шайбани хан екеуінің арасында үздіксіз соғыстар басталады. Артынан иелігінен айырылған Бабыр үміт оты өшпей «дала жолбарысы» аталған Шайбанидан Самарқанды қайтарып алғысы келіп екі рет шабуылға шығады, онысы сәтсіз аяқталады. Одан кейін де Шайбани ханмен бірнеше рет шайқасады, нәтиже шығара алмай, әбден шаршап -шалдыққан Бабыр Бадахшан мен Кабул аймағының ерекше сұлу екендігін естіп сол жаққа үш жүз адаммен бет алады. Бұл кезде Бабыр небары 23 жаста еді. Бабырдың туған қызы Гүлбадан бегім «Құмайын-наме» атты еңбегін ағасы Құмайынға арнап жазып қалдырған ол сол еңбегінде былай деп суреттейді: «Мауеренахрда оның Шағатай сұлтанмен он бір жыл жүргізілген сәтсіз ұрыстары мен шайқастарын суреттеп жеткізу мүмкін емес. Сол кезде әкемөзіне сенімді деген жақын адамдарымен жаяу жалпылап, ұзын саны екі жүздей топты бастап, шапандарын иықт-арына асып алып, қолдарына бір-бір таяқтан басқа қаруы да жоқ, әйтеуір бір Аллаға сыйынып, жаяу-жалпылаған күйі Бадахшан асып Кабулге жол тартты»-дейді [8,24б.]. 1504 жылы мырза Бабыр Кабулды бағындырып алады, онда ол небары 25 жаста еді. Ауған-ыстанда ол сұлтандығын бекітіп, өзін жетілдіре отырып шығарма-шылықпен айналысады. 1519 жылы жаңа армия құрып, Үндістанға бет алады. Бабыр өмірінің аяғына дейін туған жері Орта Азияны қимастықпен еске алып отырған, қайтып бару ойы бір ретте жады-нан шықпаған екен. Өз Отанына оралу ойы Бабыр үшін орын-далмаған арман болып қалады. 1519 бен 1525 жыл аралығында Бабыр Үндістанға бес мәрте әскери жорық

жасайды. 1526 жылы 21-сәуірде Панипат түбегінде Ибрагим Лор патшадан Үндістанның солтүстік аймағындағы Агра мен Дели қаласын тартып алады. «Бабырнама» еңбегінде: «Бейсенбіде Панипатқа жеттік. ...Қорқа-тын, қаймығатын қатер болмаса да кейбір жауынгерлер сескеніп, үрейленді, оның үстіне Алланың жазуына кім ара тұра алады. Олар жанын шүберекке түйді, елінен аттанғалы екі-үш айдың жүзі болды. Біз олардың тілін түсінбейміз, олар біздің тілді түсінбейді. Жаудың әскері бір лак екен. Сұлтан Ибрахим мен оның әкімдерінің мыңға тарта пілі бар көрінеді. Үндістанда мынадай әдет бар: осын-дай іске душар болғанда әкімдер белгілі бір мерзімге нөкерлер жинайды. Мұндай жалдамалылар «Бахинди» деп аталады. Егер Сұлтан Ибрахим әскерін күшейткісі келсе, мұндай бір-екі лак әскер жалдайтын жайы бар екен. Жаратқан ием жар болды, Сұлтан Ибра-хим қазынасын ортайтқысы келмеді. ...Күн сырық бойы көтеріліп ұрысқа атой салынып, ұран шақырылып жатты. Түске таяу жау жеңіліс тауып, еңсесі түсті, біздің достар болса қуанып, асыр салды...» - деп суреттеп жазады [6,306б.]. Бабыр солтүстік Үнді жерін мықты қолбасшылығы мен қайтпас қайсарлығының арқа-сында алады. Рим әскерінің үлгісін сонымен қатар Шыңғысханның әскери тактикасын, өзбектердің «тұлғама» соғыс өнерін қолданғанын «Бабырнама» еңбегінен жақсы білеміз. Ол өзге елдің жерін жаулап алғанменде сол Үнді жұртшылығының әдет-ғұрып, салт-дәстүріне тиместен, сол елді көркейтуге, ғылым мен білім саласын жетілдіруге өте көп күш жұмсаған патша. Агра мен Дели қалаларын жасыл желекке орап, Кабул мен Ғазнаға әдемі фонтан-тоғандар орнатады. Бабыр экономиканың қарқынды дамуына ықпал жасаған. Хандағардағы үлкен сауда орталығын кеңейткен. Сонаубасы Қытайдан басталып, Орта Азияны басып өтіп, Үнді мен Парсы, Римге барып тірелетін сауда-саттық үшін өтетін «Керуен сарай» жолын тұтқиылдан шабатынұры-қарылардан қауіпсіздігін сақтап отырған. Бабыр қоғам дамуының басты көзі ғылымда екенін жете түсінген, ғылымның жанашыры болады. Патша сарайға мықты ғалымдарды алдырып, ғылыми ашқан жаңалықтарына демеушілік танытып отырған. Солардың қатарында: Абу Бәкір, Мәулена шихаб Муаммой, Шейх Зайн, Абдулхамид Фариғи, М.Х.Дулати, Ә.Науаи, Беннаи бар. Бабыр солтүстік Үндістанда небары төрт жыл тақта отырады. Ол 47 жасында 1530 жылы 26 желтоқсанда дүниеден өтеді. Басында Агра қаласындағы Нурафшан


бағына жерленген. Біраз уақыттан соң өзінің аманат хаты бойынша Нурафшаннан алынып Кабулдегі «Баги Бабури» атты өзі салдырған баққа қайтадан жерленеді. Махаббаты туған жері Ферғанада қалған секілді, оны сағынышпен еске алып отырады.

Бабырдың алғашқы жары Сұлтан Ахмет мырзаның үшінші қызы Айша Сұлтан бике. Ол қызды бес жасында Бабырмен аттастырған, кейін екеуі қосылып, біраз жыл бас қосып тұрады, олардың некелерінен дүниеге келген нәресте шақалақ кезінде дүниеден өтеді. Соңынан Бабыр мен Айша ажырасып кетеді, Бабыр ажырасуына Айшаның апасын кінәлайтын сыңайлы. Бабырдың келесі әйелі Масума Сұлтан. Сұлтан Ахмет мырзаның кенже қызы Масума Сұлтан бикені ол өзі ұнатып, Кабулға алып келіп соған үйленген, ол некесі де ұзаққа бармайды, аяғы ауыр болған Масума туып жатып сәбиді дүниеге әкелген бойда көз жұмады. Жақындары артында қалған қызға өмірінің жалғасы деп шешесінің есімін беріпті. Кейін Бабыр екі әйел алған, олардан әулеті тарап өсіп-өнеді. Бабырдың артынан төрт ұлы, төрт қызы қалады. Ұлдары: Мұхаммед Құмайын, Камран Мырза, Мырза Асқари, Мырза Хиндал қыздары: Масума, Гульранг бегім, Гулчехра бегім, Гүлбадан бегім. Ұрпақтарының арасынан ерекшесі Құмайын болса, қыздарының ішінде Гүлбадан бегім талапты, шығармашылыққа жақындығымен көзге түседі. Бабырдың тұңғышы Құмайын жайлы жақсы көзқарасын білдірген тарихшы ғалым М.Х. Дулати «Тари-хи Рашиди» шығармасында: «Ауыр шайқастарда батырлығымен һәм таудай берік табандылығымен көзге түсетін, той-думанда дүр шашқан теңіздей еді. Ал оның таза көңілі, жомарт алақаны игі істердің асыл кеніндей, жомарт қолы береке-құт бұлтының көзіндей еді. Сірә, Әнвариді мына бәйітті соған арнап шығарғандай еді:

Онда қол да, жүрек те патшалық деп есепте! - дейді [9, 1376.].

Бабырға туған жердің топырағы бұйырмады, жүрек арманы туған жерін көріп, жусан иісін иіскеу еді [10]. Халықтық ұғымда туған жерден қасиетті, одан киелі еш нәрсе жоқ. Қатерлі сапарға аттанарда немесе ел басына күн туып, уақытша қоныс аударған кезде кіндік кесіп, қаны тамған жердің бір уыс топырағын ата-бабамыз әрқашан өзімен бірге ала жүрген. Бір кісі шет елде қайтыс болса, уақытша жат топыраққа тапсырғанмен, кейінірек сүйегін туған жеріне әкеліп, арулап көметін болған. Өлшеулі ғұмырында қыруар іс тындырып үлгерген Бабыр мемлекеттегі салықтық-әкімшілік аппарат пен мемлекет басқарудың орталық жүйесін

құруға үлгере алмайды. Бұл міндеттерді кейіннен оның балалары іске асырады. Соның ішінде Үнді жерінің солтүстігіндегі ең ірі бөлік өзінің үлкен ұлы Құмайынға, ал Пенджаб, Кабул және Кандагар аймақтары басқа мұрагерлеріне тиеді. Бабырдың артынан таққа Құмайын отырады одан кейін Бабырдың немересі - атақты Акбар, Бабырдың шөбересі Жаһангер, соңында оның ұлы Шах Шаханмен «Ұлы моғол» империясы өмір сүруін тоқтатады. XIX ғасырда Бабуридтар династиясы тарих саханасынан кетеді. Сонымен Бабуридтар ұрпағы Үндістанда 300 жыл билік құрған екен. Бірақ тарихта өздері өліп, «Моғол империясы» биліктен кетсе де олардың әлемдік мәдениет пен өркениетке қосқан өлшеусіз үлесі мәңгілікке қала бермек.



БАБЫРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Атақты ел билеушілер өздері істеген істері мен басынан өткізген оқиғаларын ғұламаларға жаздыртып отырған. Патшалар мен хандар-дың арасында ғылыммен айналысып, басқа біреуге емес өзі көріп жасаған істері мен сол кездің тарихын баяндап қалам тартқандар кемде-кем. Бабыр бөтен жерге, басқа елге дүйім мемлекет құрған патша.Бабырдың ең басты ерекшелігі басқа елбасшылары секілді хұснихатшыларға тапсырыс беріп жаздыртпай мемуарды өз қолы-мен жазуында.Бабыр «түйсігі бар адам жұрт мақтайтын іс атқаруы тиіс, артында жақсы іс қалдырған адамды екінші ғұмыр кешкен жандар деп айтады екен»,- деген жолдардан байқағанымыз бұл нақылды өзіне өмірлік ұстаным етіп алғандай [6,217б.].Ат жал-ынында аласапыран майдан ішінде, жүріп, мемуарын тоқтатпаған шебер қаламгер, әрдайым ізденіс үстінде болып,ғылымға көп көңіл бөлген.

Заһир ад-дин Бабырдың әр ғылым саласына қатысты бірнеше шығармаларды дүниеге әкелген. Оның негізгі еңбектері: «Рисола-и харбия», «Мубайин», «Арзу трактаты», «Муфассалы», «Рисолаи мусика», «Хатта Бабури», «Бабырнама» жәдігері сонымен бірге өзі пір тұтқан ұстазы, мықты қазі болған Қожа Ағрап Валидың парсы тілінде жазылған «Волидия» атты еңбегінтүркі тіліне аударған. «Рисола-и харбия» атты еңбегі толығымен әскери іске арналады[10]. Кабул, Үндістан жерлерін басып алуы мен осы соғыста стратег қолбасшы болуы әскери істі жете меңгеруінде. Мықты әскери қолбасшы,Бабыр майдан даласынан жиналған тәжірбиелері мен әдіс тәсілдерімен бөліседі. Мықты қолбасшы әскери өнердің парқын біледі[11].

Бабырдың экономика саласына қатысты ғылыми зерттеулері де бар. Негізінен «экономикалықғылым саласы өзінің фундаментін ежелгі Грекиядан алады.Ең алғаш экономика термині грек ғұламалары Ксенофонт және Аристотельдің еңбектерінде кездескен»[12,342б.]. Шығыс еліндегі «экономика» саласы дін мен өзара тығыз байланыста. Шығыс ғалымдарының ішіндеэкономика саласын зерттеуші әр Рази, әл Ғазали, ибн Халдун осындай ғалымдардың қатарына Захир ад-дин Мұхаммед Бабырды да қосуымызға болады. Шарифат нормалары Құран мен сүннетті

басшылыққа ала отырып, исламдық экономика теориясына үлесқосатын қомақты еңбегін қалдырған. Бабырдың экономикаға қатысты дүниетанымдық баста-маларына мұсылмандық ортағасыр ойшылдарының шығармашы-лығы шешуші әсер етті. Ислам экономикасы халық тіршілігі үшін, қоғамның аяққа тұруы мен жан-жақты өркендеуі үшін маңызы ерекше. Кез-келген халықтың экономикасы қуатты болса оның өркендеуі үшін осы тұсы маңызды мәселе болып табылады. Құранда келтірілгендей мұсылман қоғамы алдымен экономикалық өмірге назар аударған. Құранда әлеуметтік-экономикалық проблеманы қозғайтын негізгі бөлімдер көрсетілген [13].Шексіз байлықты кінә-ләу (102,104) сүре. Сауданы қолдау (17,83); Жекеменшік қатынасы; Жеке мүлікке қол сұғуды жазалау.Мұрагерлік құқығы(4); Ерлі-зайыптылар арасындағы мүлік; пайыз бен садақа; көмек проценты; Қарыздар; Жинақталғанды жою.Жеке мүлікке қатысты басты ереже: «жердегі мен аспандағының барлығы Алланыкі». Исламның пайда болған алғашқы онжылдықтар кезінде мұсылман теологтары мен уағыздаушылары әртүрлі экономикалық мәселелермен кездесіп отырды. Әр мұсылман өз тұрмысын жақсарту үшін ең алдымен басты қағида Аллаһ тағаланың берген нығыметтерін орынды пайдаланып, адал жолмен ризық табуы қажет деген принципті бірінші орынға қойған. Ислам қаржы жүйесі әмбебап нақтылы ережелерге және шарифатқа тікелей негізделген. Ислам - қоғам игілігін қорғау үшін жеке адамдардың алдына міндеттер мен әділетсіздіктен аттауға болмайтын бірнеше талаптардықойды. Адамдарға пайда табуда зиян келтіретін іс-әрекеттердің барлығына тиым салды. Адам баласының адал жолмен напақа табуды бұйырғаны сияқты. Оның тек адал жолға ғана жұмсалуын талап етеді. Ислам діні әрқашан адам құндылығын жоғары қояды. Осы жерде өз кезінде ислам дінінің маңызы мен міндеттерін сонымен бірге ислам экономикасын мемлекет қолас-тында жоғары дәрежеде реттелуін жүзеге асырып отырған Бабыр«**Мубайин**» еңбегін жазып қалдырған. Бабыр еңбекті үлкен ұлы Құмайынға арнап жазғаны жайлы «Бабырнама» еңбегінде айтады.Бабыр бұл шығармасында ислам дінінің ұстанымдарын, иман негіз-дері мен шарттарын өлең сөзбен жеткізген. 18 томнан тұратын«**Мубайин**» жәдігерін шығыстанушы жас ғалым Төрәлі Қыдыр қазақшаға аударып баспаға даярлаған. Көне жәдігер «Шарифат түсініктері» деп алынған екен. Жәдігердің көлемі 2258 Бәйіт, яғни 4512 жолдан

тұрады. Шығарма зерттеуді қажет етеді, ТөрәліҚыдыр 1522 жылы жазылып біткен десе, өзбек ғалымы С.Азимджанова 1521 жылы аяқтаған дейді. Бабыр қай салаға, қай ғылым түріне болмасын тыңғылықты дайындықпен, мол ізденіспен, үлкен жауапкершілікпен келген. «Мубайин» деп аталатын поэтикалық шығарма қомақты экономикалық ғылыми жұмыс болып табылды. С.Азимджанова бұл еңбектің экономикаға қатысты тұстарын зерттеген. Бабырдың эко-номикалық кеңістігіне келсек, елді бір орталыққа бағындырып, мемлекетке біртұтас салық жүйесін енгізген. «Егін шаруашылығына салынатын салық «*Өшр*» 1/10, Жерге салынатын салығы «*харадж*» деп аталады. Алынатын өнімге 1/10 ғана салынады харадж екі категорияға бөлінеді: харадж мисах, харадж мукасим, жылына жерді екі рет қолданса екі рет салынған. Мал салығы «*савоим*» деп аталынады, 1/10 200 қой болса, екі қой т.с.с.»[14,9б.].Салық салу барысында мұсылман еместермен бөлек өте көп мөлшерде салық алынған да мұсылман бауырларға салынатын алым-салық төмен бағада бекітілген екен. Бұл жерде де өзге дін өкілдерін бір ислам дінінекіргізу саясатының астары бар екенін ұмытпауымыз керек.

Бабырдың өз заманындағы мықты саясаткер, әскери қолбасшы ғана емес ол белгілі ақын да. Мұхтар Әуезов ақындық тұғыры биік тұрған Ә.Науаиді емес, ғұмыр бойы өзін ұлы шайырдың шәкірті санап кеткен, Науайдан қырық екі жас кіші Бабырды жанына жақын тартады. Заһир ад-дин Бабырдың ғазалдарының бүгінгі күнге жеткені жүзге жуық. Қолжазба көшірмелері Стамбул мен Париж кітапханаларында сақтаулы тұр. Өлең жазу теориясына қатысты «**Муфассалы**» атты еңбегі бүгінге күнге жетіп отыр. Бабырдың ақындығын зерттегендер И. Стебелова, Н. Келімбетов, М.Әуезов, С.Хасанов сынды ғалымдарымызды айтуға болады.

Музыка жайында жазған «**Рисола-и мусика**»атты еңбегі бар, бұл еңбегі туралы еш дереккөз кездестірмедім. Бабырдың бұл еңбекті жазуына қарай, музыка ғылымын зерттеген ғалымдардың еңбегімен таныс болған деп айтуымызға болады.Музыканы зерттеушілеркөне Египет, ежелгі Греция, Орта Азия елдерінде байырғы заманда пайда болған.Парсыларда «мусыка» аталған кейіннен грек-терге ауысып «муза» сөздерінен алынған деген де пікірлер бар.«Жер бетінде бірде-бір музыкасыз халық жоқ шығар. Ұлттың рухы музыкада көрінеді. Ежелгі қытай ойшылы Конфуций «Егер бір елді басқарудың жай жапсарын білгің келсе, сол елдің

тәртіп тағылымын танымақ болсаң, онда музыкасына құлақ түр», - деген ғой. Музы-каның әсерін сөзбен айтып жеткізе алмайсың, ал сөзбен жеткізе алмайтын назды музыкамен жеткізуге болады. Платон: «Применение отдельно взятой игры на флейте и на кифаре заключает в себе в высокой степени безвкусное и достойное лишь фокусника»- деген. Осы музыка саласында грек ғұламасы Аристотель бірінші болып музыка теориясын зерттеп, «Музыка проблемалары» атты еңбек жазған. Музыкаға қатысты орта ғасырда түркі тілдес халықтардың ішінен әл-Фарабидің (870-950) «Музыканың ұлы кітабы», Әбу Әли Ибн Сина (980-1037) «Айығу», Абдуқадыр Ибн Ғайби Мирагидің ХІҮғ. «Кітап ашиифа» деген ғылыми еңбектері бар, солардың қатарына «Рисола-и мусика» еңбегін қосып қарастырсақ болады. Түркі халықтарының музыкалық мәдениетке қатысты қомақты еңбектері Ресей, Лондон мұражайларында сақтаулы тұр. Әл-Фарабидің еңбегінде: «Әуелі музыка өнері деп нені меңзейтінін қысқаша айта кету керек. «Музыка» сөзі әуенді білдіреді. Музыка арқылы біз өзімізді үлгілі өнегеге бейімдеп өркендете аламыз, яғни шынайы сүйеміз немесе жиренеміз. Музыканың шын мәнінде біздің жан дүниемізді толқытып, көңілімізді көтеруге құдіреті әбден жетеді»[21,59б.]. «Еуропа сазы бізге әлі келмей тұрғанда елімізде екі түрлі саз бар еді. Олардың бірі - Фараби Византиядан алған Шығыс сазы, екіншісі ежелгі түрік сазының жалғасы болып табылатын халық әуендері» деп Зия Көкалып музыка жайында өз ойын өрбітеді[22,99б.]. Әуен мен саз тұрғысында «Бабырнама» жәдігерінде: «Канунда Қожа Абдолла Мармарид сияқты шебер ойнайтын өнерпаз жоқты еді. Құл Мұхаммед Үдеші деген болды. Ол да ғижаққа үш ішек жүргізіп жақсы ойнайды. Музыканттар мен орындаушылардың ішінен одан жақсы әуенді көп жазған адам болған емес»[6,213б.], -деп мәлімет береді. Бабырдың музыкантқа таққан сыны музыка тұрғысында өресінің мықты екенін аңғаруға болады. Өзі Ә.Науаи туралы өлең шығарудан басқа әуен шығаратыны жайлы да мағлұмат береді. Ортағасыр Қазақстан тарихын зерттеушілер билеуші хандар арасындағы алауыздық, халықтың бытыраңқылығын жан-жақты суреттеген. Тарихта әмір Темірдің жаулаған жерлерінде озбырлық, ылаңдық істері де бүкпей көрсетілген. Әмір Темірдің оның үрім-бұтақтарының барлығы тарихи жазба ескерткіш рухани мұралар жазып қалтырған. Әмір Темірдің «Тузук и Темури», Низам ад-дин Шами-дің «Зафарнама»,

Ұлықбектің «тарих-и арба улус», тарихшы Хонде-мирдің еңбегі солардың қатарында Бабырдың «Бабырнамасы». Темірлік шығармалар тарихи хроникалық, естелік жазбалар, өмір-баяндар, күнделіктер болып табылады. Бірақ, Темір ұрпақтары ортағасырлық мұсылман деректеріне қарағанда толықтай көрніс береді. Қазақ халқы жайлы және қазақтарға қатысты мәліметтер көптеп кездеседі. Бабырдың көптеген еңбектерінің ішіндегі ең құндысы - «Бабырнама» атты тарихи-энциклопедиялық шығарма болып табылады. Автор «Бабырнама» еңбегін жазып отырып: «Есте-лікті жазуда алға қойған мақсатым-ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу», - деп көрген-білгенін, тындырған тірлігін, келешек буынға шындықпен жеткізуді дұрыс санаған екен. ХҮ-ХҮІІІ ғғ. аралығындағы өмір сүрген тарихшылар, ақын-жыр-аулардың қалдырған еңбектерібіздер үшін өте құнды. Қазақтың тарих философиясында олардың алатын орны ерекше. Ғұлама-лардың шығармашылығындағы дүниетанымдық ойлар, нақыл-өсиеттерінің философиялық мәндері бүгінгі таңда маңызын жойған жоқ. Біздің біріншіден, міндет тасада қалып қалған ғұламалардың шығармашылығын ден қойып зерттеу, оны халыққа жеткізу. Екін-шіден, Бабыр шығармашылығы кейінгі қазақ әдебиетіне өзінің үлкен ықпалын тигізді. Бұл жөнінде белгілі әдебиеттанушы Мекемтас Мырзахметов Бабыр және Абай шығармашылықтарының сабақтас-тығы мәселесін алға қоя отырып, дәлелді ойларын алға тартады. «Бабырнамадан» Абайдың қазақ тарихы үшін пайдаланған жерлері - негізінен Бабыр мен Шағатай нәсіліндегі Жүніс ханның ұлдары мен Жошы нәсіліндегі Шайбан ханға (Шайбани ханға) байланысты деректер желісі. Абай бұларды бастан аяқ баяндауды мақсат тұтпаған. Өз пікіріне дәлел ретінде ең ұрымтал жерлерін сөз арасында өз оқырмандарының ұғымына орай қысқа, нақтылы әрі жүйелі түрде қосымша дерек-мағлұматтар ретінде беріп отырған. Мысалы Абайдың «Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесімен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Жүніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтың үш жүз әскерін шығарып, үш жүз басына билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтұғыны - сол», - деп жазуындағы Жүсіп хан, Ахмет хан туралы деректері нақтылы

түрде «Бабырнамадан» алынып берілсе, үш жүздің баласы жайлы ойлары қазақ халқының ой-санасында ұрпақтан ұрпаққа ауысып, ел аузында таралған шежіре аңыздарға сүйеніп берілгені көрініп тұр. Абай айтылатын Ахмет ханның (1439-1483) не себепті Алаша хан аталып кетуі жайындағы: «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рахымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы болды деген-нің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. «Бабырнамада» солай жазылған. Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорықып қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «Алашы-Алашы» деп ұран-сүрен салыңыз деп бұйырып, бұларға айқай салғанда көп жанның айғай-ымен «алаш-алаш» деп кетіпті. Содықтан «алаш-алаш» болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмақ едің деп, «алаш ұранды қазақ танған себебі сол екен» дейтін пікірдің негізі де «Бабыр-намадағы»: «Сұлтан Ахмет хан Алаша хан деген атпен мәшһүр болған еді. Алаша ханның мағынасы қалмақ, мұғыл тілінде өлтіру-шіні «алашы» деп атудан шыққан. Қалмақты нешеме рет шауып, қалың қолын қырғаны үшін «Алашы-Алашы» дей-дей соның әсері-мен Алаша хан аталып кеткен екен» -деген деректе жатқандығы анық. Сонымен бірге, сол тұстағы оқиғаның аңыз болып, қазақ халқының арасында ұрпақтан-ұрпаққа ауысуы арқылы да жетуі мүмкін [6,135б.]. Ұлы Моғолдар мемлекетін және басқа да орта ғасырдағы саяси бірлестіктерді зерттеу нәтижелері сол замандағы бірлестіктерге қазіргі уақытта өмір сүріп тұрған этнонимдерді таратудың шекті екендігін көрсетеді. Бұл этностар көптеген жағ-дайда өздерін Шыңғыс ханның және оның ұрпақтарына қатысты бірегейлендіріп отырды және діни дәстүр ерекшеліктері де маңызды болып шықты. Захир ад-дин Бабыр еңбегін қарастыру философия-лық тың ойларға жетелейді. Жалпыадамзат тарихындағы басымдық танытатын дүниетанымдық бағдар жауынгерлік көзқарас екені белгілі. Барлық халықта жас сипаты Отанын қорғау үшін ерлікке ұмтылуда, батыр болуға итермелеу жетекші рөл атқарып келеді. Қоғамдық пікір ел үшін жанын қиған ерлерін мадақтады. Қайтпас қайсарлықты, батырлық, ел қорғау, отанға деген махаббат сезімін бойға сіңдіруде Конфуцийдің «қайырымды ер» еңбегінен кем емес. Бабыр еңбегінің еркекті нағыз арыс қылуда тәрбиелік мәні зор дегім келеді. Бабыр шығармасын тарихилық-афоризмдік және қарапайым түрде, көркемдік, таным деңгейі жоғары және өнер талғамы жарасты жағдайларға келтіріп жазған. Бұл жөнінде белгілі философ А.Х.

Қасымжанов: «Қайта туу мезгілі келді. Тереңде жатқан рухани тамырларды таппай ол мүмкін емес. Өткен тарихты іздену, оны құрметтей ой тербелісіне алу, сыннан өткізу өркениетті халықтар қатарына абыроймен кіру үшін қажет», - деп айрықша атап өтеді [23,88 б.]. Еуропа мен Үндістанда «Бабырнама» жәдігері тарихи, ғылыми еңбек ретінде мейілінше жоғары бағаланған. «Бабырнама» мәтінін Захир ад-дин Бабыр орта ғасырда шағатай тілінде жазғаны белгілі. Тіл тарихын зерттеген көрнекті ғалымдардың басым көпшілігішағатай тілін түркі жазба әдеби тілі деп біледі. Негізінде қайдан шыққанын нақтыласақ, ең алғаш «шағатай» терминін ғылы-ми айналымға енгізген француз ғалымы, шығыстанушы Паве де Куртейль. Дүниежүзіне шығыс әлемі әрдайым жұмбақ болып келеді. Күннің көзі шығыстан шығатынын былай қойсақ, египет фарондары, пирамида салынған небір ғимараттар мен ескерткіштер европалық-тарушін таңғажайып әлем болыпкөрінеді. Европада XIV-XVғғ. осы шығысқа қызығушылықтарыартып,олардың жазып қалдырған руха-ни мұраларымен, жәдігерлерін зерттеу күн тәртібіне қойылады. Шығыстың тілін меңгеру қажеттігінен оқу орталықтары салынып, Францияда шығыстану кафедралары ашылды. XIVғ. Мемлекет тара-пынан Францияда шығыстың мәдениетін, тілін, дінін зерттеу тұр-ғысында жарлық шығады. Ол тек нақты іс жүзінде XIX ғ. ғана жүзеге асады. Францияда алғаш рет 1820 жылдары шығыстану кафедрасы ашылады, оған ерен еңбек сіңірген ғалым, француз шығыстанушысы В.Саси. Паве де Куртейль осы В. Сасидің туған немересі болып келеді, ол 1871 жылы «Бабырнама» еңбегін француз тіліне аударады, артынан 1873ж. «Шағатай - түркі аудармасы» атты еңбегі жарыққа шыққан. Сонымен қатар басқа да ғалымдар В.В. Вельяминов - Зерновтың, В.В. Бартольдтың, А.К. Боровков «шағатай тілі» деген терминді «ескі өзбек тілі» деген тіркеспен алмастырады. Шағатай тілінің ескі өзбек тілі екендігіне, ал жалпы алғанда түркілік тілдер қатарына жататынына күмән болмау керек деймін. Ең алғаш Захир ад-дин Бабырдың немересі Акбар шахтың уақытында бұл еңбек парсы және хинди тіліне аударылады. «Бабырнама» шығармасын тұңғыш рет Тимур Пулат 1714 жылы Бұқара қаласынан тауып, оны кейінірек белгілі ғалым Георг Джекат Кер Санкт-Петебургте зерттей бастаған. Н.Ильминский «Бабырнама» жәдігерін 1857 жылы Қазан қаласында жарыққа шығарды. У.Эрискин мен Ж.Лайден жәдігерді

түпнұсқадан ағылшын тіліне аударған бұл еңбектерін Лондон қаласында басып шығарған. Англияның белгілі шығыстанушы ғалымы Аннет Беверидж «Бабырнама» ғылыми тұрғыдан аса құнды жәдігер екенін дәлелдеп, «Бабырнама» еңбегін ағылшынның атақты тарихшысы Э. Гибон (1737-1794 ж.ж.) мен әлемге әйгілі физик И. Ньютон (1643-1727 ж.ж.) мемуарларынан кем түспейтін, солармен терезесі тең тұрған еңбек деп бағалайды. Бұл еңбекті Ю.Клапрат пен А.Кей-зер ағылшын тілінен неміс тіліне аударып, Лейпциг қаласында жарыққа шығарады.«Бабырнама» тарихи, әдеби, тілдік тұрғыдан теңдесі жоқ ғылыми еңбек екенін ертерек аңғарған Батыс Еуропа және орыс ғалымдары оны зерттеуді, өзге тілдерге аударуды XVIII ғасырда-ақ қолға алған. Қазіргі кезде «Бабырнама» көптеген әлемдік тілдерде, солардың арасында хинди, ағылшын, араб, өзбек, татар, орыс тілдерінде жарияланған. Үнді тілінде аударған М.Хайдар, С.Шарми, Р.Трипатхи болса, Ауған тілінде А.Хабиби, А.Кохзад еді, Түркияда Р.Арат пен И.БаюрПакистаннан Р.Надви, А.Мавлийат атты ғалымдар «Бабырнама» еңбегін өз тілдеріне аударып халық игілігіне жаратты. Ал кеңестік дәуірде Бабырдың басты шығармасы орыс тіліне толық аударылып, үш рет басылып шығуына М.Салье ат салысқан, осы орыс тілінен қазақ тіліне Б.Қожабеков тәржіма жасап 1983 жылы «Ататек» баспасынан жарыққа шығарады. Өзбек тіліне «Бабырнама» 1959 жылы аударылды. Бабыр «Өзбек деген қайдан шыққан жау екенін білмедім?» не болмаса, «Өзбек секілді жауымыз» деп жиркенішпен айтады[6]. Осы өзбектер Захир ад-дин Бабырдың ата жауы саналса да кейінгі өзбектердің ұрпағы Бабырды көкке көтеріп «Бабырнама» еңбегін түбегейлі зерттеп тиісті бағасын беруде. Бірақ өзбек тіліндегі ғылыми кітаптарда Бабырды да, атасы Әмір Темірді де өзбек деуі үлкен қателік, бұған дәлел болатын тікелей Бабырдың өз еңбегі «Бабырнама» дегім келеді[6].

ЮНЕСКО-ның ұйғарымымен 1990 жылы Ташкент қаласында «Бабырнаманың» 460 жылдығы аталып өтті.Түркі халықтары өкілдері жазған туындылар ғылыми-тарихи тұрғыда XVIII-XIX ғасырлардан бері зерттеле бастады. Батыс Еуропаның Шығыс елдерін жаппай отарлауынан кейін бұл бодан елдердің өткенін зерттеу мақсатында метрополия ғылымның шығыстану немесе ориенталистика деген салаларын қалыптастырды. Қазақтың және Орталық Азияны мекен еткен өзге де түркі тілдес халықтардың тарихын қалпына келтіруде шығыстанушы тарихшылар мен тіл маманда-

рының едәуір еңбек сіңіргенін теріске шығаруға болмайды. Олардың арасында У. Эрскиннің, Ж. Лейденнің, Ю. Клапраттың, Н.А. Арис-товтың, В.В. Бартольдтың, К.Босворттың, В.В. Вельяминов-Зернов-тың, В.Г. Тизенгаузеннің, А.И. Веселовскийдің, Е.Кальдің, Потанин, В.В. Радловтың, Ш. Уәлихановтың және т.б. есімдерін ерекше атап өтуге болады. Орталық Азияда «Бабырнама» оқиғаларымен тұс-палдас XV-XVI ғасырларды зерттеу еңбектері Кеңес дәуірінде онан ары жалғастырылды. Жазушы М.Әуезов «Индия очерктері» атты еңбегінде Бабырдың істеген игі істері мен ұрпақтарының қалдырған мәдениет пен саулет өнерін қазақ жұртшылығына жеткізе отырып, Бабырға тағзым береді [24]. Бұл дәуір тарихына қатысты қалам тартқан танымал тарихшылар қатарынан белгілі Ә. Марғұлан, К.М. Байпақов, Н. Ибрагимов, Ю.А. Зуев, Н.Н. Мингулов, Ә. Қоңырат-паев, М.С. Мұқанов, С.Г. Кляшторный, В.П. Юдин, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов, және т.б. ғалымдарды көруге болады. Осы кезеңде «Бабырнама» мәтінімен байланысы мол «Тар-их-и Рашиди» («Рәшидтің тарихы», Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати); Қадыр Әлі би Қосымұлының «Жәмиғ ат-тауарихы», Құрбанғали Халидтің «Тауарих-и Хамсасы», «Тауарих-и гузидайи нусрат-наме» («Жеңістер кітабының таңда-малы тарихтары», авторы белгісіз); «Фатх-наме» («Жеңіс туралы кітап», авторы – Молла Шәді); «Шайбани-наме» («Шайбан туралы кітап», Камал ад-дин Бенаи); «Зубдат ал-асар» («Жылнама қаймақтары», Абдаллах Балхи); «Тарих-и Абу-л-хайр-хани» (Әбілқайыр ханның тарихы, Масуд бен Усман Кухистани); «Тарих-и Кыпчаки» («Қыпшақ тар-ихы», авторы Қыпшақ-хан деген атпен белгілі Қожамқұли-бек Балхи және т.б. еңбектер жарияланды).

«Бабырнамамен» тікелей қатысты және ортағасыр түркілік дүниетанымға байланысты қазақстандық философтар мен мәдениет-танушылардың еңбектерінде кең қолданыс таба білді: А. Қасымжанов, М. Орынбеков, Ә. Нысанбаев, М. Мүтәліпов, А. Қасабек, Ж. Молдабеков, Т. Ғабитов, С. Нұрмұратов, Қ. Нұрланова және т.б. Олардың еңбектерінде көшпенділер дүниетанымы, мәдениеті, қоғамдық дәстүрі, әлеуметтік құрылымы, рухани болмысы мен тарихи ілкі-тектік қырлары философиялық және мәдениеттанымдық тұрғыдан зерттелген. Бұл зерттеулерді біз өз ізденісіміздің арналары және ой тудырушы мәтіндері деп

қабылдаймыз. «Бабырнама» шығармасын тікелей зерттеуде көбіне өзбек ғалымдары көп үлес қосқан: С.Хасанов, Ш.Рустамхожаев, С.Азимджанова, А.Каюмов және т.б., сонымен қатар өзбектің мықты жазушысы П.Қадыровтың «Жұл-дызды түндер» атты тарихи романын да айтуымызға болады. Американдық жазушы Гарольд Лэмб «Жолбарыс мінген Бабыр» деп аталатын еңбегі орыс тіліне аударылып 2000 жылы жарыққа шыққан. «Мәдени мұра» аясында 2006 жылы Астана қаласының «Аударма» баспасында жарияланған Ә. Нысанбаевтың ғылыми редакторлығындағы Т. Ғабитов пен А. Қасабек құрастырған «Қазақ-тың тарих философиясы» атты онтологиялық жинақта «Бабыр-нама» жайлы ғылыми мақала шыққан. 2009 жылы әдебиет маманы Б.С.Тоекинаның «Бабырнама» және қазақ хандығы тұсындағы жазба шежірелер» атты кандидаттық диссертациясы қорғалған. Тек Бабыр-дың тікелей өзіне қатысты әдебиет, тарих саласында ғылыми мақалалары жарыққа шыққан М.Әуезов, М.Мырзахметов, Л.Сүлейме-нова, Қ.Қайырханова, Қ.Қарабаева, М.Муминов, өзіндік ескертуі бойынша, тек шежірелер жинағы мен тарихи баяндау емес, онда Шығыстың халықтары туралы, ең алдымен түркі халықтары жөн-інде мәдени-этнографиялық, дүниетанымдық, аңыздық-мифологиялық және т.б. келелі мәселелер көтерілген энциклопедиялық туындыға жатады. «Бабырнама» еңбегіне Г.Благова «Самою лич-ностью Бабура, его высоким положением в обществе было обуслов-лено то, что авторская трактовка излагаемых событий, авторская точка зрения по любому вопросу в «Бабурнаме» отражены так ярко и выразительно. Как это весьма редко можно наблюдать в средне-вековой тюркоязычной литературе», [25,43б.]-деп өзіндік пікірін білдірген. Г.Благованың «Егер аңыздар мен ескі наным сонымен қатар Бабырдың жүргізілген үздіксіз соғыстарына қатысты жеке элементтерін алып тастаса, бұл кітап, шын мәнінде тамаша еңбек» – дегенге қарсымын керісінше ерлік пен батырлық қасиеттерін осы соғыстан, наным-сенім арқылы ғұламаның дүниетанымын, көзқара-сын көре аламыз. Еңбегі арқылы билік жүргізу, елді бітістіру, соғыс өнерін, бейбітшіліктің, әділетіліктің философиялық мәнісін жете ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл өте құнды еңбек және еш жерде кездеспейтін мәліметтер бар екені де рас.«Бабырнама» еңбегінде өзі өмір сүріп отырған қоғамға көзқарасын жазады, оқи отыра оқырман Бабырдың дүниетанымының қыры мен ерекшеліктерімен танысады. Тіпті философия ғылымының өресін жоғары қойып

өзіндік бағасын беруін Бабырнама еңбегіндегі мына бір жолдардан байқауға болады: «Мір-и Мұртаз философия мен пайдалы ғылымдарды жақсы білген адам..», - деп Сұлтан Құсайын мырзаның уәзіріне сипаттама береді. «Бабырнама» еңбегі қызықты оқиғаларға толы адамды тез баурап алады, бастан-аяқ болып жатқан оқиғаларды Бабыр философиялық тұрғыда талдап, өз тарапынан бағасын беріп отырады. Өтіп жатқан оқиғаларды тәптіштеп жеткізе салмай ой елегінен өткізіп, оқыр-манмен сырласқандай болады. Жан дүниесіндегі сырлар қаламнан қағазға ағылып түсіп жатты. Бабырнамада кейіпкерлерді сурет-тегенде бет-бейнесімен қатар, ол адамның жалпы сырт болмысымен қатар ішкі жан дүниесін де ашып отырады. Осы тұрғыда З.Ахме-това: «Жазушы бір не бірнеше оқиғаны суреттеу арқылы кейіпкердің характерін, мінез бітімін айқын айтып көрсетуі ықтимал. Мәселе кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеу арқылы, мінез сипатын наным-ды түрде көрсетуде. Неғұрлым кейіпкерлердің характерлері, бейне-тұлғасы дараланып, әсерлі көрінсе, соғұрлым шығарманың сюжеті тиянақты аяқталғандай сезіледі» [26,313б.]. «Бабырнама» шығармасындатарихилық, психологиялық, лирикалық, философиялық қырлары ашылған.«Бабырнама» толығымен тарихи-философиялық шығарма. «Бабырнама» шығармасы «Ферғана»,«Кабул», «Үндістан» деп аталатын үш бөлімнен тұрады.«Ферғана» деп аталған бірінші бөлімінде, 899 жылдан-908 жылғы аралықтағы оқиғалар баяндалған, бас-аяғы он тарауға бөлінген.899 жылы өзінің туған қаласы Ферғана аймағын және ол жерге қарасты жеті қиш-лақты жазып әсем табиғатын суреттейді. Бұл жерде Қазақ елінің оңтүстік өңіріне қатысты: «...солтүстігінде Алмалық, Алматы сондай-ақ кітаптарда айтылып жүрген Янги секілді қалалар болғанымен, моғол мен өзбек шапқыншылығынан кейін, бұл қалалар жермен жексен болып, тіпті жұртында елді мекен де қалмаған» деген мәлімет береді. Мауераннахрдың әлеуметтік-саяси ахуалы мен географиялық жағдайы сипатталып, өзінің әкесі Омар шайхы мен туыстас Сұлтан Ахмет мырза мен Сұлтан Махмұт мырзаның өмірбаяны айтылады. Өзі ат қойған «дала жолбарысы Шайбани ханмен шайқастары, жеңілген-жеңген сәттері баяндалған. Бірінші бөлімнің соңғы 908 жылғы оқиғада«Ақырында үйсіз-күйсіз мына сенделіп жүрісімнен әбден қажыдым, жүйкем жұқарды. Осылай жұртқа көз түрткі болып бас иіп қорланғанша, бас ауған жаққа көз көрмес құлақ естімес жерге кеткен жөн болар деген ойға келдім»[6,122б.]. «Бұл Ферғана жерінде қашанғы кезбе болып жүре

беремін? Одан да өзге жерден бақыт іздейін деген ой түйдім» -деп аяқталады [6,142б.].

Ары қарай «Кабул» аталған екінші бөлімі 910-911 жылғы оқиғалардан тұратын екі үлкен тараудан құралған. Кабул аймағының тұрғындары жайлы мағлұмат бере отырып, сүйікті жеріне айналған Кабулдың табиғатын тамсанып жазады. Сонымен бірге, Бабырмен аталас туысы Сұлтан Құсайын Мырзаның өмірбаяны мен соғыстары баян етіледі. Бұл тараудың маңызды жері Сұлтан Құсайынның әмірлері мен қызметшілері солардың ішінде білім мен өнер айды-нындағы ғұламалар Ә.Науаи, Маулана Абдрахман Жами, Хасан Әли Жалайыри, Мұхаммед бу Саид, Бекзат суретші туралы мағлұматтар алуға болады. «Бабырнама» үшінші бөлімінде, Бабырдың Үндіс-танды басып алып билік жүргізген сәттерінен бастап, өмірінің соңына дейінгі жылдар аралығындағы оқиғалар, үнді жерінің климаты, жануарлары, құстары, өсімдіктердің ерекшелігі суреттелген. Бабырдың «Бабырнама» еңбегі қазақ елінің тарихына, рухани өміріне тікелей қатысы бар. Қазақтың ғалымдары Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсыновтың «Бабырнама» еңбегін кеңінен пайдаланғанын зерттеулері мен ізденістерінен көруге болады. Сонымен қатар, «Бабырнама» шығармасы Бабырды өз заманының нағыз озық ойлы философы ретінде танытады. Нақты тарих пен баяндалған тарих жекелей алғанда жеткіліксіз. Екеуі де адамзат тарихына қарай сілтейді, өйткені суреттелген тарих - рухани әлемдердің адамдардан туындайтыны және түптеп келгенде солармен түсіндірілетіні себепті, ал нақты тарих - оқиғалардың бізді, олардың өмірге қаншалықты ықпал ететін мөлшеріне қарай ғана қызық-тырады. Бұл жалпы тарих, рухани тарих сияқты нақты тарихтағы концептуалды ұйымдасу мен қалыптасудың бағытын жүктейтін шешімдерді талап етеді. «Тарих дегеніміз өлгендердің өмірін тірілер үшін тірілердің қайта қалпына келтіруі болып табылады. Демек, оны қазіргі қызығушылық тудырады және ойлайтын, толғанатын, әрекет-тенетін адамдар өткенді зерттеу қажет деп табады. Беделі мен даңқы қазіргі уақытқа дейін жеткен бастапқы көсемді іздестіру, қаланың өмір сүріп, гүлденуіне жағдай жасаған ізгілерді мадақтау, құдай-лардың еркімен туындап, адамдардың қателігінен пайда болған, қиратылуды жақындатқан зұлматтар туралы әңгімелер; ұжымдық жады да, индивидтің есі сияқты мифтік немесе аңыздық қиялдардан шығады және шынайлыққа апаратын жолды қинала төсейді. Алған әсердің бізді

алдамай-ақ қойсын: еске алудың сенімділігі мүлдем жастықтың қасиеті емес. Түркі халықтары философиясының өзіне тән ерекшеліктері - адам, бақыт, көркемдік, сұлулық, өмір мен өлім, дүние, әлем, болмыс пен батырлық, адам мен табиғат үйлесімі мәселелері қазақтың фольклорында өзінің молдығымен, көркемдік сұлулығымен, тарихи деректілігімен, сыршылдығымен орын алды. Егер де біз қазақ философиясын дамыту барысында тағы да батыстық үлгілерімен кетсек қателесетін сияқтымыз. Біз түркілік төл дәстүрімізді сақтай отырып, ұлттық ойлау, ұлттық болмыс өзгешелік ерекшеліктерімізді нығайта түсіп, қазақ философиясын Шығыс философиясының үлкен бір саласы ретінде қалыптастыру, сол деңгейге көтеру болмақ»[27,77 б.].

Қорыта айтқанда, ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген ғұлама тарихшылар, ақын-жыраулардың кейінгі ұрпаққа қалдырған еңбектері сан алуан. Біздің тарих философиясында болсын, әдебиет пен мәдениет болсын, олардың алатын орны ерекше. Себебі, бұл ойшыл-дардың шығармашылығындағы дүниетанымдық ойлар, нақыл-өсиеттерінің философиялық мәндері бүгінгі таңда маңызын жойған жоқ.

БАБЫРДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

Егерде Иран елінде қысқа рубайдың хас шебері Омар Хаям болса, түркілердің ішінде Бабыр. Абыр үнемі ақындық өнерін ұштап дамытып, жақсы өлең жазған ақындардан дәріс алып отырған. Ол суретшілер мен ғалымдарды сонымен қатар ақындарға да матери-алдық көмек көрсетіп, маңайына топтастырып отырған. Бабырдың басына түскен қысылтаяң кезеңдер, сағыныш пен күйініш, өмір мен өлім, махаббат күйзелісі поэзияларда әсірелене суреттеледі.

Бабыр көрнекті ақын, тағдырдың тәлкегіне көне жүріп өз бақытын өзі жасаған. Ол лирик есебінде рубай өнерін биік сатыға көтеріп, талғамдық пен сыршылдық танытады. Бабырдың үш лирикалық шығармалары Түркияда, Парижда, Үнді елдерінде сақталған. Бабыр шығыстың барлық жанрларын түгел қамтып жазған. Атап айтар болсақ газел, рубаи, қыта, месневка және екі шумақты өлең жолдар фарды, туюги жырлары. Түркілерде өлең сөз дипломатиялық қатынаста ғана емес күнделікті қолданып жүрген тілі іспеттес. Бабыр 1502-1528 жылдар аралығында газелдер

жазған. Газел бұл форма емес, салт-дәстүрге қатып қалған заңдылық емес, сәтсіз махаббат жырланатын жақұтты жыр жолдары. Газелдердің ұзын соңы 4-5 бәйіттен тұрады. Бабыр өлеңдерін екі тілде жазған бірі түркі, парсы тілдерінде жазған.

Бабыр бір қызығы «Бабырнама» шығармасында өмірдің құны, өмірлік нақыл сөздері философиялық түйіндермен ұштасады, лирикалық сезімге жол бермейді. Бұл жердегі тарихи, салмақты еңбек болғаннан кейін бе, махаббат туралы ауыз ашпайды, құды махаббат деген сезімді басынан өткермеген, өмірінде мүлдем жоқ адам секілді боп көрінеді. Оның ессіз ғашықтығын тек *газелдері мен рубайлары* арқылы білеміз. Бабыр патшаның «Бабырнама» шығармасында нақ сүйері жайында мағлұмат айтылмайды, махаббат жайлы сырларын тек «Бабырнама» шығармасындағы өлең шумақтарынан одан басқа оның газелдері мен рубайларынан көреміз. Төмендегі шумақтарды оқи отырып ақынның жанымен жалындап сүйген сүйіктісі керілген кер маралдай кербез жан ба деп топшылайсың.

О, самал жел, жетсең егер кипаристің бағына,
Жалғыздықтан жапа шеккен жеткіз жүрек дерегін.
Аямады ол, еске алмады Бабыр жайлы тағы да,
Тәңір түбі тас жүрегін жібітер деп сенемін.

Жаңа ай мен достың жүзін көру елге қуанышты мереке,
Бір қиырдан сені көрсем, кетер менен сабыр, маза, береке,
Бабыр оның бейнесінен наурыздың нұрын көріп арқалан,
Жетпес оны бір күніне жүз наурыз оралса да қайтадан.

Газелдеріне жалғыздықтан жапа шеккен ғашық сүйіктісіне самал жел арқылы сәлем айтады, өзіне суық сол жанның түбі жүрегін Алла жібітер деп үміт етеді. Сол сүйіктісінің «иә» деген жалғыз жауабына байлығы мен патшалығын қоса қиюға даяр, дүйім елді аузына қаратып отырған патша өз махаббатының құлына айналғанын осы өлең жолдарынан байқауға болады. Жоғарыдағы өлең-дерін оқи келе басымызға Бабыр ең алғашқы әйелі Айшаға арнап жазған ба деген ойлар да келеді. Ақынның махаббаты жайлы сырлы жырлары мен өкініш, үміт, қайғы, түңілу, қуаныш сезімдері

астар-ласқан рубайларында өлең жолдары көркем сөзбен айшықты өрнек-теліп, нәзік жанды ұлы ақын бар қырынан танылады. Кейбір жырларында ғашықтықтан есі кеткен Бабыр жанын қиюға даяр махаббат құлына айналады. Бабырдың жер таласы үшін жүргізген үздіксіз соғыстары сақ, әскери іске шебер, батыр да қайсар ұлы қолбасшы екенін танытса, Бабырдың сырлы поэтикасы, философиялық ой-тұжырымдары оны философ-ақын ретінде көрсетеді. Бабырдың үрім-бұтағы, арғы аталары да поэзияға өте жақын болған. Бабырдың әкесі Омар шейх пен атасының да өлең шығару қабілеті болғанын ол өз кітабында жазған. Ол: «Өлең жазуыма басында әкем қарсы болды, өлең жазу қиын өнер, әбден алды-артыңды танып барып жазу керек»- деп кеңес берді дейді. Өзі туралы: «Бұрын ойыма не келсе соны өлеңге айналдырып, жақсы-жаманына қарамай, талғамай бәрін қағазға түсіре беруші едім...» – деп жазады. Егер де парсы елінде қысқа рубаилардың қас шебері Омар Хаям болса, түркілердің ішінде Бабыр деп айтуға әбден болады. Омарға әлем әдебиетінде тиесілі орын берілген бірақ, Омар Хаям мен салыстырғанда Бабырдың орны менің көзқарасым бойынша жоғарырақ тұр, менің айтпағым сырлы да асқақ өлең жолдарынан адам баласының рухани жағынан иманды болуын көксеп, жаратушының бар екенін әрдайым ескертіп отырады. Өлеңдерінің айтарлық ойы кесек, терең философиялық мағанасы зор. Бабыр шығармасының ішіндегі түркі поэзиясындағы лирикалық жанрға жататын ғазал жанрын дамытуға ерекше жанын салды. Ғазал жанрын көбіне арабтың әдебиет өкілдерінен шыққан дейді, бұл негізі жаңсақ пікір, ғазалдардың шығу төркінін о бастан-ақ парсылар мен түркілер қалыптастырған дегім келеді. «Литературная традиция древнетюркского времени, прекратившись, не исчезла бесследно, а вошла в классическую тюркоязычную поэзию, которая представляет собой сложный эстетико-литературный комплекс... В основу классической тюркоязычной поэзии легла араба-персидская поэтика, давшая ей теорию метров, рифмы и поэтических фигур», - дейді И.В.Стеблева [15,5б.] Бірақ И.В. Стеблева ханым Бабырдың өлеңдерін зерттеуде біраз тер төккен, әйтседе қателесетін секілді.Туғанда сәбиге бесік жырын айтып бөлейтін, қыз ұзатылса сыңсу айтып қоштасатын, өлгенде жоқтаумен о дүниеге шығарып салатын түркі жұртшылығының болмысына ғана тән қасиет.Қазақтың қауым-дасып, көп болып жиналып, аяғынан тік

тұрып істейтін қызметте-рінің бірі өлімді шығарып тастау, жерлеу. Кісі өлімі ауыл аймаққа үлкен қасірет, ортақ қайғы, өлең айтып жоқтау мәдениеттің бөлшегі ретінде қаралған. Өлген адамға үй-іші жоқтау айтпаса масқара, ұят саналатын. Арабтар үшін қай дәуір болмасын би де, ән де харам саналған. Түркі жұртшылығы отыра қалса өлеңмен айтысып, кешті жыр-думанға айналдырып, туылғаннан өлгенге шекті өмірлерін өлеңмен өрген екен. Түркілер өз ойларын, қоғамға философиялық көзқарастарын өлең жолдармен жеткізіп отырған осы тұрғыда Абай:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы бос қақпай елең-селең»[16,57б.], - дейді.

Абай осы өлең жолдары арқылы Түркілердің туылса шілдехана, өлсе жоқтаумен о дүниеге шығарып тастайтынын жеткізіп тұр. Бабыр көрнекті ақын, тағдырдың тәлкегіне көне жүріп өз бақытын өзі жасаған. «Арзу трактаты» деп аталатын еңбегіне көз жүгіртсек төмендегідей түрлеріне тоқталған, газел, рубай, қыта, месневка, және екі жол шумақты өлең фарды, туюги ұйқастарға, өлеңдерді буын-буынға бөлуге талдаулар жасаған, кейінгі ұрпаққа пайда келтіретін ғылыми жұмысын артына қалдырды. «Арзу трактаты» еңбегінде атақты ақындардың өлеңдерінен үзінді бере отырып, өлең өлшеміне қарай талдайды. И.В. Стеблева «*Арзу трактаты*» аталатын еңбегінде «Бабырдың бұл ғылыми еңбегі өзіне тиесілі бағасын алуы тиіс» деп атап өтеді. Бабырдың бұл ғылыми еңбегін жоғары деңгейде зерттеп жұмысының құрылымы мен ғылыми мазмұны жақсы бағаға лайықты екенін айтқан. Бұл трактат кейбір әдебиеттерде «Рисола-и аруз» делінсе, орысша еңбектерде «Трактат об Арузе» деп аталады. Ол бұл шығармасында Науаи, Жәми, Низами, Хафиз, Лұтфи, Хилали, Ираки, Аттар, Хасан, Хийали, Шахи, Биннаи, Махви, Кәтиби, Шахрух, Вахид Табризи, Салых, Махви, Салман, Байсұңқар, Асафи, Ануари, Тарази, Зухури, Хақа-ни, Тари, Хорезми, Самарқанди, Исмат, Камал, Афири, Сұлтан Хусейн, Сұлтан Махмуд, Фарғани атты ақындардың аттары кезде-седі. Қазақ қауымына Науаи ғазалдарынан гөрі «Бабырнама» жақын әрі жақсырақ таныс еді. Н.Келімбетов: «Бабырға дейін-ақ талай-талай ғылыми трактаттар

жазылған болатын. Ал, түркі поэзиясы әлі теориялық тұрғыдан зерттеле қоймаған еді. Бабыр Х-ХV ғасырда өмір сүрген алпыстан астам ақынның өлең-жырларынан үзінділер келтіре отырып, «нағыз поэзиялық көркем шығармаларды тек араб яки парсы тілінде ғана жазуға болады, ал түркі тілі көркемдік дәрежесі биік өлең жазуға жарамайды» деген пікірді біржола теріске шығарады. Әрине, мұның бәрі Бабырдың көп қырлы, табиғи талан-тын таныта түсті» - деп атап көрсетеді»[17,161б.]. Өлең жазу теориясына қатысты бұдан басқа да «**Муфассалы**» атты еңбегі бар. «Поэзияның сапасы жақсы болуы шарт ұйқас өз алдына өлеңнің мәні-мағынасы болуы шарт, жүректен шығады әрбір өрілген өлеңнің асыл сөзі ақыл-ой елегінен өтуі керек»-дейді Бабыр. Шығыс өлең жанрларын туғызған атақты шайырлардың өлеңдерін сынай келе өз тарапынан салыстырмалы анализ жасауға тырысқан, сонымен бірге өлең өру тәсілін айтады. Ө.Күмісбаев:«...Түркі ғазалының табиғатын әлі ешкім түбегейлі тауысып жазған жоқ. Бабыр соның бұлақ бастауында тұрған кісі. Бабыр Түркі поэзиясы теориясын алғаш жасаушылардың бірі» - деп үлкен орыны бар екенін көрсетеді [18,199б.]. Өз заманында өмір сүрген ақындардың өлеңдеріне мін тағып ғана қоймай сонымен қатар дарынды ақындарға өз тарапынан демеушілік те көрсетіп отырған. Тіптен Бабыр өлең жазуда өзінің ұстазы Науаидың «Өлең өлшемінің таразысы» еңбегінің кемшілігін көрсетіп, сын айтқан. Осы тұрғысында «...Бұл біраз мін тағарлық кітап, жиырма рубаяттың мөлшерін анықтай отырып, оның төрт мөлшерінен қателескен, өзге өлшемдерінен де кемшілік бар. Өлең сөздің парқын білген, зерделі жанға мұны аңғару қиын емес» [6,199б.]-дейді. Бабырдың өлеңдерін өзбек тілінен орыс тіліне Л.Панкин аударған, газелдерін өкінішке орай толықтай қазақша сөйлеткен ешкім болмай тұр. Бабырдың өлеңдеріне зерттеу жүргізген И.Ч.Хаккулов екіге бөліп көрсетеді. «Біріншісі, дәстүрлі тақы-рыпта жазылатын төрттағандар, ал екіншісі, белгілі бір жайттарға жазылған рубаилар. Ғалым Бабыр шығармашылығында осы екінші арнаның басым түсетінін ерекше атап көрсетеді [19,175 б.]. Бабыр шығыстың барлық өлең жанрына зерттеулер жүргізіп, өзі де түрлі жанрда өлеңдер шығарған. Бабыр Түркі поэзиясындағы төрт тар-мақты рубаи жанрларында дамытқан. Рубаи шығыс поэзиясындағы өзіндік орны бар ерекше танымал жанр болып табылады. И.Жеме-ней: «Рубаи төрт мысрадан тұрады. Бірінші, екінші, төртінші мысралары ұйқас келеді.

Рубаидың үшінші мысрасы да басқа мысралармен ұйқасса, әрине, рубаидың әуенділігі арта түседі. Төрт мысраның ұйқасы бірдей келетін рубаилар да парсы поэзиясында жеткілікті түрде жырланған. Оны сопы ақындар Абдолла Әнсари және Фәрид-еддин Шейх Аттар Нишабуридың шығармаларынан көре аламыз», [20,126б.]-дейді. Рубаи көлемі шағын болғанмен мол мәлімет тұжырымдап, оқушысын белгілі бір қортынды ойға жете-лейтін жанр. Бабыр бірнеше тіл білген бірақ өлеңдерінің біразын парсы тілінде жазған. «Бабырнама» жәдігерінде шығыс әдебиетіндегі кең тараған «рубаи» жанрын тарихи оқиғаларды баяндау барысында кеңінен пайдаланған. Поэзия олар үшін күнделікті қолданып жүрген тіл іспеттес, өлең сөзбен тіл қату күнделікті тірлік пен дипломатиялық қатынаста да қолданыста болған. Аталмыш жанр арқылы қоғамға, өмірге көзқарасын жеткізуде рөл атқарған. Ә.Науаимен де хат алмасқанда рубаи жанрын көбірек қолданған. Бабыр лирик есебінде рубай өнерін биік сатыға көтеріп, талғамдық пен сыршылдық танытады. «Бабырнама» тарихи-энциклопедиялық еңбегінде де көңілі толқығанда, шабыт келген сәттерінде өлең шығ-арып отырған, ондай кездер майдан даласында, сарай алаңында не болмаса табиғат аясында бір сөзбен айтқанда басынан өткен әр түрлі сәттерін қамтиды. «Бабырнама» еңбегінде кездескен өлең иірімдері төмендегідей:

Хайдар мырза туралы:

Алтын, күміс қорғасын,
Неңдей асыл болмасын,
тартады өз тегіне.

Бабыр өнер адамдарына демеушілік көрсетіп отырған.

Мөр басылды сен қалаған жарлыққа,
Беріледі жалақы да сыйлықта.
Толады енді үйің ас пен киімге,
Қайталанар деп жоқшылық күйінбе.

Сұлтан Ахмед мырза туралы.

Жасырғанмен жанның ауру жарасын,
Өліміңмен әшкере боп қаласын.
Осал деме жүректің де наласын,
Ол аһ ұрса, жанартау боп жанасың.

900 жылғы оқиға

Бір зұлымдық жасасаң, тартасың бір азабын
Өзгерте алмас ешкім де табиғаттың заңдарын.

Ходжент туралы:

баруға татыр қай мекен,
Сарқылмас байлық бар мекен?

Дер кезінде іс істе:

Дер кезінде біткен іс пайдалысы
Күні өткен соң болмайды жай—мәнісі.

Мейірімсіз туралы:

О, жүрегім, мейірімдіге тағдырыңды тапсырып,
Қайырымсыздан күтпе ешқашан жақсылық

**Бұлақтың жағасындағы тасқа
үш өлеңімді қашап жаздым.**

Жәмшит Фарук кетерде ақыреттік сапарға,
Жаға тасқа жазған сөз айналыпты мақалға.
«шөл баспады кімдер кеп, бұл қайнардан жолдағы.
Кетті бәрі әлемнен - бір күнгідей болмады.
Жер жаһанды білекпеннен, күшпеннен
Көрге әкеткен ешкім жоқ, дүние байлық олжаны.

**Хисардан Мола Хаджари деген ақын келіп, қызметке
алынды. Сол күні мен мынандай өлең жолдар жаздым.**

Қандай теңеу табармын сендей асыл арманға,
Жаным дейді сені жұрт, артықсың ғой жаннан да.

Құрбан айтты Ташкентте өткіздік.

Не ойлайды адам қасіретті сәттерде.
Шаттана алмас жүрек шіркін жат елде.
Жат елде мен шаттануды білмедім.
Еш нәрсеге мен мәз мейрам боп күлмедім.

Наурыз мейрамында мынандай өлең шумақтарын шығарды:

Жаңа ай мен достың жүзін көру елге қуанышты мереке,
Бір қиырдан сені көрсем, кетер менен сабыр, маза, береке,

Бабыр оның бейнесінен наурыздың нұрын көріп арқалан,
Жетпес оны бір күніне жүз наурыз оралса да қайтадан.

*Адамға жамандық жасасаң, алдыңнан шығадының кері
келді.*

Жамандық ойлаған адамды,
Табыс ет деп тағдырға.
Тағдыр сенің демеушің,
Берер саған қол ұшын.

Сейфи Бухари:

Пайғамбардың өсиеті болса егер мәснауи.
Ғазел құдай парызы деп білемін.
Бес тармақ жыр безілдетіп тартса күй,
Бір желініп, рахаттанар жүрегін.

Хазарлықтармен соғыста:

Көргенде қарсы алдыңнан жаудың легін,
Қарады жүрексініп тартып демін.
Атымды тебіндім де топты бастап,
Айқайлап: «Артта бірің қалма» дедім.
Соңынан қолды ертіп ақ ниетім,
Қайтару қаймықтырып жаудың бетін.
Жасақты бастау үшін алға кеттім.
Түрі жоқ айқайымның естілетін
Жоқ еді үсте сауыт, атта жабу.
Ойым тек оқ пен қалқан бабын табу.
Тоқтасам соңымдағы ол да тоқтар,
Болмастай мінсіз әсте жауға шабу.
Жүрмей ме нөкер деген қорғап бегін,
Жандарын сақтасын деп жалдап па едім?
Бек жүрсе нөкер деген тұра ма екен,
Бек шаршап, нөкер неге алмақ демін.
Тік қасық дайын асқа көрген жерден,
Не пайда дәл осындай нөкерлерден?
Соны ойлап құйындатып шаптым жауға.
Алдымнан мені көріп ағылды ел,
Болған соң басшы батыр қорықпауға,
Жеткен соң тауға алдымен болдық үстем.

Қарамай жау оғынан үдей түскен.
Қалың қол алға ұмтылды аттылы жаяу,
Жеңімпаз рухтанып жігер күшпен.
Жауларды біздің жақтың мысы басты,
Қаруын тастап таудан тұра қашты.
Таудан да, даладан да ағша қудық,
Қайтадан кара-құрым хазаратты.
Аясыз кездескеннін киікше атты,
Мал, мүлік олжаға біз қалдық батып,
Әкесін баласын да тұтқындадық,
Қақтық та жеңіс күйін дамылдаттық.

Кабул жері туралы.

Жасыл желек гүлдермен Кабул бейіш көктемде,
Даласына қарашы, әне одан сұлу өткен бе?

Дос тұрғысында:

Әр сөзі антқа барабар,
Тілекке тілек қосылған.
Тағдырға қандай шара бар,
Айырған татту досыңнан.
Достар той-думан құрды гүл-гүл жайнап,
Болды оған бізге қиын бара қоймақ.
Мың шүкір түбі қайыр болғанына,
Тандырған ес-ақылдан бұл жын-ойнақ.
О, самал жел, жетсең егер кипаристің бағына,
Жалғыздықтан жапа шеккен жеткіз жүрек дерегін.
Аямады ол, еске алмады Бабыр жайлы тағы да,
Тәңір түбі тас жүрегін жібітер деп сенемін.

Отан туралы:

Не ойлайды адам қасіретті сәттерде,
Шаттана алмас жүрек шіркін жат елде.
Жат елде мен шаттануды білмедім,
Еш нәрсеге мәз-мейрам боп күлмедім.

Мубайнды жазарда басыма мынадай ой келді:

Тәңіріңе арна, Бабыр, мың алғыс,
Синд, Үндідей патшалықты сыйлаған,
Ыстық аптап жақпаса егер жаныңа еш,

Жанға сая Ғазни атты тұр қалаң.

Нәпсі тию.

О жаным, неге күнә алдыңда дәрменсізбін дейсің сен?
Тиылу да, байқап қара, тәттіліктен емес кем.
Бұл өмірде күнәға батсаң егер қаншалық,
Тиған істен ләззат алдым дей бер онда соншалық.
Өз ойыңа келгеніңді орындасаң жан қанша,
Зая етесің өміріңді сау-тамтығы қалғанша.
Кірсең егер киелі зор соғысқа сен құлшына,
Ажал қабақ түйеді ылғи түсірмек боп уысына.
Өлімді кім көп ойласа, сен көңілге түйіп қой,
Сол тек тиым салынған көп істерден тез тартар бой.

Үнділермен соғысты суреттегенде:

Шайқас үшін балыққа болды азық қан,
Айға жетті көтеріліп үшқан шаң.
Кең далада үріккен аң тұяғының дүбірі,
Алты қабат болса да жер, сегіз қабат болды жер.
Өлді барлық үнділік, кемсітуден қорлаудан,
Тастан атқан қарудан болғаны үшін пілді адам.
Көптігінен өліктің жазық жерге тау тұрды.
Ондай өліктің жазық жерге тау тұрды,
Ондай өлік таулардан өзен болып ақты қан.
Қашты тау мен далаға қорқып тірі қалғандар,
Әскелерден қаптаған, қардай жауған оқтардан.
Ислам үшін тентіреп,
Кәпір үнділермен соғыстым.
Сенімі үшін дайынмын азап тартуға,
Мейірімімен алланың қазы болып толыстым.

Қабул тұрғысында:

Кеткендер Хинда жерінен,
Тартып онда сор, азап.
Көксеп сонау қабулдың таза ауасын,
Хиндадан сонда кеттіңдер тіпті асығыс,
Таптыңдар сонда тыныштық көңіл аулайтын,
Рахат, сауық таптыңдар жанға қанағат.
Бәз де алланың арқасында өлмедік,
Көрсекте көп ауыртпалық қайғы, мұң.

Жан рахатын және тәннің азабын
Көрдiңiздер, бiздер де аз көрмедiк.

934-жылғы оқиға:

Күндiз күйiп, дене ыстығым артады,
Түнде көзден ұйқым алыс қашады.
Азап төзiм бойда аңдыса қалады.
Төзiм бiтiп, азап асып барады

Ұлына жазған хаты:

Әлем жаулау жайбасардың қолы емес,
Кiм тездетсе сол жеңетiн зор егес.
Күттiрсе де неке кию дос табу,
Күттiрмейдi мемлекет басқару.

Тағы бiрде жалғызбын деген ұлына:

Тағдырға көн көпшiлiкпен бiр болсаң,
Дербес болсаң өз бетiңше өмiр сүр.
Патшалықтай берiк бұғау жоқ қорған
Бiрақ патша дара бола алмайды ол.

Шарап тиюдан келген өлең шабыты.

Шараптан бас тарттым да айырылдым мен ырқымнан
Не iстерiн бiлмейдi байыз таппай шiркiн жан.
Ал бiреулер кейдi шарап iшiп, ант iшiп,
Ал ант iшiп, шарап iшпей мен отырмын қайғы жеп.

Жан

Жаннан артық сенiмдi дос таппадым,
Құпиямды тек жүректе сақтадым.

Метафора:

Күрсiнгенде, демiм қозғап жұлдызды,
Төккен жасым бiр топан су жүргiздi.
Жүрегiм де гүл секiлдi қызыл жасыл оранған,
Жомарт көктем мың раушан төсегенде бөктерге [6].

Бабыр өлеңдерiнде тың теңеу, метафоралар табиғатпен астасып жатыр. Бабыр өлеңдерiнде ойды жинақы жеткiзер шеберлiгiмен қоса, нақылдық сипатқа ие. Бабыр тағдырдың қаталдығын көтере

білді. Жат жердегі жаны жабырқау жанға туған топырағының иісі, туған жеріне деген балалақ махаббаты сағыныш саздарын туғызды.

Бабыр тұлғасында үлкен адми жүрегінің нәзік сырын, сезімін тапқыр, көркем теңеулермен, сөздермен әдемі жеткізген. Бабырдың махаббатын, туған жерге туындаған өлеңдерінен ақынның өмір сүйгіштігін, романтикалық сезім байлығын танимыз.

Ерте, кеш пе кім келсе бұл пәниге,
Түбі жоққа айналады әрине.
Тәңір ғана мәңгі жасар, ажалсыз,
Кім келсе де бәрібір бұл пәниге,
Өлім суын жұтар түбі әрине,
Бұл дүниеге кім келсе де аз күн өмір сүруге,
Ақыр түбі тиіс болар жер астына кіруге.
Игі даңқпен өлсем жақсы егерде,
Тәнім өлер, даңқым жасар ел-елде.

Ақын мынау фәни дүние жалған, АлЛа тағала ғана мәңгі өмір сүре бермек, аз күн дәуренде артыңа, ұрпағыңа аңыз болар, тірек болар қам жаса, топырақтан жаратылған тән топыраққа айналар, артыңда тек жақсы ісің мен кіршіксіз атақ-даңқың қалсын - деп ой түйіндейді. Бір өкініштісі Бабырдың газелдері тек орыс тілінде ғана аударылып сақталған. Болашақта тіл мамандары ақынның сөз маржандарын ана тілімізде сөйлетсе, көп дүниені беті ашылар ма еді.

ИСЛАМ ДІНІ ЖӘНЕ БАБЫР

Захир ад-дин Бабырдың рухани дүниетанымына ислам дінінің тигізген оң ықпалы зор, алайда түркі дүниетанымы да шет қалмай екі діннің қабысқанын да «Бабырнама» еңбегінен байқаймыз. Ғұламаислам дініне берік болуды уағыздай отырып, өзі жазған жәдігерлік еңбегінде билік басында отырған сұлтандар мен тархандардың тақуалық деңгейінің қаншалықты екенін ашып жазған. «Бабырнама-дағы» оқиғалар желісінен байқағанымыз ислам дінінің тазалығымен күрескен. Бабырдың басты арманы барлық адамзат атаулыны бір тудың астында біріктіріп, әділетті мұсылман мемлекетін құру еді. Оның жасаған шапқыншылықтарының басты мақсаты жер бетіндегі әр тілде

сөйлейтін алуан халықты бір мұсылман дініне енгізу еді. Дінге заманауи философтар «мәдени дамудың нәтижесі қоғамдық сананың ішіндегі ең консервативті, заманмен бірге өзгеруге жатпайтын орнықты түрі» деп анықтама береді. Дін жаратушыдан болғандықтан адамзат баласының өзгертуге тырысудың өзі күнә болып саналады. Ислам дінін тарих беттерінен қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен кіргізген деген пікір бары екені де рас, бірақ та біздің ата-бабаларымыздың ислам дінін қабылдауы саналы тұрғыда жүргізілді. Алайда, сенімнің орнығуының өзіндік дара тарихы бар. Осы тарихи жолды саралауға «Бабырнама», «Тарих-и Рашиди», «Әбілғазының шежіресі» атты тарихи еңбектерді зерделеу орынды және де нақты тарихтың куәгерлері дей аламыз. Ислам діні халыққа сараңдықтан, біреудің қақысын жеуден бас тартуға шақырумен ұнады. Ислам діні арқылы бірігудің, бірігіп шаруашылық жүргізудің келісімге келудің алғы шарттары жасалынды. Бұл тиімді басқарудың жүзеге асыруға мүмкіндік береді және тайпа көсемдері мен бас-шыларына өте ұтымды болды. Қаншама жер иелікті жаулаудың өзі оңай емес егерде жауынгерлерді дін жолымен даярлайтын болса онда жауларын мүлтіксіз жеңері хақ. «Бабырнама» еңбегінде Бабыр: «Дін жолында жанын шүберекке түйіп, шейіт болуға бел байлаған қырандар: «жасымандар ұландар, Аянбаңдар, Сендердің жолдарыңа ақ жол!» деген үнді естіген сайын серпіліп, қайта аттанып, жігерлене түсті. Дәтке қуат деген болар [6]. Алланың рахымы түсіп: «Сендердің ісің-алла тағаланың ақ жолына бағышталған. Жаратқан ием дін жолындағы пендесін қолдайды, дем береді деген үн олардың құлағына шалынып, күдіктері біржола сейілді. Олардың жігерленгені соншалық, жаратқан иемнің үні естілді, оларды періштелері демеп, аспандап, шырылдап ұшып жүрді» жауынгерлерін Алла жолында өзімізді құрбандық етеміз Ұлы жаратушының жолында соғысып жатырмыз деп рухтандырып отырған. «Жамағатына шапағатын тигізіп, періштелеріне қолдатып пахирлерін апаттан қағып, оның әскеріне демеу болып, кәпірлердің құтын қашырып жеңіліске ұшыратқан Алла тағаланың ісіне пендесі құлшылық етеді. Исламның сара жолын, ақ туын көкке желбіретіп, оның жарандарына сүйеуші болып, оның құлшылыққа мойын ұсынбаған жауларын күйретіп, жаратқан иемнің пенделерін қорлаған кәпірлердің құтын қашырып жеңіліске ұшыратқан Алла тағаланың ісіне пендесі құлшылық

етеді. Исламның сара жолын ақ туын көкке желбіретіп, оның жарандарына сүйеуші болып, пенделерін қорланған кәпірлердің көзін жойғызған да Алла тағаланың ісі. Дүниенің қожасы алла тағаланың даңқы артсын. Алла тағаланың шапағатымен жаралған, дінге мойын ұсынған жамағаттың қорғаушысы жаратқан иемнің жер бетіндегі әмір-шісі Мұхаммед ғ.с. пайғамбарға Алланың рахымы түссін, періш-телері қолдасын. Алла тағаланың қайырымдылығы оған құлшылық етуден туындайды. Пенделері жалған дүниеден пәк болып, жаратқан иесіне жалбарынса оның шапағатына бөленеді. Мұхамед үмбетінің құдай дегені құр қалмайды. Құлшылық еткен адамның қуаты тасып, өте күшті адамдар атқара алмайтын істі де тындырады. Құлшылыққа шапағатын тигізу деген осы болар. Жұмыр жер бетінде осыдан артық бақыт бар ма?[6]. Шығыс тарих философиясы қашанда діни фак-торды негізі деп алады және шығыс діндері еуропалық экспанциядан қорғау функциясын атқарды. Бабыр мырза жаулап алған жер-леріндегі басқа діннің өкілдерін ислам дініне кіргізу үшін тиімді саясат та қолдана білген. Мұсылман еместерден көп мөлшерде салық алынды, ал мұсылман дінін қабылдаған басқа діннің өкілдерін біраз уақытқа дейін салықтан босатты. Салық жүйесі егілген жеміс-жидек өнімдерінен, алтын-күмістің салмағынақарай, арендалық егістікке салынатын салық сонымен қатар мал басынан алынатын салық олардың барлығы бүгешегесіне дейін Бабырдың «Мубайн» еңбе-гінде мөлшерімен белгіленіп жақсы жазылған. Захир ад-дин Бабыр өз заманындағы мұсылман мәдениетін бойына сіңіріп, қабылдай отырып, дәстүрлі түркілік ойлау жүйесіндегі негізгі ұғымдар мен категорияларды исламның этикалық қағидаларымен шебер ұштас-тыра білген. Ойшылдың діни-философиялық көзқарастарына ислам-ның ханифиттік мазхабының негізгі ұстанымдарымен қатар, түркілік көшпелі діл де әсерін тигізді. Мазхабтардың төрт түрі бары баршаға мәлім. «Мазһаб - жол, бағыт, көзқарас деген мағынаны білдіреді. Шарифатта арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкімдер мен көзқарастар жиынтығына «мәзһаб» делі-неді. Мұхаммед Ғазали: «Мәзһабтар - Исламның теңдессіз мәдениеті һәм тіректері» десе, Ибн Тәмия: «Ислам мәзһабтары - жұмаққа жетелер жолдар» деп, мәзһабтардың исламды түсіндіруші мектептер екенін білдірген»[28,156.].

Орталық Азияда кеңінен таралған Хан-афи мәзһабы, оның негізін салушы танымал мұсылман теологы мен құқықтанушы Куфа қаласынан шыққан Абу Ханифа. Осы Орта Азиядан шыққан ғалымдар Әбу Ханифа мазһабын ғылыми тұрғыдан негіздеп, кең қанат жаюына біршама еңбек сіңіреді. Ханифа мазһабының Орта Азия мен Қазақстанда таралуы жайында А.Х. Саидов: «Орта Азиядан алуан діни дәстүрлерге иеленген түрлі мәдени аймақ-тар бар. Ханафи ілімінің белгілі қағидасы бойынша амал тілмен мойындаумен салыстырғанда екінші санатта немесе адамның Алланы және оның кітабының хақтығын жүрекпен қабылдап, иман келтіру адамды мұсылман санауға жеткілікті»- деп тұжырымдайды. Бұл Ханифа мазһабы іскерлік байланыстар жүргізуде, басқа діннің өкілдерімен бірге әрекеттенгенде өте ыңғайлы. Ханифиттік бағыт оған тән діни төзімділік таныту және жергілікті әдет-ғұрыптар мен ыңғайына орайласа кеткендіктен оның жер-жерде таралуы да тез болған, сонымен бірге түркілік санамен исламның бір-біріне тез оңай сіңісуі де осыдан»[29,5б.]. Бірақ түркілер саналы тұрғыда ислам дінін қабылдаса да өз салт-дәстүрі мен діліндегі кейбір келеңсіз ділдік әрекеттері мен әдеттерін тию түркілер үшін өте қиын болды. Түркі жеріндегі көп жылдарға созылған исламдану билік басындағыларға бірнеше саяси мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Биліктегілер дінді уағыздап қана қоймай қоғамға мықтап тұрып дін идеологиясын қолданып саяси билігін жүргізді. Осы негізде бірігудің, бірігіп шаруашылық жүргізудің, келісімге келудің алғашқы шарттары жасалынды. Жалпыға бірдей идеология тұрғын-дарға туысқандық негізде емес бірыңғай діни ұстаным негізінде бірігуге мүмкіндік берді. Исламның адам қауымдастығын рухани біріктіруде зор үлесі бар, қоғам мүддесін қорғап мемлекет пен қоғам таразысын теңестіруге талпынды. Бабырдың «Бабырнама» еңбегіндесуреттелген түркі жұртшылығының ойын-той мен шарапқұмар-лыққа шамадан тыс әуестенуі, әрбір бек пен мырзаның пашша бала ұстауы санаға сыйымсыз әдеттерін қою мүмкін еместей көрінді. Бабыр патша осылардың барлығын жиркенішпен жеткізе отырып өз дәуірінде мұсылман дінінің тазалығымен күресті. Әр кезде де тарих қойнауынан білетініміз қоғамда ел билеушілер өз тарапынан жарғы, заң шығарып, қоғамға қолданып отырған. Бабыр өз қоғамының қажеттілігінен екі фармон шығарған. Бабыр мемлекет басшысы ретінде қол астындағы

жұртына фармон жазып, оны өз тарапынан жүзеге асуын мықтап қадағалаған. Фармон дегеніміз - парсы тілінен аударғанда бұйрық деген мағананы білдіреді. Бірінші фармоны әскери қауымына қатысты. Жиһангерлік жеңіс фармонында ислам-ның ақ туының астындағы ерлік баяндалып, жау әскерінің саны, орналасуы, сап түзеп қатар түзуі, мұсылмандардың кәпірлермен шайқасы суреттеледі. Фармонның екіншісі, түркілердің қанына сіңген шарап ішу әдетін тиюмен күрес жүргізудің алғы шарты қойылған. «Саналыққа ие болған жандар әділеттік атаулы, шындық атаулының заттық бейнесін жарқыратып көз алдына елестетіп, оның мәні неде екенін, адамзат жаратылысынан жемқорлыққа, дүниеқоңыздыққа бейім екенін, ол бұл жолдан жаратқан иемнің қолдауы-мен, тәңірдің жәрдемімен ғана бас тартып тәубесіне келіп, барға қанағат ететінін ұғып, дүние танымына көзі ашылды. Адамның жаны зұлымдыққа бейім екенін ол бұл жолдан жаратқан иемнің қолдауы-мен, тәңірдің жәрдемімен ғана бас тартып, тәубесіне келіп, барға қанағат ететінін ұғып, дүние танымына көзі ашылды. *Адамның жаны зұлымдыққа бейім.* Шындығында зұлымдықтың рухы жанды, бұдан арылу үшін жаратқан иеме мінажат етіп, жалбарыну керек»[6,364б.]. Ішімдік дертімен ауратын жұртшылығын емдеу жолын ол алдымен өзінен бастады. Ішімдікке арналған алтын-күмістен ойып жасалған ыдыс-аяқтың барлығын сындыртып, қалғанын мүсәпірлерге таратып, шараптың барлығын құдыққа төккізеді. Басшының оқаш қылық пен теріс қимылдарды алдын-алу шарасын жүргізуі оның терең ойлы, екенін көруге болады. Қара бұқара халық үшін ел билеуші шарапты қоюды өзінен бастауы басшыға деген сенімді нығайта түседі. Осы жерде шығыс ойшылы Күн ұстаз кон-цепиясындағы ілім еске келеді. «Патша өткеннен өнеге алып, игі-лікке ұмтылуы керек. Халықты бағынышты ұстау... Биліктің әуелгі белгісі. Оның бірінші шарты күш емес, зорлық емес, әділдік, адалдық екен. Күн ұстаздың «Асыл адам, бекзат адам (цзюнь-цзы) -адамилығы жоғары, жан-жақты жетілген адам, «алтын ортаға» жеткен, ізеттілік, шыншылдық, сақтық секілді қасиеттерге ие және басқа адамдардың адамгершіліктік жетілуіне көмектесуші адам. Конфуцийдің пікірінше, мұндайға тек мемлекетті басқарушы адам ие» деген ойын Бабыр бейнесі дәлелдей түскендей. «Асыл адам» үлгісі зорлық арқылы бағындырудан әлдеқайда бағалы, себебі халықта үрей,

қорқыныш емес, өз басшыларына деген сенім пайда болады»[30,29б.]. Сонымен қатар, Бабыр «адамбаласының үлкен жеңісі өзінің ыркын билеуі» дейді. Құрандағы бірінші мәселе сенім болса екінші мәселе, құлшылық, намаз, ораза, зекет, діни рәсімдерді орындау, Аллаһ тарапынан тиым салынған нәрселерден аулақ болу. Діни тиымдар этикалық-моральдық жағынан алғанда қоғамда маңызды қызмет атқарады. «Самарқанның барлық тұрғындары суннитер, таза діни нанымдағы құдай жолын қуған тақуа пенделер. Жаратқан иемнің қасиетті құлының әмірінен кейін ешбір елде Мауереннахрдағыдай ислам имамы көп шыққан емес. Құдай жолын ұстаған ұстаздың бірі Шейх Әбу Мансұр Самарқандағы Матуридтің маңында туған. Құдай жолын уағыздаушы ұстаздар екі тармаққа бөлінеді. Оның бірі матрудия, екіншісі ашария, матрудияның атауы осы Шейх Әбу Мансұрға келіп тіреледі». «Сахих Бухари» еңбегін жазған қожа Смаил–и Хартанг та Мауеренахрлық. «Хидаяны» құрастырушы имам Әбу Халиф те Ферғана аймағындағы Маргилан деген жерден шыққан. Дін заңының жүйесі бойынша «Хидаядан» маңызды кітап болған емес»[6,67б.]–деген маңызды мағлұматтар береді.Негізінен Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ғалымдар шарифат, фиһ ілімдерін дамытуға оның қағидаларын қалып-тастыруға үлкен үлес қосты. Түркі тарихында бейбітшілік пен ымыраға келу дәстүрі болған. Түркілер ислам дінін желеу етіп жаулап алған жағдай да бағындырған барлық халықтарға да діни еріктілікті ұстанды.Басқа жұртты бағындырғаннан кейін, әрине Бабыр да бейбіт өмір мен тату-тәтті тірлікті қалаған. Өзінің империясының қалыптасуының алғашқы жылдарында түрлі діндіұста-натын 24 тілде сөйлейтінәр түрлі халықты жақсы мәміледе, өзара ымыраластықта өмір сүргізуге тырысқан. Мәдинә келісімінің 2,25-бабтары йаһудилерге дін еркіндігін тану мәселесін қарастырған. Мұсылман діні шыққан халифалар дәуірінде де мұсылмандарды паналаған өзге дін өкілдерінеешқандай қысым жасалмаған, қайта олардың құқығы қорғалып отырған. Осының әсерімен мұсылман-дардың әділеттілігі мен діни төзімділігі ерекше бағаланып, өзге дін өкілдері ислам дініне енгені де рас. Бұл тұрғысында:ХҮ ғасырдың орта тұсындағы Шығыс Дешті қыпшақ, Жетісу мен Мауеран-нахрдағы саяси және мәдени жағдайлар өте күрделі болды. Түркі жеріндегі көп жылдарға созылған исламдану билік басындағыларға бірнеше саяси

мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. «Самарқанның барлық тұрғындары суннитер, таза діни нанымдағы құдай жолын қуған тақуа пенделер. Жаратқан иемнің қасиетті құлының әмірінен кейін ешбір елде Мауереннехрдағыдай ислам имамы көп шыққан емес. Құдай жолын ұстаған ұстаздың бірі Шейх Әбу Мансұр Самарқандағы Матуридтің маңында туған. Құдай жолын уағыздаушы ұстаздар екі тармаққа бөлінеді. Оның бірі матрудия, екіншісі ашария, матрудияның атауы осы Шейх Әбу Мансұрға келіп тіреледі», «Сахих Бухари» еңбегін жазған қожа Смаил-и Хартанг та Мауеренахрлық. «Хидаяны» құрастырушы имам Әбу Халиф те Фер-ғана аймағындағы Маргилан деген жерден шыққан. Дін заңының жүйесі бойынша «Хидаядан» маңызды кітап болған емес» [6,67б.]. Исламдағы ақида сенім саласын қарастырады. Мұсылмандар сенім-мен тікелей байланысты мәселелерді ең бірінші орынға қояды. Ақиданың қарастыратын мәселелері: алланың бар екендігі және оның бірлігі, періштелердің болмысы, аллаһ тарапынан кітаптар түскеніне шек келтірмеу, ақырзаман болатынына, пайғамбардың рас екендігіне сенім сонымен қатар, тағдырдың Аллаһ тарапынан тағайындалғанына сену болып табылады. «Мәтрудия ақидалық мектеп-тердің ішінде ірі ең көрнекті өкілі болып табылады, олар негізінен алғанда калам ілімімен шұғылданған. Мәтрудия мектебі әһли суннат уәл жамағат деп танылған бағытты ірі ұстанатын мектеп. Ол Ашария мектебі сияқты кең тарала алмады»-деген маңызды мәліметтер келтіреді. Исламның этикалық тұрғыдан қарастырғандағы өзгеше-лігі, оның адамгершілік құлықты басқа әлеуметтік қатынастарды реттеуші қоғамдық сананың түрлерінен бөліп-жармай бірлікте қар-астыруы болып табылады. «Бабырнама» жәдігеріннің басы «Бис-миллахи-р рахман р-рахим!» деп басталып алланың құдыретінің шексіздігін ұлықтау болып табылады, сонымен қатар Бабыр жер басып жүрген адам баласының барлығы мұсылмандылықты қабылдауын жөн санаған. «Бабырнама» еңбегін зерттеуші өзбек ғалымы дінтанушы Ш.Рустемхожаев Бабырдың дін мен арақатынасын, діни негіздерін тіпті оқып қолданған дұғаларына да зерттеулер жүргізген. Еңбектің басы аяғында екі дұға жазылған: «Бисмиллахи-р рахман р-рахим! Жаратқан ием, құдіретті құдайым, мен сенің үмбетіңмін. Менің бар тағдырым сенің қолыңда, ұлы тақтың иесі де сенің қолыңда, алла тағаланың ақ дегені алғыс, қара дегенің қарғыс» Алла тағаладан

күдіретті де ұлы да күш жоқ. Дүниедегі бар тірліктің иесі Алла тағала пендесіне білім беруші де пәле-жаладан сақтаушы да бір өзі. О, жаратқан ием, бір зұлымдықтан сақта. Тажалдың күлін көкке ұшыру, жын-шайтандарды ауыздықтау бір өзіңнің күдіретінде. Ұлы тақтың иесі де сенсің» бұл дұғаны оқып едім қауіп қатерден аман қалдым» [6,231б.], –дейді Бабыр. Жаратушының күдіреттілігіне шубә келтірмейміз, «Бабырнама» еңбегінде мынандай жолдарға тоқталып өтсек: «Жаңбыр тоқтаусыз құйды. Мен бір дұғаны білуші едім, соны Молда Әли жанға айттым; Әли жан дұғаны төрт жапырақ қағазға жазды да, үйдің төрт бұрышына іліп қойды; сол мезет жаңбыр басылып, күн ашыла бастады»[6,290б.]. - Аллаһ дұғаларды қабыл еткен екен. Фармон жайлы жазып отырып соғыстың алдында Ясин мен Таһа сүрелерін оқығанын айтады. «Ясин» араб тілінде «С» әріпі хадистерде құранның жүрегі деп те айтылады. «Рассулла саллаһу алайһи уассалам айтыпты: Алла тағала аспан мен жерді жаратудан мың жыл бұрын «Ясин» мен «Таһа» сүрелерін оқыды. Құранды естіп тұрған періштелер: Үмбеттерге шаттықтар болсын, мұны айтатын тілдерге мадақ болсын. Кімде-кім ақырет үшін оқыса күналары кешірілмей қоймайды, оны өліктеріңіз үшін оқыңыздар. Кімде-кім Ясинді оқып жатса, ертесінде күнәлары кешіріледі. Ал хадистерде: «Ясинді» оқыңдар, онда жиырма қасиет бар. Аш оқыса қарны тояды, жалаңаш оқыса киімді болады, қауіп-қатерде оқыса аман болады, бойдақ оқыса әйелді болар, қамаудағы оқыса азаттық алар, өліп бара жатқан оқыса оңай жан тәсілім етеді, сусаған оқыса суға жетеді, ауру оқыса дауа табады» делінген [31,7б.]. Өз еңбегінде жаратушының құдыретілігін жеткізгендей. Дінді таратып, мұсылмандылыққа бойұсындырған Бабырдың аруағына аллаһтың нұры жаусын.

БАБЫР МҰРАТЫНДАҒЫ САЯСИ САНА

Белгілі саясаттанушы Р.Әбсаттаров: «Саяси сана-саяси өмірдің субъективті жағын сипаттайтын саясаттанудың маңызды категорияларының бірі.Саяси сана өзінің мазмұны бойынша – бұл қоғамдық түрдегі азаматтардың саясат туралы және оған деген ұтымды қатынас жөніндегі түсінік деңгейін көрсететін күрделі түзілім» сонымен қатар «Саяси сананың тарихи сипатта болуы оның маңызды ерекшелігі болып табылады»-дейді [32,б.].

Бабыр мемлекеттілігі қалыптасуында этникалық бірегейленумен қатар Орталық Азия аумағында жүріп жатқан түрлі саяси, әулеттік үрдістердің үлкен рөл атқарғаны белгілі. Бұл кезеңнің, яғни XIV-XV ғасырлардың тек Орталық Азияның ғана емес, бүкіл Еуразия кеңістігінің тарихы үшін маңызы бар екені даусыз. Бұл дәуір – моңғолдардың түріктеніп біткен кезеңі; Батыс және Шығыс Дешті Қыпшақты құрамына енгізген орасан зор империя Алтын Орданың ыдырап құлаған кезі; Қазіргі түркі тілдес халықтардың – қазақ-тардың, өзбектердің, татарлардың, башқұрттардың, ноғайлардың, қарақалпақтардың және т.б. қалыптасу уақыты. Бұл уақытта Бату әулетінің ұрпақтары жойылып, саяси-тарихи аренаға Қазақ, Аштар-хан, Моғол, Қазан, Қырым хандары әулетінің тегін құрайтын Тұқай-Темір ұрпақтары, Тимуридтер, Сібір мен Орталық Азияға билігін жүргізген Шайбан ұрпақтары шығады. Бұл дәуірде қазақ және өзге ұлттық мемлекеттік бірлестіктер өз алдына дербес құрылды. Сон-дықтан да, ортағасырлық Түріктер тарихын қалпына келтіру үшін екі тарихнаманы да, яғни көршілес отырықшы елдердің жазба деректерінде, өзінің өткен тарихы туралы тарих субъектілерінің өзінің жадын - даланың ауызша тарихнамасын да қосып біріктіре пайдаланған абзал[33,76.].

Захир ад-дин Бабырдың «Бабырнамасы» тек тарихи өмірбаяндық шығарма болып табылмайды. Захир ад-диннің бұл еңбегін осы өңірде бұрыннан қалыптасқан шежірелер мен тарихи баяндауларға тіркеп қоюдың негізі жоқ. «Бабырнаманы» қазақшаға аударған Б. Қожабекұлының пікірі бойынша, сол заманда өмір кешіп, тіршілік еткен дәуірін жазып қалдырған Шығыстың бірсыпыра тарихшыларының деректерімен салыстырғанда, Бабыр біреуден естігенін, яки болжағанын емес, өзі көзімен көріп, анық-қанығына жеткен жәйттерді ғана баяндайды. Жазу мәнері де, тілі де ерекше. Тілі қарапайым, сөйлемді нақты, қысқа құрады, әрі ұғымды, халықтың сөйлеу тіліне бейімделген, замандастары сияқты ділмарлық қызыл сөз, жөнсіз шешендікке салыну деген мүлдем ұшыраспайды[6,156.]. Бұл шығармаға қатысты көптеген саяси-философиялық мәселелер тарихи оқиғалардың мәні мен мағынасы, генотиптік және потестарлық құрылымдардың мемлекеттерден айырмашылығы, түркі халықтарының дүниежүзілік тарихи үрдістердегі орны өзіндік шешімін тапқан. Алдымен XV-XVI ғасырлардағы «Бабырнамада» суреттелген тарихи процестердің санада

бейнеленуінде өзіндік ерекшеліктері бар. Бабыр бастаған әулет өзін тек бір ортақ тектен ғана емес, ең алдымен әлемге «үлгі боларлық», қуатты империя құрған билеушілерден шығарады. Бұл тек өздерін Шыңғыс хан мен Әмір Темірге әкеліп саятын орта азиялық билеушілердің дәстүрінен ғана емес, сонымен бірге көшпелі түркілік мәдениеттегі «мәдени қаһарман» мәселесімен де байланысты. Жалпы алғанда Орта Азия санасындағы билік ұғымы Шыңғысханмен байланысты. Шыңғыстық ортақ идеясы – Шыңғысхан идеясы - Шыңғысхан тұқымының жоғары билікке деген даралық құқы. Орта азия түркілері арасында өкіметтік билік туралы көзқарастардың негізін құрады. Осыған сәйкес жоғары саяси билік тек элитарлық тап өзінің шығу тегін аты шулы Шыңғысхан ұрпақ-тарынан тарататын болды. «Темірдің тарихшылары Шыңғысханға тиесілі етіп көрсеткісі келді, яғни оның Шыңғысхан династиясымен туысқандық байланысын іздеді. Шын мәнінде Ақсақ Темір моңғол емес түркі болған, оған «Тарих-и Рашиди», «Бабырнама» атты тарихи еңбектер куә. Бабыр бірақ, моңғол Шыңғысханнан қалыптасқан тәртіп пен шарттарды орынды деп түсінген. «Бұрын біздің ата-бабаларымыз Шыңғысханның қағидасын мұқият сақтайтын. Жиында, мәжілісте, тойда отырғанда, ас жегенде, орнынан тұрғанда, олар сол қағидасын бұлжытпай орындайтын»[6,219 б.]. Өтеміс қажы сияқты түркілік көшпелілер арасынан шыққан тарихшылар атап өткендей, мемлекет басқаруда ұлы адамдардың (патшалар, қолбасшылар, ғұламалар т.б.) рөлі өте жоғары. Демек, билеушілер арлы, ақылды, жанашыр, әділетті болса, халықтардың жағдайы жақсарады және өздерінің табиғи құқықтарына жетуге мүмкіндік алады. Шыңғысханның үндеуі мынадай: «Ұлдарым, менің сіздерге өсиетім мынау: дұшпанға қатал болыңыздар, достарыңызға жақсылық етіңіздер, бір мінезді, бір сырлы (сөзді) болыңыздар, сонда өздеріңіз байлық пен бақытты, назды етесіздер, сол мүліктеріңізге Тәңірі береке бергей!»[6,108-111 бб.]. Захир ад-дин Бабыр өз иелігінен айрылып қалғанда патша емес әмірші емес ол тек қарапайым адам санатында қалды. Менің бұл жерде айтайын дегенім ол мықты лидер яки қолданыстағы тілмен айтар болсақ, – көшбасшы. Көшбасшылық саясаттану ғылымында адамдар, әлеуметтік топтар, институттар, қоғамдар арасындағы қатынастардың бір механизмі тетігі ретінде қаралады. Көшбасшылық қызметін ой елегінен өткізсек бірнеше түсінікке

келіп тірелеміз. Біріншіден, көшбасшы белгілі бір дәрежеде «рәміздік» рөл атқарады, оның ықпалы субъективтіліктің жарқын психологиялық құбылысына негізделген. Көшбасшылыққа деген қызығушылық және осынау күрделі де маңызды әлеуметтік құбылысты саралап ой елегінен өткізуге талпыну сонау антикалық дәуірден басталады. Антикалық тарихшылары Геродот, Плутарх және батырлар, патшалар мен әскербасыларды тарихтың жасампаз күштері деп санап, саяси көшбасшыларға көп көңіл бөлген. Сонау біздің заманымызға дейінгі 430 жылы антикалық кемеңгер Перикл «саясатты тек тандаулылар ғана жүзеге асыра алады, ал оны көпшілік қауым әңгіме етуі мүмкін» [34,108-111бб.] - деген екен. Ол саяси билеушілерге арналған, қулық пен күшті, шеберлікпен шың-даған ақыл кеңестерді құрастырды. «Тұлғалар теориясы»— идеялық көшбасшылар халық қаһармандарын саралап – сараптаудан туын-дауы заңды құбылыс екендігі де сондықтан. Саяси көшбасшы саяси үрдістің бір мезгілде субъектісі һәм объектісі.

1. Билік жүргізушілердің беделі қалыптасқан салт-дәстүрлерге сүйенеді.

2. Рационалды – ашық көшбасшылар-демократиялық жолмен сайланғандар.

3. Харизматикалық көшбасшылар бұқараның түсінігі бойынша ерекше дарын қабілетке ие, қасиетті жандар.

Аталған көшбасшылық типтердің ішінен ерекше назар аударатындардың бірі «Харизматикалық» тип болып саналады. «Харизма» түсінігі «құдайдың қалаған құлдары немесе «мандайында» бұйырғандар дегенді білдіреді. Бұқараның түсінігі бойынша ерекше дарын қабілетке ие, қасиетті жандар. Олардың билігі құдайдың қалауымен жүзеге асуда және оған бойынұсыну жазмыштың ісі деп түсіндіріледі. Билік жүргізушілердің беделін сараптау негізінде М. Вебер лидерліктің мынадай типологиясын көрсеткен. «М.Вебер саяси көшбасшыларды топтастыруға алғаш қашам жасаған неміс ойшылы. Ол саяси серкелерді «бедел» ұғымына негіздеп былай жіктеуді ұсынды:

- 1) Билік әкеден балаға мирас ретінде қалса, әдет ғұрыптық.
- 2) Конституция арқылы сайлау басшылық орынға келгендер
- 3) Ерекше қадір қасиеті мен қабілетіне байланысты билік басына келген харизматикалық топ бастар [35,163 б.]. М. Вебер көрсетіп отырған үш түрінің ең соңғы типі Бабырға жақын. Демек,

Бабыр харизматикалық көшбасшы. Ферғана уалаятында билік жүргізіп ең аяғында тағынан айрылып қалды. Есеңгіреп не болмаса қалың бұқара халыққа еніп жоқ болып кеткен жоқ. Көшбасшылық қабі-летімен артына 300-ге жуық топты ертіп өзінің тұлғасын әлемдік тарих саханасына танытты. Өмір Темір және оның мұрагерлерінің құрған мемлекеті бірнеше ғасыр өмір сүрген тұрақтылығымен ерекшеленеді. Бұл бір жағынан өз тарихында болған қателіктерді қайталай бермейтіндігін де аңғартса керек. «Моңғол шежіресіндегі аса көрнекті ұлағаттардың бірі Елюй Чу Цайдың Үгедейге айтатыны «Сендер аспан астын аттың үстінде отырып алсаңдар да, аттың үстінде отырып басқара алмайсыңдар» деген көрегендік өсиетін ерте түсінген моңғол билеушілері мемлекет құру, билеу саясатында әуелде ұйғыр, кейін Қытай, Иран тәжірибесін жақсы пайдалана білді»[36,163 б.]. Осы мәселеге қатысты Жақыш Хасеновтың «Ұлыс еліндегі әкімшілік жүйесінің құрылымы» атты мақаласынан кейбір үзінділер келтірейік: «Ұлыс қоғамы әмбе дарази қоғамы болды. Бұл қоғамда біреуді біреу қанау, қинау, мәжбүрлеу, қиянат жасауға тиым салынған. Қылмыс деп танылатын зорлық, зомбылық, өктемдікке жол берілмейтін. Ешбір еңбекші жәбір-жапа, қорлық-тарлық, қағажу көрмеді. Жалқаулыққа жағдай жоқ еді. Әр адам өз қабілетіне шақ еңбекпен айналысты. Сол еңбегіне балама ретінде, қатаң есеп жүргізу арқылы мұң-мұқтажы толық қамтамасыз етіліп отырады. Қоғам дегеніміздің өзі: қо – озық бет алыс, ғам - әмбе яғни масса, қоғам – озық беталыстағы масса - бірлестік, әмбе мағынасында. Ұлыс билерінің ел басқаруы ғылыми негізге құрылды. Заң - ереже, қағидалар, шаруашылықты ұйымдастырып жүргізу шаралары, ғылымды дамыту, ел басқарудың ұйымдық құрылымы, бәрі-бәрі жеке адамның, яки белгілі бір тобын, ат төбеліндей аз ғана өктемдердің мүддесі тұрғысынан емес, қарапайым, адал еңбеккерлердің мүддесі тұрғысынан қаралып зерттеледі. Қоғам өзінің барлық мүшелерінің қорғаны, оның игілігіне негіз қалау бағытын ұстанады» [37,50 б.]. Бабыр Ауғанстан жерлерін жаулап алған соң «Бабырнама еңбегінде: «Осы уақытқа дейін Темір бектің үрім-бұтағы патшалық билікте болсам да мырза деп атады. Енді мені падишаһ деп атандар деп бұйырдым»,– дейді бұғанға дейін мырза аталған Бабыр[6,51б.]. Мырза сөзінің екі мағынасы бар. Бірі жалпы ер азаматтарға құрметпен сыпайылық танытқан кезде оның есімін қосып айтамыз. Екіншіден, Мырза сөзі ерекшеленіп белгілі тұлғалардың есімінің

алдында айтылып, оның қоғамдық мәртебесін көрсетеді. Зерттеушілер түркілердің «ақ-сүйектер» және «қара сүйектер» болып бөлінгендігін атап өтеді. Ақ-сүйектерге Шыңғыс тұқымын жатқызса, қара сүйектерге қалған бұқара халықты жатқызған. Демек, ақсүйек тұқ-ымының пайда болуы Орталық Азиядағы мемлекетаралық қатынас-тардың қалыптасуымен және жаугершілік заманының билік етуімен тығыз байланысты. «Ақ-сүйек» тұқымының өкілдері өздерін Шыңғыс ханның ұрпақтарымыз, «төреміз» деп санаған. «Төре» – бір кездері Шыңғыс хан енгізген заңдар осылай аталса, кейіннен атал-мыш сөз оның ұлдары мен ұрпақтарының титулына айналған. Сонымен «төре» ұғымы әлеуметтік тұрғысынан алғанда ханнан төмен тұрған оның туысқандары. Қазақ хандары Шыңғыс хан дәуірінен бастап «төре» сөзін өздерінің ұлдарымен туысқандарына қатысты қолданған. Алайда осындай потестарлық қоғамда XV-XVI ғасырлардағы Орталық Азия жағдайында, Еуропадағы христиандық сияқты, мұсылмандық өзіндік сана алғашқы қатарға шығады. Мысалы, Бабыр Үндістанға жасаған жорығында, бұл елдегі бұрынғы басқа діндегі мемлекеттерді еске алмай, тек үш мұсылман патша-лығы болды деп жариялайды: «Оның біріншісі – Сұлтан Махмұт Ғази: оның үрім-бұтағы Үндістан тағында ұзақ жылдар отырды. Екіншісі – Сұлтан Шихаб ад-дин Гури, оның өзі, құлдары, сыбайлас-тары бұл елде көп жыл билік жүргізді. Бөтен елден келген үшінші патша – менмін» [6, 311 б.]. Орталықазиялық билеушілер өздерінің жаугершілік саясатында діни факторды көп пайдаланған. «Бабыр-намада» үнділік раджаларды бағындыру Ислам туы астында жүзеге асып отырылды делінеді: «934 жылы, жаратқан иемнің қолдауымен Рана Санканың белді де қуатты адамының бірі, қол астында бес-алты мың кәпірі бар Мидини Раодан Чандириді тартып алдым. Кәпірлерді жаппай қырып-жойып, ұзақ жыл соғыстан жапа шеккен Чандири аймағын ислам еліне айналдырдым» [6, 314-316 бб.]. Бұл жерде үш ескерту қажет. Біріншіден, «кәпірлерді қыру» дегенде мәселе бейбіт тұрғындарды жою жөнінде емес, ал берілмеген қарсыластар әскерін құрту туралы әңгіме болып отыр. Екіншіден, ортағасырлардағы ұдайысыз соғысуды қазіргі заман құндылықтары тұрғысынан емес, ал сол кезеңдегі саяси ерекшелік-терімен түсіндіру дұрыс. Үшіншіден, ортағасырлық тарихи деректер жаулап алушылар негізінен бөтен халыққа қатысты екі түрлі саясат ұстануы мүмкін болғандығын айқындайды. Біріншісі сол елге соғыс олжасы ретінде қарап,

зорлық пен күш көрсетуден таймау. Екіншісі бағынған елге өз ұлысындай қарау, әрі қарай соны қорғау, осындай саясаттың мысал-дарына Хубилай ханның Қытайды өзінің Юань империясына айналдыруы және Бабырдың Үндістанда Ұлы Моғолдар мемлекетін құруы жатады.

Кейбір тарихшылардың мәліметтерінде Темірдің неліктен хан емес, патша емес әмір деп аталуы оның ақсүйектен емес, қара сүйектен шығуы деп атап көрсетеді. «Әмір Темір 1336 кеш уәлаятының Қожа елғар қыстағында дүниеге келді. Әкесі Торағай тайпаларының бірі Барлас руынан болған. Әмір Темір сол заманның қалыптасқан дәстүрі бойынша Шыңғыс хан тұқымының бірімен үйленген соң «көрекен» атағын берген, ол «күйеу бала» деген ұғымды білдіреді»[38]. Темірдің ұрым-бұтақтары тек шайқы, мырза, бек аталып келуі осыдан ба деймін. Ұлы моғолдар тайпасында билеуші топ түрлі түркілік және парсыланған моғол тайпаларынан құралғаны белгілі. Орта Азиядағы кейінгі орта ғасырда әрекет еткен мемлекеттік бірлестіктерде саяси элитаны білдіретін бірнеше атаулар бар. Түркі-моңғол халықтарында ең жиі кездесетін билік лауазымы «хан» атауымен байланысты. Орта Азия тарихшылары бұл билік дәрежесіне нақтылы түсіндірмелер беріп өтеді. Мысалы, Құрбанғали Халид Аяғөзи «Бес тарихында» «ханнан да жоғары дәрежеге «хақан», яғни хандардың ханы делінеді, кейбір батыс елде-ріндегі «император» дегені осыған сай келеді», –деп атап өтеді. Бұл түркі тілінде ерекше көңіл бөлінетін ұлық, шен; арабшадағы – «әмір», парсышадағы - «падишаһ» деген сөз осымен сарындас. Арабтар исламға дейін өз патшасын «Мәлик» деген. «Усулы тауа-рих» кітабы даңқ пен атаққа бөлінбей төрт атадан хан, яки бек болса жетеді дейді, ал «Қағидайы өзбеки» кітабында хан атына лайық болу үшін тоғыз ата тұтас би, бек болуы керек, ежелгі заң осылай. Осынау шарты толмаған соң Ақсақ Темір де хан атына ие болмаған дейді. Пайғамбардан кейін Әбу Бәкр«халифа» (орынбасар) деп, Омарды «әмир әл-мумин» (иман келтіргендердің әміршісі) деп, Умайя мен Аббасия дәуірінде бұл екі лақапты бірдей қолданды. Уасиқ Билләһ халифа заманында түркі уәзіріне «сұлтан» аты қойылып, кейінгі-лерге сұлтан атағы берілетін болды. Хан, әмір лақабы Бұхара, Ауған хандарына айтылып, шаһ, бек есімдері Қаратегин, Қанжут сияқты уақ билеушілерге айтылған.Европалықтар патшаны императорға лайық деп біледі, ал император латын тілінде «қолбасы» мағына-сында

болып, соңынан оны жеңімпаздарға қолдануға көшкен. Егер бұлай ескерсек оның мағынасына да дәрежесіне де «сұлтан» жақы-нырақ, себебі «сұлтан» мағынасы жеңімпазға көп лайық. Солардың ішінде дербес мағыналы ұғымға «төре» атауы жатады. «Төре» түркі, парсыша «дәррә» яғни «дуре» деген ұғым. Хан өзі тіріде әулеті билікке таласа алмайды, билігі ұрудан артыққа бара алмайды, содан дүре соғудан оған төре деген атақ тағылған. «Тибян нафида» үнді тілінде мағанасы «төре кем, төмен мағынаны білдіріп, үкімі ханнан бір табан төмен кісіні аңғартады деген»[39,431-432 бб.]. Бенгалда ғажайып ғұрып бар: бұл елде билік мұрагерге өте сирек қалды-рылады. Онда патшаға тақ жасалған; әрбір әмірге, уәзірге, адамға алдын ала орын белгіленеді. Бенгал тұрғындарына сол тақ, сол орын ғана маңызды. Әрбір орынға оған тән, оған бағынышты нөкерлері, қызметкері, қызметшісі бекітіледі. Ал патша біреуді тағайындағысы келсе, немесе орнынан алмақ болса, онда сол орында отырған адамға құлшылық еткен нөкерлер, қызметшілер, бұрынғыдай міндетін атқара береді. Тіпті бұл тәртіп патшаның басына да тән. Бұрынғы билеушіні өлтіріп, ебін тауып, оның орнын басып патша болса, бұрынғы әмірлер, уәзірлер, әскер де, халық та соған бас иіп, тағзым етіп, оны бұрынғы патшадай ұлық көріп қызмет атқарады, Бенгал-дықтар: Біз таққа деген адалдықты сақтаймыз, тақта кім отырса, соған құлшылық жасап, бас иеміз», - дейді[6,76б.]. Түркі халық-тарының түсінігінде кез келген адам билеуші бола алмайды. Алдымен исламдық ұстанымға сай патша құдайдың құлдарына қам-қоршы болуы керек және патшалық етудің шарттары бар екенін білуі қажет, ол шарттарсыз патшалықтың істері де, дін де, тіршілікте де реттелмейді. Бабырдың шәкірті, әрі бөлесі М.Х. Дулати патшалық басқарудың қойылатын он шартын атап өтеді. Тақырыбымызға жақын және өте маңызды болғандықтан бұның шарттары төмендегідей.«Біріншісі – белгілі бір істі шешерде патша өзін көпшіліктің бірі ретінде, ал басқаны өзіне әкім ретінде қою керек, өзі құптамаған үкімді ол басқаның қабыл алуын лайық деп санамасын. Екінші шарт: мұсылманның қажетін орындауды патша, ғибадат санасын. Пайғам-бар бұйырды: «мүміннің көңілін шаттыққа бөлеу – адамдардың барлық ғибадаттарымен тең». Мұсылман патша ұдайы мұсылман-ның мұқтажын өтеуге дайын болуы керек. Егер бір мұсылман оның есігінің алдында қажеттілікпен келіп күтіп тұрған болса, ол сол мұсылманның

талабын орындамай ешбір жұмысына кіріспеуі керек. Өзі нәпсінің ығына орай мұсылманның қажеттілігіне немқұрайлы қарамауы керек. Үшінші шарт: ішу және жеуге, киінуге келгенде «Рашид-дин халифаларға» еліктеп, ұқсап баққан жөн болмақ, ал әр түрлі тағамдарды жеп, мәз болып, ішімдіктер ішіп көңіл көтеріп, қымбат бағалы киімдер киіп жүруге дағдылану дұрыс емес. Хазірет Әлі әмір-әл-Мүмин «Алла оған риза болғай» халифалық таққа отырған күні - базарға барып, бір көйлекті үш дирхәмға сатып алды. Содан жеңін білезіктен төмен, ал етек жағын тобықтан төмен кесіп тастады, одан неге бұлай істедің деп сұрағанда, оған: «Бұл тазалыққа ыңғайлы және кішіпейілділікке лайық әрі ғибадатқа дұрыс», - деп жауап берді. Төртінші шарт: әңгіме барасында сыпайы сөйлеу, себепсіз қатал тіл қатпау һәм естігенде қатты мұңаймау, серігінді көп сөйлеп мезі етпеу, әлсіздермен, пақырлармен сөйлесуге арланбау. Мамун халифа заманында біреу қылмыс жасап, қашып кетеді. Оның ағасын [Мамунның] алдына алып келді. Мамун айтты: «Өз бауы-рынды тап, әйтпесе өзің өлесің». Ол кісі айтты: "Ей, әмір мүминием, егер сенің әкімің біреуді өлтіргісі келген болса, сен оған оны босатқын деп жарлық берсең, онда әмір оны босатар ма еді?». [Мамун] кенеттен: «Әрине босатады», - деді. Сонда сол кісі айтты: «Мен сені әлемге билеуші еткен Алладан үкім алып келдім. «Күнәһәрдің ешқайсысы басқаның күнәсын өз мойнына ала алмайды». Сонда Мамун: «Оны босатындар. Ол ғажап дәлелдеді», – деді. Бесінші шарт: [патша] халықты риза ету үшін үкімінде әлсіздік байқатпауға және алдамауға тиіс. Кез келген адамды риза ету үшін хақ (шындық) және шарифатқа қарсы іс жасамауы керек және мынаны білу тиіс: билік етудің ерекшелігі ұдайы елдің жартысы әкіміне риза бола бермейді, өйткені жауласушы жақты хаққа (шындықпен) риза ету де және жалпы халықтың әділ әкімге риза болуы да мүмкін емес. Сондықтан патша риясыз да әділ үкім берер кезде халықтың ашу-ызасын ойламайды, хақ тағаланың ризалығын көздейді. Алла тағала сонда оған риза болады һәм халықты оған риза еткізеді. Мысалыға, Алланың елшісі «Алла тағала оның жолын беріп, сәлемін жолдасын» айтты: «Алла тағала кімде кім Алланың рақымын, халықтың ашу-ызасын іздегенге разы болады, ал адам-дарды қанағаттандыру – Алланың ісі». Алтыншы шарт: Расул-Алла айтқандай патша елге төнген қауіптен қамсыз қалмауға тиіс, ол әмір мен басқарушының билігі мәңгі игілік пен бақыттың құралы екенін нақты білуі керек.

Көптеген патшалар мен әмірлер өтпелі дәулетке тәкаппарланып, өз нәпсісін [тежемей], дінді ойрандап, иман, арын таптайды. Сондықтан бүгін қолда билік барда дүниедегі дәулетті ақыреттің кіріптарлық дәні етпеуге күш салу керек. Тура жолға түсіп, әділеттікке қызмет етуді ғанибет санаған жөн. Әділ патшаның әр күнгі әділетті ісі оның жасаған барлық ғибадаттарымен тең келеді. Сондықтан ол өзін осындай бақыттан мақұрым қалдырмауға тырысуы тиіс. **Жетінші шарт:** патшаның дінді уағыздаушы ғұламалармен дидарласып, сұхбаттасып отырғаны мақұл. Бұл заманда ондай адамдарды табу қиын. Ал егер де бақытына орай табылып жатса, олармен кездесуге ынталы болып, олардың насихатын өз өмірінің бақыты деп білуі тиіс және тақуа сипатындағы надандармен, өтірікшілер, пасықтармен сұхбаттасудан аулақ болу керек, өйткені бұл адамдар дінді ойрандаушы болып табылады. Мынадай бір аңыз бар: һарун-ер-Рашид, Шейх Шакик Балхиді «Алла оның құпиясын нұрландырсын» шақырып маған бір ақыл-кеңесінді бергін деп сұрады. Ол (таза киелі жан) жауап берді: Әй, әмір әл-мүминин, Алланың бір сарайы бар. Оны тозақ деп атайды. Сені сол сарайдың есікшісі еткен және саған халықты ұстау үшін үш нәрсе берген, ол: мал (байлық), қылыш, қамшы. Байлықпен сен мұқтаждардың қажетін өтейсің, содан олар мұқтаждыққа душар болмайды. Залымдарды қылышпен көндіресің, ал пасықтарды қамшымен тәрбиелейсің. Егер осылай ететін болсаң сен өзіңді де, халқыңды да құтқарып қаласың. Керісінше істер болсаң бәрінен бұрын тозаққа барасың, ал басқалар да сенің соңынан ілесетін болады». **Сегізінші шарт:** патша мен-менсіп һәм тәкаппарланып халықты жәбірлеп, өзінен шошытпауға тиіс, қол астындағыларға, әлсіздерге, игілік, шапағат жасап қара халықтың сүйіспеншілігіне бөленуге ұмтылуы керек. Пайғамба-рымыз «Алла оған сәлемі болсын»: «Ең жақсы патшаларың сіздерді сүйетін және сіздер оны сүйетін патшалар. Сіздердің ең жаман әкімдеріңіз сіздерді дұшпан деп санайтын һәм сіздер де оларды өздеріңіздің жауыңыз деп санайтын әкімдер». **Тоғызыншы шарт:** патша қиянатшыл, залым басшылардың қылмысына бейжай қара-мауға тиіс және қасқыр мінезді залымдарды қара халықты басқаруға қоймауға міндетті. Әрі біреуінің зұлымдығы мен қиянатын көрген заматта оған сөгіс беріп жазалауға тиіс, осылайша басқаларға ғибрат етуі керек. Патшалық етуде жұмсақтық, бостық танытпауға және басшылықтағы адамдарды ақыл-кеңесімен де, жазалау жолымен де тәрбиелеуге

тиіс. **Оныншы шарт:** әкім не патша парасатты болуы керек. Патша болып жатқан оқиғаларға пайыммен, терең үңіліп қарауы керек һәм әркім даналық, ақыл, ақиқат алдында оларды тудырған себепті айқындап әрі даналық көзбен олардың зардабын көре білуге тиіс. Егер олар кәдуілгі іс болса, шарифат жолымен шешуге міндетті, ал егер мәселе шиеленісіп кеткен болса, оны парасаттылық нұрымен ұғуға тиіс. Осы турасында басқалардың айтқанына сенбеуі керек. Өйткені аяқталынатын мәселелерді шексіз пайымдай беру тілімен түсіндіруге болмайды. Мұсылман қауымы-ның патша санасуға тиіс бірсыпыра хақы бар екенін білгін. Әкім не патша құқықты өтеуге аяғынан тік тұруға міндетті. Яғни, ол істі атқару оларға уәжіп саналады. Ол не? Ол [патшаның] мұсылман-дарға кішіпейіл болу және билікті пайдаланып дандайсып мұсыл-манға тәкаппарлық көрсетуге болмайды және нақты деп білсін: Хақ тағала тәкаппарлар мен залымдарды дұшпан деп санайды. Егер [патша] қара халықтың әңгімесіне құлақ қоймайтын болса, сол үшін өкінетін болады. Ол [патша] егер өсекшілер, арам пейілділер мен қызғаншақтарды тындайтын болса, олар пасық (шіріген) сөздерді айтып жеткізеді және қызғаншақ, барлық жақсы нәрсені жаман деп санайды. Мынадай бір әңгіме бар, бірде бір кісі әмір әл-мүминин Әлінің жанына барып, біреуді сөз етуге кірісті. Әмір әл-мүминин айтты: «Бұл әңгімені тексеріп көреміз. «Егер сен шындықты айтсаң, онда сені сөз тасушы ретінде жазалаймыз, ал егер алдасаң, өтірікші ретінде жазалаймыз». Бірақ жаздым-жаңылдым (тәубе) десең сені кешіреміз». Ол жауап берді: «Әй, әмір әл-мүмин, тәубе қылдым», – деді»[40,211-214 бб.]. «Қасиетті пайғамбарымыздың заманынан бері Үндістан аймағына біздің жағымыздан үш патша билік жүргізіп, патшалық құрды. Оның біріншісі – Сұлтан Махмұт Ғази; оның үрім-бұтағы Үндістан тағында ұзақ жылдар бойы отырды. Екіншісі – Сұлтан Шихаб ад-дин Гури; оның өзі, құлдары, сыбайластары бұл елде көп жыл билік жүргізді. Бөтен елден келген үшінші патша – менмін; менің жағдайым ол патшалардан бөлек. Сұлтан Махмұт та Үндістанды жаулап алғанда Хорасан тағына ие болып отырған, Хорасанның сұлтандары да, оның шетіндегі аймақтар да соған бағынатын; Самарқанның ағзамы да, оның қарамағында болатын. Оның әскері екі лак да, бір лак болғанына ешкім дауласпайтын шығар. Оның үстіне ол жеке раджалармен жауласты; ол кезде Үндістан бір патшаның билігінде еместі; әрбір раджа өз жеріне жеке билік жүгізетін. Сұлтан Шихаб ад-диннің де жағдайы солай

болатын. Бірақ Хорасан бағынбайтынды, ондағы билікті оның бауыры Гияс Гури жүргізгенді. «Табакат-и Насириде» Сұлтан Шихаб ад-дин бірде Үндістанға жүз жиырма мың сарбаздарымен атаныпты деген мәлімет бар. Оның қарсыластары да рай мен раджалар болатын. Бүкіл Үндістанға ешқайсысы да толық билік жүргізген жоқ. Біз алғаш Бхираға келгенімізде бір мың бес жүз, көп дегенде екі мың адам болған шығармыз. Ал бесінші рет Сұлтан Ибраһимді күйретіп, Үндістан патшалығын алғанымда, қарауымда бұрын-соңды қарасы көрінбеген әскер бар еді, нөкері, саудагері, қызметшісі бар, әскер құрамында тізім бойынша он екі мың адам болды. Маған Бадахшан, Құндыз, Кабул және Қандағар аймақтары қарағанымен бұлардан ешқандай пайда көрмедім, керісінше, осы аталған аймақтың кейбірі шекаралас болды да, бұларға едәуір жәрдем беруге тура келді. Оның үстіне Мауараннахрдың барлық жері жүз мыңға жуық әскері бар өзбектің ханы мен сұлтандарының қол астында болды; бұлар біздің ата жауымыз еді. Ал Үндісанның Бхирдан Бихараға дейінгі аймағы ауғандықтардың қолында болатын. Үндісанның патшасы Сұлтан Ибраһим еді; жерінің молдығына қарағанда оның бес лак болуы керек емес пе? Сұлтан Ибраһимнің кейбір бүлік шығарған кездерінде, оның жасағы жүзге жеткен көрінеді. Бұл патша мен оның әмірлерінде, мыңға тарта піл болды деп айтады. Бұл жолы мен осыншама көп әскері бар, кең мемлекеттің Сұлтан Ибраһим Лор сияқты басшысымен жүз кездестім. Үмітім ақталып, жаратушы ием жар пендесін зарықтырмай жауын табаны-ның астына таптатты да, Үндістан сияқты ұлан-ғайыр мемлекетті басып алуға мүмкіндік туғызды. Мұндай бақыткүшіміздің, қайра-тымыздың, қуатымыздың арқасында құдайдың күдіретімен, оның қолдауымен жеттік» [6,79б.]. «Бабырнамада» түркі әлеуметтік орта-сына кірместен бұрын «әлеумет» атауына ашып алайық. «Әлеумет, социум (лат. Socium - ортақ) әлдебір мәнді қарым-қатынастағы адам-ның өмір сүру жағдайларының бірлігімен сипатталатын тұрақты да үлкен қауым» делінген «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» [41,660 б.]. Зерттеушілер атап өткендей, қазақ дүние-танымында бұл ұғым «ел», «жамағат», «қауым», «жұртшылық» сияқты түсініктерге жақын мағынада қолданылады. Бұл сипатта жеке адамдардың басқалармен бірегейлену, топтау, ортақ өмір сүре алу мүмкіндіктері алдыңғы қатарға шығады. Айталық, қазақтың: «Алқалаған әлеумет, сөзіме құлақ салыңыз»

деген тіркесінде «әлеумет» сөзі жақын-жуық немесе туған-туыс деген тар шеңберден шығып, жалпы өзін түсіне-тін адамдар туралы кең ауқымда алынып отыр. Осы жағынан «әлеумет» термині мәдениетпен мағыналық жақындық танытып тұр. Екеуінің де түйіні - адам. Олардың бірлесе өмір сүре алу қабілетті-лігі» [42,32б.]. «Бабырнамада» түркі әлеуметтік мәдениетіндегі қауымдық құрылымдардың мәртебесі тұрғысынан біраз мәлімет берілген. Негізінен көшпенділер мәдениетін зерттеушілер ерекше-ленген адамдар ретінде ру басыларды, қолбасшыларды, бектерді, батырларды атап өтеді.«Бабырнама» еңбегінде билеуші топтарға мінездеме беру барысында, әлеуметтік рөлі мен мәртебесіне де көңіл бөлген. **Рулар** «Характерной особенностью всех кочевых народов, в том числе и казахов, является сложная и широко разветвленная «родоплеменная» структура. Социум дробился на множество иерархически организованных племен, родов групп и более мелких подразделений и ответвлений, взаимосвязанных сложной системой общественных отношений и традицией единого генеалогического древа»[43].Бабырдың құрған мемлекетінің астында көптеген рулар болған. Ру мүшелері өздерін туыс деп санаған. Рулық меншік сақталған.Үлкен кішілі ру басылары өз басқару көлеміндегі ру адамдарының адамдығын, ар-намысын, абыройын қорғауға, басқа ру адамдарының келмеждеуінен, аяқ асты етіп қорлауынан сақтауға жауапты. Өзі басқарып отырған ру ішіндегі және өз руы мен басқа рулар арасындағы дау-шар жұмыстарына иегерлік етуі тиіс. Сол ру ішінде кездейсоқ апаттарға, айталық өрт апатына,селге, тасқынға тап болған, жұтқа ұшыраған, жауға шабылып ауыр халге душар болғандарға, елден жылу жыйып құтқаруға, оның тұрмысын оңдауға, көмектесуге міндетті. Жанашыр жақын, асырап сақтар баласы жоқ кәрі немесе мүгедек адам болса, оны бақтыруы, асырап сақтауы керек. Егер ондай адам үркіп-қорқып, тыныш кездерде аштан өлсе, үсіп өлсе ел басшылары жауап береді де, үлкен тайпал-арға құн төлейді. Егер сыртынан біреулер баспана тілеп келсе, ол басқа ру, басқа ұлт адамы болуына қарамастан, адамдығын қорғауға, тұрмысына көмектесуге, жан баға алмай қаңғырып келгендерге елден жинап беріп құтқаруға жауапты. Егер мұндай адамдар өздері сол рудың адамы болуға риза болса, оны сыртқа теппей өз руымыз деп есептеп, кісі өлтірсе, құн төлеуге, кісі өлсе құн алуға болады деген ереже белгіленген.**Сұлтандар:** хандық түркілік әкімшілік жүйеде

белгілі бір қызметке ие болған. Сұлтандардың негізгі жұмысы қауымдастық мүшелеріне қызмет көрсету. Ал, қауымдастық деп отырғанымыз көшпенділер қауымдастығы. Сұлтандар елдің қоғамдық-саяси өміріне тікелей араласып, өз қарамағындағы халыққа хан билігін жүргізіп отырған. Аталмыш биліктің қамтамасыз ету, тарихи қалыптасқан жайылымдық жерлерді жоспарлы түрде игеру және көшпенділер территориясына билігін жүргізу». Сұлтан лауазымы ер адамдарға ғана емес әйел затына да беріледі екен. Сұлтан Нигар ханым, Фатима Сұлтан т.б. Иелікті басқарып отырған адам Сұлтан оның алып отырған бәйбішесі де Сұлтан лауазымын иеленеді. Сұлтанды «Бабырнама» мен «Тарих-и Рашиди» еңбегінен байқағанда бұдан жоғары Хан не болмаса патша болады. Сұлтанға белгілі бір иелік беріледі ол сол иелікке билік жүргізеді. Билік жүргізіп ғана қоймай, ішкі-сыртқы жаулардан қорғану, елдің әлеуметтік жағдайы мен ел бірлігі мен тыныштығына толығымен жауапты адам болып табылады. Түркі жұртшылығында бәйбішесіне де Сұлтан лауазымының берілуі тегіннен-тегін емес, оның да алқалы жиын мен іс жүргізуде айтарлық сөзі мен ой қосуға құқысы бар. Осы жөнінде Зия Көкалып: «Ежелгі Түріктер әрі демократ, әрі әйел құқықтарын құрметтейтін феминист болған. Жалпы демократиялық қоғамдар әйел құқығын құрмет тұтады. ...Мысалы, қоғамды басқару қаған мен хатунға ортақ болғандықтан, жарлық хат жазылғанда «Қаған бұй-ырады» деп бастаса жараспайтын. Бұл жарлыққа көпшіліктің мойынсұнуы үшін міндетті түрде жарлық «қаған мен хатун» бұйыр-ады деген сөздермен басталуы тиіс еді. Қаған жалғыз өзі отырып елшілерді қабылдай алмайтын. Елшілер тек оң жақта қаған, сол жақта хатун отырған жағдайда екеуінің құзырында болатын. Кеңестерде, құрылтайларда, ғибадат сәтінде, діни рәсімдерде, соғыс және бітім жайлы жиындарда хатун міндетті түрде қағанмен бірге болатын. ...Ежелгі түрік әйелдері, негізінен, амазонкалар тәрізді болған. Атқа жақсы отыру, қару қолдану, ерлік түрік еркектері сияқты түрік әйелдеріне тән еді. Әйелдер тікелей әмірші, қамал күзетшісі, уәли және елші де бола алатын. ...Феминизм де ежелгі түріктердің қатты мән берген принциптерінің бірі еді. Әйелдер дүние-мүлікті пайдалану құқығына ие болуларымен бірге дірлік-терге, зеаметтерге, хастарға, үйге де ие бола алатын. Елдегі қауым-дардың ішінде түріктер сияқты әйел құқықтарын құрметтеген басқа қауым болған емес» [44,111б.] -дейді. Сондықтан да әйелдеріне де сұлтан

бике лауазымы жайдан жай берілмегені анық. «Бабырнама» еңбегінде Сұлтаннан басқа мырза сонымен бірге бек лауазымдары көптеп кездеседі. Бек қолбасшыларға берілетін жоғарғы мансап, олай дейтініміз, дастархан басында жоғарғы жақтан орын беріледі сонымен бірге ұрыс кезінде де ең маңызды деген саптың қатарында тұрады. Мынандай жолдардан көруімізге болады. **Бектер:** түркі қоғамының әлеуметтік баспалдағы бойынша сұлтандардан кейін тұрған, элита мүддесін қолдаған рудың белді өкілі. Бектердің құқық-тық теңдігі хан және сұлтандармен бірдей болғандықтан олар сот істерімен кіріс жұмыстарына тікелей араласа алды. Сондықтан билік басында отырған хандар мен сұлтандар бектер мен билер пікірімен санасатын болған. Көшпенділер қоғамының тірегі билердің тағы бір ерекшелігі олар бұқара халық қамын ойлайтын, халқының жоқтау-шысы бола білетін жанашыр адам болған. Халық, қауым арасында туындаған қақтығыстар барысында билерден әділетті шешім, орын-ды ақыл-кеңес күткен. Сонымен билердің атқаратын қызметі мен әлеуметтік ролін төмендегідей қорытындылап, сипаттауға болады: біріншіден, билер - беделді ру өкілдері, екіншіден, билер – көш-пенділер ұжымының басында тұрады және олардың ісін жүргізеді, үшіншіден, билер - әділ төрешілер болып табылады. Тағы бір айырықша айтып өтетін ерекшелік, адам мен қоғам тағдырын шешетін бас тұлға – билер сайланып қойылмай, халық арасынан сұрыпталып шығып отырған. Сұлтандарға қарағанда бұқара халық-тың жанына жақыны билер болды. **Нөкерлер мен төлеңгіттер:** Өз қожайындарының жеке күзетшілері. Сонымен қатар, олар өз қожайындарының басқа ұлыстарға жорықтарына қатынасып отырған. Бірақ нөкерлер міндеті мұнымен шектеліп қалмай, олар салық жинау жұмыстарына да белсене араласқан. Ең маңыздысы, нөкерлер өз қожайынының атынан басқа рулармен келіссөздер жүргізіп аса жауапкершілікті жұмыстар атқарған. Көшпелі шаруашылық-мәдени типтің әр ғасырлардағы кеңістігінің ұлғаюы, аридтік аймақтағы ылғалдылықтың артуы, мал санының молаюына әкелді. Алғашқы көшелілерде мал негізінен қауымдық қармақта болғанымен, кейінгі әлеуметтік жіктелу мүліктік теңсіздікті тудырады. Еншіге беру дәстүрі мен кәсіпті мұралану мал саны мол байлар мен оларға тәуелді кедейлерді ажыратты [45]. «Бабырнама» еңбегінде қазақ тарихына қатысты мағлұматтар бар. Соның бірі - қазіргі қазақ тайпасының құрамына кіретін рулардың ішінде арғын руының

біраз бөлігі Бабырдың қол астындағы жауынгерлерлік қызмет атқарған. Хатшылық, елшілік, оқу-сызу жұмыстарына жақыны жалайыр рула-ры болса қази, молдалық, діни істермен айналысып, діни білімге жақын руға кірмейтінқожаларда кездеседі. Дулат руынан ақсүй-ектер бар бірі әжесі Исан Дулат бике, екіншісі өзінің туған бөлесі Хайдар бұдан басқа елшілік қызмет атқарған Дұст дулатта бар. «Моғолстан негізін салушы дулат тайпасының көсемі Әмір Бол-атшы. ...Халқы дулаттар, қаңлы, керейттер, арғындар, үйсіндер, барластар. ...Осылардың ішінде дулаттар ең қуатты тайпа болды [6,70б.]. Кейіннен Моғолстан ыдырап, жеке мемлекет болып өмір сүруін тоқтатты. Түркілік қауымдағы төменгі санаттағы әлеуметтік топ болды. Түркілердің дәстүрлі әлеуметтік тобы жалдамалы, құл есебінде төлеңгіттер тайпасын кіргізеді. Соғыс тұтқындарын түркі-лер, янычарлар деп атаған.Отбасылық құлдық түркілік көшпелі қоғамда да кең таралған. Мысалы, батырлық жырларда мәдени қаһармандарды тәрбиелеушілер қатарынан құл мен күнді жиі көруге болады. Оларды кейде «аға» мен «апа» деп те атаған. Бабыр Ұлы Моғол негізін салған патша - мемлекет басшысы. Жаңа мемлекеттің негізін салған Бабырдың санасындағы мемлекет ұғымы «мемлекет - жауапты іс», «ел басшысы әділ, сауатты, білімді болуын қажет етеді»- дей келе сауаттылық жөнінде үлкен ұлының хат жазуында әрбір әріпті хатқа сұлу да ұғынықты, әдемі-көркем түсірілуі керектігін айтқан.Оқу ісі мен жауынгерлік ептілік өз алдына, ең бастысы өзінің туған ұлы Құмайынды мемлекетті билеу өнеріне баулиды. Саяси көшбасшылықты зерттеулерге айрықша үлесті қайта өрлеу дәуірінің өкілі Н. Макиавеллиде өзіндік үлес қосты. Патша туралы Н.Макиавеллидің «Мемлекет басшысы басқа мемлекетті жаулап алып, билігін жүргізгісі келсе, бұрынғы билік басында отырған басшының тұқым-тұяғына дейін қалдырмай құртып жіберуі тиіс»[46,92б.].— деген тұжырымдамасы бұл тарихқа қиянат, басшыға тиімдірек болмайды. Бабырдың басқа мемлекет басшыларынан айырмашылығы жаулаған елдерінің бұрынғы басшыларына «ақсүй-ек, асыл тұқым» деп ерекше құрмет көрсеткен, ешбіреуінің өміріне қол сұқпаған. «Басқа елдің салтына тұрмыс-тіршілігіне, рәсіміне тиіспеңдер бұрыңғы қалпы сақталсын»,- деген. Білімділігін билеуші ретінде өзі жаулаған елдердің салт-дәстүріне, мәдениетіне құрмет-пен қарағанынан байқауға болады. Ол бір сөзінде «Балам, мемлекет басшысының

санасында жалғыздық деген ұғым болмауға тиіс, әрбір ісінді қабырғамен келісіп ақылдасып істе» деген кесек сөзі мен салиқалы ойларын «Бабырнама» еңбегінен кездестіреміз. Дұрыс басқарудың қыр-сырына үйрете отырып тиімді жолдарын айтқан. Бірде ол ұлы Құмайынға төмендегідей рубай жазып жібереді:

Тағдырға көн көпшілікпен бір болсаң,
Дербес болсаң өз бетінше өмір сүр.
Патшалықтай берік бұғау жоқ қорған,
Бірақ патша дара бола алмайды ол. [6]

Бұндағы айтпақ ойы Құмайынға: «Жаныңдағы адамдармен бірлесіп қимыл жаса, солармен не істі бастасаң да ауызбірлікте бол. Патша деген жалғызсырамау керек; жаныңда нөкері, қол астыңда халқың бар, халықтың қайғысы сенің қайғың, халықтың уайымы сенің уайымың» деп әрдайым есіне салып отырған. Ұлы Құмайынға мемлекет алдында өзін борышты сезінуді, борыш пен қарызды абыроймен ақтауды үйретеді. Патша мемлекетке мықты саясат жүргізіп ғана қоймай, мемлекет билеу өнеріне де үлкен үлес қосты. Бабырдың бекіткен *мемлекет билеушісінің міндеттері* төмендегідей:

1. Мемлекеттің мүддесі бірінші орында.
2. Ел жаулап алғанда, мемлекет басқарғанда кейбір қимылдар ерсі көрінеді, бірақ оны ой елегінен өткізіп, арғы-бергі жағын егжей-тегжейлі салмақтаған жөн.
3. Ел билейтін адам міндетті тұрғыда әділ болуы тиіс.
4. Мемлекет билеушісі үшін жалғыздық деген санада болмауға тиіс.
5. Егер қамал бекініссіз қалса-мемлекет басшысы жауапты. (шекара)
6. Қазына ортайып, азық-түлік жетіспесе – мемлекет басшысы кінәлі. (экономикасы)
7. Елшілерге, мейрамханаларға, қамал реттеу, азық-түлікке қаржы бөлу, қаржы табыстан алынсын, ол тиісті заңды жұмсалсын. (салық жүйесі)

Мемлекет жүйесі төмендегідей сипатқа ие:

1. Бас билеуші, одан кейін билікке ие мұрагерлері.
2. Мемлекет мәселесін қабырғасымен шешкен. Уәзірлері (министрлер)

3. Әскери-әкімшілік аппараты.

Жердің бас иесі патша. Моғол мемлекетіндегі жер иеленудің үш түрі бар.

- 1) Мемлекеттің иелігіндегі жер.
- 2) Уәзірлерге берілетін жер.
- 3) Сыйға берілетін жер.

Мемлекетке салықтан түскен қаржы тиесілі орынға дұрыс жіберіліп отырған. Ғылым мен білім саласына сонымен қатар өнер адамдарына материалдық көмек көрсетіліп отырған. Мемлекеттің бірінші - элементі әскери күш. Бабырдың әскери-стратегиялық «Роксолани» деп аталатын еңбегі біздерге жете қойған жоқ. «Бабыр-нама» еңбегіне сүйенсек, ол өз сөзінде ежелден келе жатқан Шыңғысханың әскери тактикасын қолданғалы жайлы сөз етеді. Сонысына қарап, бір қарағанда бірден-бір жеңіске жеткізіп отырған осы тактика ма деген ойлар келеді. Моғолдарды жеңістен-жеңіске жеткізген олардың соғыс өнері. Моғолдар ежелгі түркілердің ат жалында жүрген әрбір ер адамын соғыс айла-тәсілін игерген дала жауынгеріне айналдырған тәжірбиесін әскери-стратегиялық жаңа мүмкіндіктермен толықтырып, ұрыс салуды нағыз өнерге айналдыра білді. Жорыққа аттану үшін қарсыласын барлаушылар арқылы танып, білумен қатар жорықтарын жалғасуы үшін асуларға жол, өзендерге өткел, аспалы көпір салдырып отырған. Бабырдың армиясының қатарында жол құрылысы мен көпір салу ісіне жауапты мамандандырылған жеке топтар жұмыс істеді. Жоғарғы қолбасшыға шын ниетімен бағынған мыңдаған адам жұдырықтай ұйымдасып, әскери-стратегиялық мүдесін орындауға дайын тұрды. Қандай да бір соғыс деген ол қалайда адам өлімінсіз болмайды. Соғыс өнеріндегі Шыңғыс ханның мынадай тактикасына тоқталмақпын қарсыла-сының әскери стратегиялық мүмкіндігі, жер жағдайы мен халқының ішкі күйін алдын-ала анықтап алмай, ешбір шайқасқа көз жұмып кіріп көрген емес. Шыңғыс хан армиясы ірткі салу тобын құру әдісін қолданған.«Бабырнамада», ортағасырлық басқа да тарихи шығарма-лардағы тәрізді, өз халқының сипатты белгілері, өтіп кеткен біртектік саяси бірлестіктерге де ретроспективалық түрде таратылады. Жаулап алушы әулеттің легитимдігі билік құқынан шығарылады. «Исламның ақ туының астындағы мұсылман қырандары сайдың тасындай, ну ормандағы ырғайдай сап түзеді. Олардың балқара-ғайдың бүріндей дулығасының ұшы күн нұрына

шағылысып, нұр шашып, алла атымен аттанған пәндесінің жүрегіндей шынайылық сезілді. Жауынгерлердің сабы Ескендір Зұлхарнайынның темір сауытты қырандары сияқты, олардың қатары алла тағаланың жазуымен түп-түзу болаттан көрінді. Мұндай адамдарды алла тағала жебейді: «Олар – құдайдың ақ жолында, олардың құтқаратыны алланың адал жандары».

Сапымызда жоқ біздің қорқақтар мен езбелер,

Патшаға адал, сенімді өңшең парыз сезген ер.

Көкке биік көтерген желбіреді тулары,

Сөздері өктем әлемге «жеңісті біз бердік» дер - [6, 367-368 бб.].

Зерттеушілердің көпшілігі атап өткендей, соғыс ісі жалпы ортағасырлық саяси-потестарлық бірлестіктердің тұрақты болмысына жатады. Бүкіл Батыс Еуропа тарихы Римді жаулап алған «варвар» тайпаларының ұлттық негіздегі мемлекет орныққанға дейін шексіз қақтығыстарын баяндайды. Әрине, бұл соғыстар адамзаттың «деструкциялық табиғатын дегенмен емес, ал сол замандағы саяси-әлеуметтік факторлармен анықталып отырды. Ферғанда өз мұралығында билік жүргізіп отырған Бабыр Шайбани хан бастаған көшпелі өзбектердің жаугершілігіне төтеп бере алмай, алдымен Ауғанстанға, кейін Үндістанға қарай бет алады: «Соғыстың жабдық-тары: үш бақай томар, зеңбірек қалқаны, оқ-дәрінің бәрін қамты-ғаннан соң екінші жұмада айының оны, сейсенбіде – Наурыз күні қоныстан өре көштік. Оң қанат, сол қанат, орталық топ сапқа қос-ылып қондырғы мен үш бақай томарларды сүйретіп ілгері жылжыдық. Ұста Әли Кули атқыштарымен жаяу сап түзіп қалқанның қасында жүруге бұйрық алды» [6, 243 б.]. «Бабырнама» мәтінде түркілер әскерінің жоғары рухына ерекше мән беріледі. «Арнаулы тәртіппен әркім саптағы орнына тұрғаннан кейін мен бектер мен жігіттерге, жауынгерлеріме рух беріп, жігерлендіру үшін атқа мініп сол қанат, оң қанат, орта саптарды аралап өтіп, әрбір жасаққа қандай тәртіппен сап түзейтінін, қалай жүретінін айтып шықтым. Қос тігіп, қалқандарды орнықтырып, ор қазып алғаннан кейін қостың айналасын да бекіттік. Бұл күні айқасқа шығуды ойламадым, бірақ бірнеше жігіт тыным таппай атқа қонып, жауға тиісіп қайтты. Олар қолға түсірген тұтқындардың басын кесіп маған алып келді. Мәлік Қасым да бірнеше басты қағыпты; Мәлік Қасым жау жүрек жанды, оның жігері жауынгерлерге дем берді. Келесі күні шабуылға шығамыз ба деп, тағы да көшпек

болдық, Бірақ Халиф пен кейбір ниеттес адамдар: «Тоқтайтын қонысымыз алыс болмаған-дықтан, оның айналасын орлап, бекініс жасап алып, содан кейін көшкен жөн болады деп кеңес берді. Ор қаздыру үшін Халифтың өзі барып жерін көрсетіп, қарауылын қойып қайтты. Сенбіде, екінші жұмаданың он үшін күні арбаларды жектіріп, оң қанат, сол қанат, орта жасақтарды сапқа тұрғызып, бір құрық жер жылжып нысаналы қонысқа жеткенбіз. Біраз жұрт жаппасын тігіп үлгерген шақта жаудың қарасы көрінді деген хабар алдық. Сол сәтте-ақ әр қанат өз орнына орналассын: оңы-оңға, солы-солға орналассын, кірені қор-ғайтын топ күшейтілсін деп бұйрық беріп үлгердім»[6,346б.]. Түркілердегі жеңімпаздық сананы, әскери басымдылықты ресейлік, еуропалық зерттеушілердің өздері мойындаған. Бұл жөніндегі ХІХ ғасырдың көптеген шығыстанушылары пікірінше, Бабыр батырлығының шегі жоқ деуге болады. Оның бүкіл ғұмыры батырлықтың үлгісі секілді. Тіпті ол Шайбанидің он бес мың әскері тұрған Самарқанды өзінің небәрі екі жүз кісілік отрядымен жаулап алуға тәуекел жасады ғой. Тек тәуекел жасап қана қойған жоқ, жауды шынында да қаладан қуып шықты. Бабыр империясының пайда болуын айтсаңызшы. Бабыр Ибрагим Лодидің қолынан құдіретті Үндістанды түкке тұрғысыз қарудың жәрдемімен тартып алған. Ол өз дәуірінің соғыс өнеріне, әскери стратегиясына өзіндік үлес қосқан дарынды қолбасшы. К. Маркс өзінің «Индия тарихы бойынша хронологиялық жазбалар» деген еңбегінде Сикри маңында болған шайқасты Бабырдың үлкен жеңісі деп бағалаған [47,50 б.]. Бабыр шайқасты бастаудан бұрын барлық жағдайды ескеруге тырысқан. «Сол күндері бұрын Рана Санканың қандай да болмасын жортуылына қатыспайтын кейбір атақты мәжүсилер (пұтқа табынушы) исламға қарсылығын білдіріп, оған жәрдемін аямады. Сонымен он тәуелсіз әкім оған бас иіп, құлдық етіп, төңірегіне шілдің тобындай үйріліп, гүжілдеп жатты. Бұл құдайдан безген он топ «қаралы» ту көтеріп: «Жанға – жан, малға – мал» деп жар салды. Олардың соңынан ергендер де, саптағы жауынгерлері де мол, иеліктері де аумақты еді. Олардың қолын айтар болсақ, Саллах ад-диннің отыз мың атты әскері, ал Равал Удай Синг Багаридың он екі мың атты әскері, Хасан мен Меуатидің он екі мың атты әскері бар, Бармал Идри – төрт мың, Нарихат Хара – жеті мың, Сир Синг төрт мың әскер жиды. Ал Сұлтан Сикандардың ұлы Махмуд хан жері, иелігі болмаса да он мың атты әскер жиып әскери қолбасшы болуға

тырысты. Қауіпсіз һәм жазира жазық жерден қуылған бұл адамдардың саны Үндістанда аймақтары мен иеліктерінде әдетке сайғанда, екі лак және бір мың еді» [6,94 бб.]. Бабыр соғысты дінсіздерге қарсы күрес деп түсіндіреді. Оның жазуынша, бұл құдайдан безген кәпірлер мейірімсіз тас жүрек жауыздардың басын қосып ислам жолындағы адамдарға қол көтерді. «Жаратқан ием қолдап оларды қарғыс атады, Алланың қарғысы тиеді. Дін жолында, исламның ақ туы астында, әміршінің сарбаздары бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жалғыз көзді тажалдың төбесінен жасындай түйіліп, жан аямай айқасты. Жау қосының сыртын айналып, кейін қайттым. Қараңғы түсіп қалып еді, намазшамда қоста болдым. Жұлдызшы Мұхаммед Шәріп, қандай сұмдықты тақаса да, сол сәтте мені құт-тықтауға келіпті. Оны жер-жебіріне жетіп ұрыстым да, өшімді содан алғандай болдым. Ол өтірікке бір табан жақын, әрі дүние пәлені тақап тұратын пандығы да бар, барып тұрған жексұрын адам болғанымен, көптен бері маған қызмет атқаратынын ескеріп, оған бір лак ақша беріп, менің иелігімнен аулақ кет деп, қуып жібердім. Келесі күні осы қоста болдық. Миан-Ду-Абдағы Ілияс ханның көтерілісін басуға, Куилды қаратып, Кіші Әлиді тұтқындауға Мұхаммед Әли Женг-Женг, Шейх Гуран мен Әбді әл-Мәлік күршіні мол жасақпен жөнелттім. Адамдарым жеткенше Ілияс ханның жасағы беттей алмай, торғайдай тоз-тоз болып қашыпты. Бірнеше күннен кейін Аграға келгенімде Ілияс ханды тұтқындап, алдыма алып келді. Оның жон терісін тірідей сыпырындар дедім. Қостың алдындағы айқас өткен төбеге өлгендердің басынан мұнара тұр-ғызуға жарлық бердім. Осы қостан аттанып, екі түнеп Бианға жеттік. Бианға дейін, әуелі Алвар мен Меватқа дейінгі жерде дінсіздердің, опасыздардың өлігі көмусіз жатты. Бианды көріп қайттым. Қосқа оралғаннан кейін түркі мен үнді әмірлерін шақырып, опасыз Рана Санканың иелігіне жорық жасау жайында мәслихат құрдық. Жол-жөнекей судың тапшылығын, аспан айналып жерге түсердей шыжы-ған ыстық кезеңді ескеріп, жорықты кейінге қалдырдық» [6,91-104бб.]. «Бабырнамадағы» саяси сана үрдістерінде мынадай ұстанымдар да маңызды болып келеді: еркіндікті сүю, бөтен билікке төзімсіздік («бірде бір халық моғолдарды өздеріне бағындыра алмаған»), «алым-салық төлеудің орнына, шайқаста қаза болған дұрыс», бөтен көмекке онша сенбеу, жауапкершілікті тек өзіне қабылдау, сонымен бірге басқа елдердегі қандастарын өзіне тарта білу. Мыс-

алы, Бабыр Ауғанстанға әскерімен енгенде, онда тұратын моғолдарға сүйенген: «Шамту мен Қызылсудан өткенімде Хұсрау шаһқа бағынып, Құндызда тұрған үш-төрт мың моғолдар бала-шағасымен бізге келіп қосылды... Әскерінің бізге қосылып кеткенін есіп, Хұсрау шаһтың еңсесі түсіп кетті» [6,146 б.]. Сол кездегі тарихи сахнадағы басқа да қуатты елдермен өздерін тең санаудан, өткендегі ата-бабаларының жеңістерін еске ала отырып, болашақта олардан басым түсетініне сену. Бұл жерде өткен шақ – қазіргі уақыт – болашақ бір бағытты схемасының орнына, болашаққа бұрынғыны есіне ала ұмтылу орын алып отыр. «Бабырнамада белгілі бір тарихи оқиғаны суреттеуден бұрын, сол тарихи оқиғаға қатысушы адамдардың арғы тектері жиі еске алынады. «Бабырнамада» Шыңғыс хан мен Әмір Темірдің өз замандарындағы басқалардан басымдылығы үлгі ретінде қабылданады. Еуразиялық көшпелі ұлыстардың саяси санасын талдау нәтижесінде бұл туралы батыстық тарих философиясында әлі күнге дейін орын алып келген көптеген мифологемалар сақталып келгенін көруге болады. Шығысқа деген эгоцентристік иллюзия батыс санасында «статикалық Шығыс» деген жалған ұғым арқылы бекиді. Олардың құрамына ислам, индуизм және қиыр шығыс өрке-ниеттері кіреді. Бұндай түсінік бұл өркениеттердің бәрі батыстан өзгеше, бірақ олар мен тіршілігін тоқтатқан өркениеттер арасында (эллиндік пен минойлықтан басқа) ерекшелік бар деуге болмайды деген ұйғарымға әкеледі. Шын мәнінде Исламның православиямен және батыс христиандығымен салыстырғанда индуизммен және қиыр шығыс өркениеттерімен ортақтығы аз, ал батыс өркениетін индуизм мен қиыр шығыс өркениетінен бөліп тұрған күз біз ойла-ғандай соншалықты терең емес. Өлген өркениеттерге келетін болсақ, Мысыр өркениетінің батыс немесе батыстық емес өркениетпен қандай бір байланыста болғандығы туралы бізде еш мәлімет жоқ. Ал аталған өркениеттердің бірде бірінің Жаңа Құрлықтың өлген төрт өркениетімен байланыста болмағаны айдан анық. Сол себепті бұл концепция жақындамай жатып-ақ күлталқан болады, ал мұндай тұрпайы қателіктің соншалықты таралғандығы таңданыс қана тудырады. Ол жалпы мен жалқының ажырата алмаудан туындаған тәрізді. Әлеуметтік ортасының ықпалында қалған батыстық емес қоғамды зерттейтін батыс зерттеушілері саяси аспектілерге басты назар аударады, өйткені бұл батыстың қоғамдық өмірінің ең маңызды жағы.

Шығыс қоғамының тарихы өзгермейтін шексіз деспотизм болып көрінеді. Бірақ бұл, көп жағдайда иллюзия, батыс зерттеушілері тарихқа тереңдеп бармай-ақ батыстық емес саясатты тәптіштеп зерттесе мұны түсінер еді. Егер де олар осындай саяси қарым-қатынастың ар жағындағы өте терең мәдениет қабаттарын байқағанда, олар Шығыстың саяси статикалығының шын мәнінде соншалықты маңызды болмағанын, тіпті мүмкін, қоғам өмірінің байлығы мен толыққандылығына мүлдем ықпал етпегендігін түсінер еді. Әлеуметтік тіршіліктің ішкі жағына назар аударатын болсақ, бұл бірден көзге түседі. Батыс тарихшылары мәдениетті ескермей, бүкіл қоғам өмірін саясатпен теңестіргенде, саясаткерлердің өзін-өзі баға-лағанында жіберетін қателіктеріне ұрынады[48]. Бабырдың Ауғанстан мен Үндістанға жасаған жорықтарында қан төгілді. Әйтсе де Бабыр негізін қалаған Үндістанның қоғамдық саяси және эконо-микалық, мәдени тұрғыдан дамып, өркендеп өсуінде ол өте үлкен прогрессивті рөл ойнады. Бір орталыққа бағынатын мемлекет құрылған соң ғана үнді елінде ғасырлар бойы тынбай жүргізілген жергілікті билеушілердің өзара бақталас соғыстары тоқтатылды. Халық тыныштыққа бөленіп, бейбіт еңбекке көшті. Жаңадан көптеген үлкен каналдар қазылып, шөлді жерлерге су шығарылды. Екіншілік шаруашылығы мықтап дамыды. Бабырдың әмірімен жаңа қалалар, ғылым және мәдениет орталықтары салынды [6,235 б.]. Бірақ сонда да өз жорығын Бабыр ислам кеңістігін кеңейту деп түсінеді: «Тоғыз жүз отыз үшінші жылы жұмада айының екінші жартысында, он үшінші күні сенбіде, жаратқан иемнің бұйрығымен, исламның жеңімпаз әскері Биана аймағына қарайтын Канва кеше-нінің маңына келіп шаңырағын көтерді. Жаудан екі құрық жердегі тау етегін айнала орналасты. Ислам әскерінің дүбірі құлағына шалынғанда жау аю түскен араның ұясындай гүжілдеп, үйірін қорғаған пілдей азан-қазан болып, исламның қағба тасын шайнап тастай-тындай қайраттанып, таудай-таудай пілдеріне қару-жарақтарын артып, әскери сапқа тұрғызды.

«Алып піл мен аласа үнділік

«Пілді адам» деп аталды.

Бейне ажал ақшамындай, ашулы олар жексұрын,

Қара түнде қаптаған жұлдыздардай аспанды,

Олар оттай, жоқ-түтіндей көтергенде бастарды

Ашуға аспан қапталды.

Оң мен солдан келеді олар бейне калың құмырсқа,
Атты, жаяу мыңдаған табанға жер тапталды»[6 б.].

Әскери рухтың жоғары болуы Бабыр үзеңгілестерін жеңімпаз әскерге айналдырады. Олар әскердің алдыңғы сапында тұрған атқыштар мен зеңбірекшілерді қорғау үшін Рим әскерінің әдісімен, арбаны біріне бірін байланыстырып бір қатарға тізді. «Ислам қорғанысының мықтылығы соншалық, оған көненің көзі де жер мен көк те ризашылық білдірді. Адам да риза, құдай жасалуы ұлы мәртебелі сұлтан мемлекеттің сүйеніші Низам ад-дин Әли Халиф қақанның төңірегінде серіктестерінің топталуына ықпал етті. Оның жарлығының барлығы тағдырдың жазуы еді; оның бар тірлігі, іс әрекеті падишаһтың ойынан шығып, құптап отырды. Қолбасшы ағзам әскердің ортанғы шебіне орналасты; орта қолдың оң қолтығында шаһтың жақсылықты да, жамандықты да қасынан табылар, сүрінсе қолтығынан сүйер бауыры Шын Темір сұлтан мен қымбатты ұлы, көзінің ағы мен қарасы – Сүлеймен шаһ, ағзамның қасиет тұтар адамы – Қожа Камал ад-дин, Дұст Хауенд болды; биліктің сүйеніші, сенімді серігі-Жалал ад-дин Шаһ Мансұр Барлас, сондай сенімді серігі – тірегі –Низам ад-дин Дәруіш Мұқхаммед Сарбан, адал пейілді сүйеніші – Шахаб ад-дин Абдолла Китабдар, олардың қатарында Низам ад-дин Дұст кіші аға да тұрды. Жауды қуа-қуа соғысып, олардың быт-шытын шығардық. Кәпірлердің қосы біздің қостан екі құрық қана жерде еді. Жаудың қосына таяп, біз оларды жоюға Мұхаммед Әбді әл-Әзиз бен Әлиханды жөнелттік. Осы жерде бармағымды тістеп, опық жеп қалдым. Оларға сенбей-ақ өзім атта-нуым керек екен»[6, 365-368 бб.]. Шайқасты түсінуде айғақтардың құрылымы арасында дәл сол бағалау маңызды болып келеді. Әскери әрекеттің субъектісіне жиі ретте қаруланған халық (тайпа, әскери топ т.т.) жатады. Хандар мен сұлтандар - өз халқының басқаларда өктемдік етуінің құралы. «Бабырнамадан» XV-XVI ғасырларды Орталық Азиядағы көшпелі түркі тайпалары бастарын қосқан қолбасшыларына еріп, жаңа қонысқа барып, кейінгі этностардың ұйытқысы болғанын көреміз. Жәнібек пен Керейдің соңынан ерген-дер қазақ халқының, Шайбани ханмен кеткендер өзбек халқының, ал құрғаны тарихтан белгілі. Осыған «Бабырнаманың» кіріспе мақала-сында да назар аударылады. Сол түркі халқы «Бабырнамада» жазылғандай XVI ғасырдан бұрынғы Үндістанда, Ауғанстанда мекен құрған ба? Әрине, бұған

дәлелді әуелі Бабырдың Бхираның жер иеленушілеріне айтқан мына сөзінен аңғарасыздар: «Бұл жер – атам заманнан бері түріктердің иелігі. Байқаңыздар, жүректеріңіз қобал-жып, үрей ұялап, халықты тоздырып алмаңыздар. Біз бұл халыққа, оның жеріне іргелес тұрамыз, төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылған бір елміз. Сондықтан шапқыншылыққа, тонаушылыққа жол бермейміз»[6,250б.]. «Бұл аймақ Хасан Меватидың ата-бабаларынан қалған иелігі, олар жүз жыл ма, екі жүз жыл ма жеке билік құрып, дихли сұлтандарына бағынбаған көрінеді. Үндінің сұлтандары өз жері ұшы қиырсыз мол болғандықтан ба, әлде сәті түспеді ме, әлде Меват таулы аймақ болғандықтан ба, әйтеуір бауырына басып, өктемдік жүргізе қоймапты. Сонымен Меваттың халқына мырза билік жасаса керек»,– деп Бабыр ары қарай жалғастырады. Үндіні жаулап алғаннан кейін Бабыр бұрынғы сұлтандар сияқты Хасан ханға қайырымдылық танытты. «Бірақ сиыр сипағанда білмейді» дегендей бұл құдайдан безген біздің қайырымдылығы-мызды, қамқорлығымызды елемей елге ірткі салды, барлық жала-пәле, сұрқиялық содан шықты. Опасыз кәпірлерге жасалатын жорық кейінге қалған соң Бабыр сол Меват аймағын бағындыруға аттанды. Төрт түнеп Маснави өзенінің жағасына жайғасты; Меваттың намангерінің орналасқан Алвар қамалы сол арадан алты құрық жер. Хасан ата-бабларының бұрынғы қамалы Тиджара болатын. Ол Үндістанға аяқ басып, Пахар ханды қиратып, Лахор мен Дипал-пұрды жаулап алғанында Хасан хан Бабырдан сескеніп, осы қамалды соға бастаған. Хасан ханның ұлы Агада болған кезде Хасан хан құрмет тұтатын Кармчад есімді адамы да сонда келген. Сол сапарынан оралған соң, ол Алвардан келіп ханның ұлына араша түсті. Бабыр жанына Әбдрахым шығауылды қосып, қайырымдылық жасаңдар деп жарлығын айтып, табыстап, Аграға жөнелтті: «Крам-чанд Аграға барып, Хасан ханның ұлы Наһир ханды ертіп қайтып келді. Мен оған тағы да қайырымдылық жасап, бірнеше лак тұратын иелік бөліп бердім. Хұсрау айқаста ерлік көрсетті ғой деп көмек ретінде бес жүз лактық иелік бөліп, Алвардың әкімдігін соған ұсындым. Кейін барып білдік, ол ерлікті Шын Темір сұлтан жасапты. Мен ол сұлтанға Меваттың астанасы Тиджара қаласын сыйға тарттым, жәрдем ретінде бес жүз лак бөлдім. Рана Санкамен соғыста ортаның он қанатында тұрып, айналып соғып, жұрттан ерен ерлік көрсеткен Тердікке ақшадай он бес лак және Алвар қамалын

бердім. Алвардың қазынасын, оның бар тұрғындарының билігін Құмайын-ның қолына тапсырдым»[6,100б].Бабырдың сөзінің жаны бар. Түркі халқы Үндістанға б.з.д. IV ғасырында аяқ басқанын, Үндістан мен Орталық Азияның тарихынан, әсіресе, Махмұд Қашқаридың «Диу-ани лұғат ат-түрік» жинағында жазылған деректерден анық білеміз. Осы ретте бұлтартпайтын дәлел -Дели сұлтандығына Бадыр ад-дин Ыбырайымның бірнеше тілдің түптамасын шалғайтын парсы тілінің лұғаты жасаған. Мұнда түркі тілі де қамтылады. Шығарма — «Ауызекі лұғат, зерттелетін дүние деп аталды. Бұл шығарманың қолжазбасы ТашМу-дың қолжазба қорынан табылған. Сол сияқты «Бадам әл-лұғат», «Саңлақ», «Кітаби лұғат-и аттакрияда» да түркі сөздеріне талдау жасалады. Бұл шығармалар Ұлы Моғол мемлекеті орнағанға дейін Үндістанда түркі тілдес тайпалар мекендеп олардың мемлекеттік тілге ие болғанындәлелдейді»Еуропалық ортағасырлық мемлекеттерге ұқсас орта азиялық мұралану жүйесінде патшалыққа иелену белгілі бір дәстүр негізінде жүзеге асты және сакральді қуаттылыққа ие болды. Биліктің легетимді туа біткен құқықпен бекітіліп отырды. Сол себепті «Бабырнамада» генологиялық байла-ныстарға үлкен мән берген. Кез келген көлемді тарихи оқиғаны суреттеуден бұрын, оған қатысқан адамдардың кім екендігі, тектілігі қандай дәрежеде болғандығы, үрім-бұтағы қалай таралғаны туралы Захир ад-дин Бабыр егжей-тегжейлі баяндайды [6,10б.]. Мысалы өз әкесі омар Шейхтің шыққан тегі айырықша аталып өтеді: «Сегіз жүз алпысыншы жылы Самарқанда дүниеге келді. Әбу Саид мырзаның Сұлтан Ахмет мырзадан, Сұлтан Мұхаммед мырзадан және Сұлтан Махмұт мырзадан кейінгі төртінші ұлы болатын. Сұлтан Әбу Саид мырза Сұлтан Мұхаммед мырзаның ұлы болатын, ал Сұлтан Мұхаммед мырза Миран-шаһ мырзаның, ал Миран-шаһ мырза Әмір Темірдің үшінші ұлы және Омар Шейх мырза мен Жаһангер мырзадан кіші, Шаһрұх мырзадан үлкен болатын. Әбу Саид мырза Омар Шейх мырзаға алдымен Кабулды сыйға тартып, қасына ұстаздыққа Баба-и Кабулиді қосып, екеуін сонда жіберді. Мырзалардың сүндет тойына байланысты ол Омар Шейх мырзаны Дара-и Газдан шақырып алды да, оны Самарқанға жеткізуді бұйырды. Той өткеннен кейін, Темір бек Омар Шейх мырзаға Әндіжан аймағын сыйлап, ұстаздыққа Құдайберді Тұқашы Темір ташаны тағайындады да, оларды солай қарай жөнелтті»[6,26 б.]. Бабыр өзінің нағашы атасы, Моғолстан ханы Жүніс туралы да баяндалғанда, оның Шыңғыс хан

әулетінен шыққанын, билігінің заңды екендігін, саяси шешімдерінің «құдай жолының сай болатындығын ерекше атап өтеді. Осы мәселе төңірегінде Бабыр деректерін М.Х.Дулати жазғандарымен салысты-руға болады. «Омар Шейх мырза үйінің шатырынан құлап дүние салды. Бұл оқиға 899 (1493-1494) жылы болды. Бұл хабар Сұлтан Ахмет мырзаға жеткенде ол Әндіжан моғолдардың қолына өтіп кетер деген қауіппен әскер шығарды. Омар Шейх мырзаның әмірлері ерлік жасап, мырзаның он екі жасар ұлы Захир ад-дин Бабыр пат-шаны таққа отырғызып, Сұлтан Махмұд ханнан көмек сұрады. Сұлтан Ахмет мырза Марғинан маңына жетіп, сырқаттанып қалды. Ол бейбіт жолмен татуласып қайта оралды, алайда хан орта жолда қайтыс болды. Бұл оқиға Омар Шейх мырза дүние салғаннан қырық күннен соң болған еді. Сұлтан Махмұд мырза Хисардан келіп, Самарқанда дүниеден өтті, таққа баласы Мырза Байсұңқар ие болды»[49,208б.].Бабыр Самарқан тағынан дәмеленіп, деп жалғас-тырылады Бабыр туралы баяндалу,Самарқанға беттеді. Байсұңқар мырза оған Камияй деген жерде қарсы тұрды. Сұлтан Махмұд ханның сол баяғы өзі қойған бес арамза өмірінің кесірінен жеңіске жете алмады. Бұл оқиға моғол мен Самарқан тұрғындары арасында әжептәуір әңгіме болып қалды. Хан Ташкентке қайтып оралды. Жанындағы арамза әмірлері ханға: «Самарқан мен Бұқараны Шаһибек ханға жаулап алуға көмектесіп, Самарқан мен Бұхараны алды» [6,290б.]. М.Х. Дулати өзін Бабыр падишахтың мұрагері ретінде баяндайды және қазақ хандарымен одақтас болғанын көрсетеді. Бабыр патша Әмір Нәжімиге қосылған кезде рұқсат алып, Әндіжанға Сұлтан Саид ханның қызметіне аттанды, бұл кез ханның Сүйініш Қожа ханнан жеңілген уақыты болатын. Көктем шығы-сымен Саид хан Қасым ханға кетті. Ол Дешті Қыпшақтың ханы еді. Ол заманда оның әскерінің саны үш жүз мың тұғын. Қасым хан оған қатты құрмет көрсеткені сондай хан оны көптеген жылдар бойы ұмытпай, еске алып жүретін. Ол жерден қайта оралғанда оны «гур-ган» - ханның күйеу баласы етіп теңдестерінің арасынан ерекше-лендіреді.

Махаббат қызыл от, отты осал жан баспасын.

Өртейді ол аямай сүйгенінен басқасын.

О махаббат, мәңгі өрт, мәңгілік от сөнбейді.

Себеп-салдар емшісі өзің дейді, сен дейді.

Өр мінезді, тәкәппар, білмейтұғын жалыныс,

Гален мен Эфлатон және біздің жалыныс [6,210 б.].

Саяси шешімдер қабылдағанда мұсылмандық құқық канондарымен қатар Шыңғыс ханның «Жасасы» ережелері мен ру-тайпалық әдет құқығы кең қолданысқа ие болған. Бұл әсіресе, көшпелі түркі қоғамындағы билік пен құқықтық қатынастарға тән болды. Ел ішінде кездесетін ірі дау-ұрлық кезінде қай бек болмасын ханның, не ұлыс сұлтанының пайдасына жәбірленуші жақтың есеб-інен хандық кеседі. Хандық дегеніміз көбінесе бесті ат, немесе бесті атан. Көшпелі мемлекеттер тәртібі бойынша ханды елмен жалғас-тырып тұратын ірі рулардың ішінен сайланған уәкілдер болады. Оларды ханның нағы, немесе жәй ғана нақ деп атайды. Қазақта «хан сыртынан жұдырық» деген сөз бар, ол тек ханға байланысты айтылмайды, жалпы адам сыртынан ғайбат сөз айтылғанда қолда-нылады. Егер шын қарсылық болса оның ауыр-жеңілдігіне қарай жаза қолданылады, хан жасауылдары ол адамның мойнына құрым байлап ауыл рудың тұтас бөліктері ханға қарсылық жасаса не төлеңгіттер араласады, не бойынша «ханға қарсылық-құдайға қар-сылық» делінеді. Хан түгілі оның тұқымы да аса сыйлы болуы керек, қазақ мақалы «хан баласы көпір болса, басып өтпе» дегендей[6,182 б.]. «Бабырнамада» да бұл мәселеге үлкен көңіл бөлінген. Бірақ қазақ хандығынан ерекше, Ұлы Моғолдар империясында рулық-тайпалық ұстындар бір орталыққа қатаң бағынған мемлекет мүдделігіне тәуелді болып шығады. Халық басқару субъектісінен гөрі, басқа-рылу объектiсіне айналады. Ұлы моғолдар империясындағы билеуші топ түрлі түркілік және парсыланған моңғол тайпаларынан құрал-ғаны белгілі. Жаңа мекенде олар империяның «саяси халқы» ретінде қалыптасады. Моңғол әскерінің саяси санасы Бабырға ерген әскербасыларды суреттегенде анық көрінеді. Мысалы, адал да әділ азамат саналатын, қалаулы жандар үшін жанын пида етуге дайын адамның бірі Низам ад-дин Сұлтан Мұхаммед Бақши болатын. Ол Ислам әскерінің текті атадан тараған ақсүйек мырзаларын нысаналы жерлерге орналастырып, өзі Бабырдың әмірін орындауға әзір отырды. Ол тарапқа шабарман, жасауыл аттандырып, ұлы сұлтандар мен әмірлерге әскердің, жасақтың орналасуы жайғасуы жөніндегі бұйрықты жедел жеткізіп жатты. Әскер орнынан қозғалып, әркім өзінің шептегі орнына жөнелер алдында: «Бұйрықсыз ешкім де орнынан қозғалмасын, рұқсатсыз соғыс ашылмасын» деген мүлтіксіз орындауға міндетті жарлық

жарияланды. «Мұсылманның ақ туының астында, - дейді. Бабыр, әділеттік жолында Құранның: «Олардың жаратқан иемнің шапағатынан өзге күтер қайырым-дылығы бар ма?» деген аятын қайталап, жаратуы бір алла тағалаға иек артып, шайқасқа аттанды; сол жолда шейіт те болды. Қақтығыс пен айқас ұзаққа созылып бара жатқанда ағзамның зеңбірек таса-сында байлаулы арыстандай ширығып, жұлқынып тұрған қыранда-рына: «Майданға араласып, оң қанаттан да, сол қанаттан да, ортадан да шабуылға шықсын!» деген жарлық берілді. Аспан күмбезінің ернеуінен рауандап қылан берген таң сәулесіндей арбаның қалқа-сынан өре түрегелген олар майдан даласында тың серпіліс жасап, жаудың қанын судай ағызды; жау қырандары жұлдыздай ағып түсіп жатты. Жасағымен қасқайып ұрысқа кіріскен Ұста Әли Күли, біздің дәуірімізде сирек ұшырасатын ерлік көрсетіп, әйдік тастарды зеңбіректен атқылап жатты. Оның ерлік ісін немен салыстырарсың!? Безбенмен салмақтайтын қорғасын емес, шойын да емес. Егер оның жалғыз істеген қарекетін таразының бір басына қойсаң, оның екінші басына салмақ тартар қандай күш бар! «Ауырлықты жер ғана көтереді» десек те, бұл гүрзі жотаға, таудың басына түссе жүндей түтер еді. Гүрзі жауды да солай күйретті: темір құрсауының да, қамалының да күлі көкке ұшты» [6]. Әмірші тұрған қақ ортадағы атқыштар бұйрық бойынша айқасқа араласты. Олардың әрқайсы-ақ жауды қан қақсатып, жанын жаһаннамға жіберіп жатты. Жаяу әскер жанкештілік көрсетіп, ерлік пен жүректілік танытты, борап тұрған оққа, жалындаған қылышқа бас тікті. Осы шақта Бабыр жар салып, ортадағы ат-арбаны ілгері жылжытуды бұйырды, оң қанаттағы, сол қанаттағы жасақтар жау шебіне қарай ұмтылды. Жеңімпаз әскердің әр жерінен-ақ жеңіс туының желбірегенін көргенде көл-көсір теңіздей толқыған әскердің жеңетіндігіне күмән болмады. Мындаған атты-жаяулы әскердің айқасынан көтерілген шаң бұлтқа айналып, күннің көзін жауып, соғыс алаңының үстін шарбып қалды; сатыр-лаған қылыш-найза жай отындай жарқылдады. Кімнің жеңіп, кімнің жеңіліп жатқаны белгісіз, азан-қазан дүние: аспан да, жұлдыз да, өзге планета да жоқ, жер жаңадан жаралып, аттың тұяғының ұш-қыны жанар таудың шашыранды шоқты тасы сияқты айқыш-ұйқыш от шашады.

Шайқас күні балыққа азық болды аққан қан,

Айға жетті аспанға көтеріліп ұшқан шаң.

Кең далада үріккен аң тұяғының дүбірі,

Алты қабат болса да жер, сегіз қабат болды аспан.

Кешке қарай айқас шегіне жетті, аспанда алаулап ту желбіреді. «Ислам әскерінің оң қанаты мен сол қанаты кәпірлердің әскерінің оң қанатымен сол қанатын бүрістіріп, тағадай иіп ортаға үйірді. Дін жолындағы мұсылмандардың жеңіске жеткені байқалып ислам туы желбірей бастағанда опасыз кәпірлердің құты қашып, не істерін білмей, апанға түскен қасқырдай аласұрды. Ақыры олар жан таласып біздің ортаңғы қолдың сол қанаты мен оң қанатына ұмтылды. Олардың сол қанаттағы тегеуріні күшейіп, бізге жетті, бірақ біздің ұландарды періштелері демеп садақты жаудырып, жандарын жаһан-намға жөнелтті; кәпірлер жер жастанды. Осы кезде жеңістің желі естіп, дала күңіреніп біздің құлағымызға: «Сендердің қолдарыңды жеңіске жеткіздік» деген үн естілді. Салтанат пен жеңіс адам бала-сының көңілін серпілтіп, шалқытпай ма! «Сенің жолың ақ, алла тағала қолдайды деген сөз жеңіске жеткізді. Діннен безген үнділерді құты қашып, «түтілген жүндей ыдырап жел қуған қаңбақтай дома-лады. Соғыс алаңы қан сасыды; өлген адамда қисап жоқ; жанынан безіп, дала кезіп, қарға-құзғынға жем болғаны қаншама. Алланың жазуы, оның ақ жолына түспеген пәндесін осылай тозаққа айдайды емес пе. Майдан жолында тозаққа жан тапсырмақ жаралылар шие-бері құсап ыңырсып жатса, жаны тозаққа кеткендердің денесінен аяқ алып жүргісіз. Ислам әскерінің аяқ басқан жерінің бәрінде де өліктер жатты. Даңқты ноян жасақ қашқындарды қуғанда тоқтаған бекеттің бәрінде де осындай жағдайға душар болдық.

Өлді барлық үнділік кемсітуден, қорлаудан,
Тастан атқан қарудан болғаны үшін пілді адам.
Көптігінен өліктің жазық жерге тау тұрды,
Ондай өлік таулардан өзен болып ақты қан.
Қашты тау мен далаға қорқып тірі қалғандар,
Әскерлерден қаптаған, қардай жауған оқтардан.

Жаудың жапырылып кейін шегінуі, дауыл соғып құлатқан ағаштай жапырылып қалуы – алла тағаланың жазуы. Жер бетіндегі пәнделердің жақсы-жаман істерінің бәрін көріп-біліп отыратын алла тағаладан өзге не бар! Біздің сыйынарымыз да, жалбарынарымыз да жаратқан иеміз емес пе! Тоғыз жүз отыз үшінші жылы екінші жұм-ада айының жиырма бесінші

күні жазылды. Осы жеңістен кейін туыма «ғазии» деген сөзді тіркедім. Жеңіс жарлығына мөрімді басып, мынандай рубайи жаздым:

Ислам үшін тентіреп,
Кәпір үнділермен соғыстым.
Сенімі үшін дайынмын азап тартуға,
Мейірімен алланың қазы болып толыстым.

Бұл жеңістің тарихына Шейх Зайн: «Ислам ағзамының жеңісі» деп, рубайимен жазып маған жіберіпті. Кабулдан келген адамдардың бірі Мір Гису сондай сөзбен тарих жазып, рубайи маған жіберіпті. Мір Гису мен Шейх Зайнның рубайиларының мазмұны бір оқиғаға арналғанды» [6,287-289 бб.]. 1532 жылдың аяғында Бабыр Тибет еліне ғазуат соғысын жүргізуге бет алды. Дулатиді ол жерге бұрынғырақ жіберді. Дулати Бабыр келгенше Тибеттің кейбір қамалдарын алып, Тибет уәлаятының көптеген аймақтарын өзіне қаратты. Бабыр да артынан келіп қосылды. Екі қол бір-біріне қосылғанда әскер саны бес мың адам болды. Тибеттің барлық аймағын есептегеннің өзінде бес мың адамды қыс мезгілінде ауқаттандыру мүмкін емес еді. «Сондықтан хан мені Ескендір сұлтанға қосып, Кашмирге төрт мың адаммен жіберуді жөн көрді. Хан өзі Балтиге бет алды. Балти Тибет пен Балур арасында орналасқан уәлаят болатын. Сол қыста хан Балтиде ғазуат соғысын жүргізіп, көктемде қайта Тибетке оралды. Мен сол қыста Кашмирде болдым. Қыстың аяғында Кашмир билеушілерімен соғысып, күдіреті күшті Алла тағала жеңіске жеткізді. Кашмирдің барлық әскері мен әмірлері жойылды. Кашмирді жаулап алу қолда тұрған іс еді, әдетте бір нәрсені бүлдіріп жүретіндердің кесірінен, оны тұтас жаулап алу мүмкін болмай қалды. Кашмир әміршісімен бейбіт келісім жасалып, Кашмир әміршісі Мұхаммед шаһтың қызын Ескендір сұлтанға қостық. Саид ханның атына хұтпа оқылып, теңге соғыла бастады. Кашмирден мүмкіндігінше мал жиып, сол қыстан кейінгі көктемде хан қызметіне қайтадан Тибетке келдім. Оның әртүрлі жомарттық ілтипатына бөлендім. Ол өзі қайтып кетті де мені Қытай және Тибеттің құбыласы саналатын Урсанг жаққа жіберді. Өзі Қашқарға тартты. Хан Тибетке келісімен-ақ пайда бола бастаған тұншықпадан қатты елсіреп қалды. Ол бұл жерде болған кезінде сауығып кете алмады, дегенмен қалайда бұл жолды басып өтуге мәжбүр болды. Ол тұн-

шықпасы күшейетін жерге жеткен кезде тұншығып, жан тәсілім етті»[6,116.]. Түркі ғұламаларының көзқарастарымен Бабырдың дүниетанымы рухани сабақтасып жатыр. Баласағұнға келсек, оның «Құтты білік» дастанында ел билеген хандардан, уәзірлерден бастап, қарапайым халыққа шейін олардың қоғамның бір мүшесі ретіндегі орнын, міндеттері мен құқықтарын айқындап, поэтикалық тілмен баяндап берген. Дастанда негізінен төрт түрлі мәселені көтереді. Оның біріншісі патша әділ болып елді дұрыс басқара алуы. Жүсіп те халықты басқаратын өзіне үлгі тұтатын патша қандай болуы керек деген мәселеге көңіл бөлген. Екінші көтерген мәселе, ел қайтсе дәулетті болады, бақ қонып, қыдыр дариды. Үшінші мәселе, ақыл парасаттың қоғамдағы рөлі қарастырылған.

«Бектікке лайық бек қандай болуы керектігі айтылады

Елік айтты –көңіліңді бұрайын, енді мына сауалымды сұрайын:
Жаратты адам баласын да бір алла.

есті-ессіз, ұлық-кішік - бар онда.

Ақылды бар, ақымақ бар, бар ғалым,

бай-кедей бар, надан, аңқау, бар залым.

Бәрін соның алаламай бөлектеп, басқаратын қандай болу керек

Бек?

Жетілсе елі, байып, бектің бағына,

даңқы тарап, өссе халық саны да!

Жетілсе елі, байып бектің бағына,

Даңқы тарап, өссе халық саны да!

Қазына толып, күміс, жібек, лағылға,

Қырғын тоқтап, жауы иіліп табынса.

Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,

Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,

Бектің аты бар жаһанға тараса,

Күн-күн сайын өссе құты тамаша.

Ұзақ жасап шат-шадыман ғұмырдан,

Рахат көрсе, үзілгенше шыбын жан!» [50,116.].

Ел билеген Бабырдың бойынан осы қасиеттерді табуға да бол- ады, сонымен қатар Баласағұн көтерген мәселені Бабыр да көтерген. Екеуі де оқырмандарына тақуа мұсылман екендігін танытады. Екеуі де түркілік мәдениеттің асыл қасиеттерін бойына сіңіріп, оған қоса ислам өркениетінің нәрі мен сусындауы кең

өрістер ашады. Адам-гершілік нормалары мен діннің, білім мен ғылымның адам өмір-індегі аса маңызды рөліне ерекше мән беріп, бұл мәселелердің дұрыс шешім табуының бақытқа жеткізер бірден-бір жол екендігін көрсетеді.

Захир ад-Диннің «Бабырнама мәтініне қайта оралсақ, онда ортақ ата-тек мәселесінен гөрі, тарихи әрекеттің субъектісі ретінде өзін суреттеу маңызды рөл атқаратынын аңғаруға болады. Бабырдың соғыс ашудағы негізгі идеясы кәпірлерді жойып, барлық адамзат баласын бір тудың астына біріктіріп, ислам мемлекетін құру. Ал ислам көзқарастар мен идеялардың бірлігін қамтамасыз етіп, сол негізде бірыңғай ішкі және сыртқы саясат жүргізуге, тайпалық алауыздықтан жоғары тұратын мәдениетті дамытуға, білім беру мен ағартуда біртекті саясат ұстауға мүмкіндік берді. Құрмақ болған мемлекеті «әділетті болса» деп армандаған. Әділдікті ол қалай түсінеді? Қоғам тірегі имандылық, егер жер жүзіндегі барлық адамның бойында иманы болса, ондай қоғамда әділдік орнайды деп ұғынған. Мемлекеттің басшысы «қара қылды қақ жаратындай «әділ болу керек, себебі адалдықтың ақ туының астындағы мұндай әділетті мемлекетті тек әділ басшы билеу керек деп тұжырымдайды.

Ерте, кеш пе кім келсе бұл пәниге,
Түбі жоққа айналады, әрине.
Тәңір ғана мәңгі жасар, ажалсыз,
Кім келсе де бәрі бір бұл пәниге,
Бұл дүниеге кім келсе де аз күн өмір сүруге,
Ақыр түбі тиіс болар жер астына кіруге.
Игі даңқпен өлсем жақсы егерде,
Тәнім өлер, даңқым жасар ел-кемде» [6,11б.].

Бабырдың адамзат қоғамы жайлы ойлары негізінен әділет, ақыл, бақыт, қанағат ұғымдары жайлы өрбіп, адам баласының бақытты ғұмыр кешетін мемлекет жасамақ болғаны. Ол қоғамдағы адамдар-дың бақытын әділетті билікпен, адамдардың бір-бірімен қатынас-тарында үйлесімдік табуымен байланыстырады. Әл-Фарабимен рухани сабақтастығын ашсақ, одан келе жатқан дәстүрді жалғас-тырып, «мемлекет» пен қала ұғымдарына ұқсас бір мәндепайда-ланады [51]. Теократиялық емес, мемлекеттің басты міндеті – адам өмірін, бостандығын, жеке меншігін, қауіпсіздігін

қорғау болып табылады. Діни заңдар моғол мемлекетінің қалыптасуының негізгі идеологиялық құралы болып табылады. Мемлекет негізінің түп негізінде аллаға деген сенім жатыр.

Патшалық–құдайға жақындасу-дың ең үлкен құралы»-деген ойды негізге алады. Моғол қоғамында патша мен әмірлердің ролдері өте маңызды. Мемлекет адамдарға қызмет етуі керек. Мемлекеттің бағы мен бақыты тұрақтылық. Бабыр мемлекет әр адамның нәсіліне, ұлтына, дініне қарамастан тең қатарлы болуын жүзеге асыруы шарт деген ой-пікірді жалау етіп ұстағандай[52].

«БАБЫРНАМА» ЖӘДІГЕРІНДЕГІ МӘДЕНИ СҰХБАТТАСТЫҚ

Мәдениеттің қай түрі болмасын жеке дара емес, мәдени сұхбаттастық деңгейімен өлшенеді. Мәдени сұхбаттастық ашық құндылықтар жүйесі аймағында қарастырылады. Мәдениет сұхбаттас-тығына қатыстыбатыстың Ф.Розенцвейг, Ф.Эбнер, Г.Марсель, М.Бахтин, В.С.Библер, О.Шпенглер, Н.Данилевский, А.Тойнби секілді атақты ғалымдар зерттеулер жүргізген. Қазақстандық ғалымдардың қатарында Ә. Нысанбаев, М.Мүтәліпов, А.Құлсариева, Әбдіғалиеваны айтуымызға болады. М.Бахтиннің сөзімен айтқанда: «бөтен мәдениет өзін толығырақ әрі тереңірек тек басқа мәдениет жүзінде ашады, олардың арасында сұхбат орын алады: сұрақтар қойылып, соларға жауап мінеді, сөйтіп бөтен мәдениет бізге жауап бере отырып өзінің қыр-сырын жарыққа шығарады мәдениеттің өзіне-өзі қоя алмаған сұрағын қоямыз, одан жауап іздейміз, сөйтіп басқа мәдениеттің ашылмаған қыр-сырын бүге шүгесін жарыққа шығарамыз» [53,354б.].

Ұлы моғолдар империясы мәдениетін көптеген зерттеушілер мен тарихшылар «Ренессанс дәуірі» деп атайды. Үндістанды көптеген жылдар бойы басқарған Джавахарлал Неру : Бабырдың билігі елді мәдени гүлденуге әкелді деген пікір айтады [54]. Әдебиетші Ә. Қоңыратбаев та өз көзқарасын білдірді. Осы жайларды ескере келгенде «Үнді Ренессансы - Орта Азия мен Иран мәдениетінің әсерімен өрістеді деген үндінің бір туар ұлы Дж. Неру пікірі дұрыс сияқты. Бабырдыңұрпақтарының барлығы Үнді елінің мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан, тікелей немересі Ақбардыңда еңбегі ұшан-теңіз. Кезінде үнді-мұсылман мәдениетінің араласуынан туған сәулет, сурет өнері, халық театры, ән-күй, би дәстүрлері шындап

өркендеген тұс. Бірнеше тілде ән мен қара өлең шығыстық поэзия жанрлары туады. Оның көрнекті өкілдері – Жами, Бедил, Науаи, Хаям, Бабур, Нахшабилер. Сонымен қатар бүкіл үнді эпосы, Бидпай нақылдары, медицина, философия, география, тарих, тіл, жазба мәдениет биік сатыға көтеріледі. Діндегі түрлі реформациялар, санадағы батыс және шығыс мәдениетінің тоғысуынан туған ояну сарындары да осы кезеңнің жемісі. Көне мәдениеті бар Үнді елінің мәдениетіне шығыстық сарын дәстүрі елеулі үлесін қосты. Соған X-XV ғасырлардағы Орта Азия, Иран жеріндегі Ренессансты да қосамыз» [55,159 б.].Бабур да өз дәуірінде суретшілер академиясын, ақындар мектебін құра білген, дүниенің түкпір -түкпірі Рим, Иран, Ауған, Үнді, Түркі елдерінің өнер шеберлерін жиып сәулет, архитектурасаласын да өте биік деңгейге көтерген.

Ренессанс мәселесін Бабырдың тарих философиясына қатысты қозғап отырғанымыздың бірнеше себептері бар. Нақтылы тарихи деректер мен қазақ халқының өзіндік санасын зерттеу үнділік арнаның өркениеттілік жағынан алғанда да, рухани қазыналар тұрғысынан да маңызды болғанын айғақтайды. Бүкіл түркі-үнді мәдени ауысулар тарихын тізбектеп келтірмей-ақ, Ұлы моғолдар мәдениетіне қатысты кейбір мәдени үрдістерді еске салайық. Ұлы Моғолдар империясындағы мәдени гүлденудің бір негізінде үнді халықтарына тән ежелден келе жатқан күш көрсетпеу ұстанымы мен мәдени сұхбатқа деген ашықтық болды. «...Ізгілік қатынас орнату қажет еді. Сол себепті «бұл өңірдегі халықтың отарлы малына ешкімнің суық қол жасауына, тіпті бұлардың сабақты жібін алуға, ала жібін аттауға ешкімнің қақысы жоқ деген жарлық бердім»[6,59б.].Бабур отарлаған елдіңмәдениетін жойып жібермей, жаул-аған елінің салт-жоралғы, рәсімдерінеш өзгеріссіз сол қалыпында қалтырған. Сонымен қатар, жаулап алған жерлерінің бұрынғы билеушісін өлтіргенмен, артында қалған ұрпақтарына тиіспей «асылдың тұяғы»-деп құрмет көрсетіп отырған.Үнді-түркі мәдени ауысулардың мысалына Үндістанда ұзақ ғасырлар бойы сақталып келген ғимараттар куә, алоның бастамасынкезіндеБабур жүзеге асырған.

Мәдениет тарихында көркемөнердің бастамасы деп саналатын сәулет өнері. Өнер әрдайым қоғаммен тығыз байланысты. Алғашқы қауымдық құрылыста адам лашық жасап безендіруге тырысса, ортағасырларда діни идеология салтанатты сарайлар мен храмдар

салуды қажет етті. Бұл дегеніміз сәулет туындыларында әлеуметтік мағына бар екенін көрсетеді. Ұлы моғолдар дәуірінде сәулет өнері кемелденіп жаңа сатыға көтерілді. Түркілердің келуімен бір-бірімен тоғысып біте қайнасқан жаңа сәулеттік стиль қалыптасты. Өнердің тамаша ескерткіштері болып табылатын сәулетті сарайлар мен ғимараттардан сол дәуірде өмір сүріп отырған халықтың дүниетанымын көруге болады. Мешіттер, салтанатты сарайлар, кесенелер, римдік вазелика, термездік, серефидтік оюлар, арабескалар, грек, рим аркалары, үнділік безендірулер осылардың барлығы көз тартарлық мәдени сұхбаттастықпен өрілгенін тамашалауға болады.

«Бабырнама» еңбегінен байқағанымыз көркем мешіттер мен сарайлар әсемдік үшін тұрғызылмаған. Бұл өнер шыңы-Бабырдың Аллаға деген сүйіспеншілігінен туындаған дүниелер. Бабыр қатігез Әмір Темірдің ұрпағы, кезінде лаң атанған арғы атасынан бойына тек жақсы қасиеттерін алған. Джавахарлал Неру де: «Бабыр ерекше сүйкімді тұлға, қайта өрлеу дәуіріндегі ел басы, ол өнерді, әдебиетті, өмірді жақсы көрген» [54,408 б.]-дейді. Расында да, арғы атасы болып табылатын Әмір Темірдің киелі Түркістан жеріне салдырған күмбездері әлі күнге дейін адамзат баласының таңдайын қақтырады. Қазіргі Өзбекстан территориясы болып саналатын жер аумағы кезіндегі түркілердің жері, Әмір Темірдің иелігі еді. Әмір Темірдің Самарқандағы көк мешіттер мен көк күмбездер тұрғызғаны туралы «Бабырнама» еңбегінде біршама мәліметтер келтірілген. «Самарқан-ды Ескендір салдырған, моғолдар мен түрік халықтары Семізкент деп атайды. Темір бек Самарқанды астана жасады. Оған дейін ешқандай ұлы қолбасшы Самарқанды астана деп жарияламаған. Самарқан ғимаратында Темір бек төрт құлақты үлкен құрылыс көтерді, оны Көксарай деп атады. Ол өте зәулім ғимарат. Темір бек тұрғызған зәулім ғимараттардың бірі - Көксарай Самарқан қала-сында болатын [6,86б.]. Жауынгер, қанышер қолбасшының өзі де, өзінен кейінгі ұрпақтарының да әдемілікке, сұлулыққа жаны құмар болуы тектілік қасиет екеніне бірден-бір дәлел екеніне көз жеткіземіз. Әмір Темірдің: «Менде Шыңғысхан секілді қанішермін, бірақ менің одан үлкен айырмашылығым-ол жаулаған жерін шауып-қиратса, мен жаулаған жерлерімнің бәріне күмбездер мен кесенелер орнатам» - деген сөздері ел аузында қалған. Әмір Темір сөзінде тұрып, ислам дінін құп көріп, дінді уағыздаушы қазилар мен ұстаз-дарға арнап «Алланың ризалығы

үшін»—деп күмбездер мен мешіттер салғызып отырған. «Асылы Әмір Темір ғимарат құрылысын 1395 жылы бастатқан. Бір қызығы құрылысқа қажетті қыш құюға пайдаланылған топырақтың Түркістаннан теріскейге қарай қырық шақырым жерде жатқан Сауран маңынан әкелінгені. Ақсақ Темірдің қазақтың руханиятындағы ұлы тұлға Иассауиға арнап салдырған сәулет ғимараты өзінің көлемділігімен, сәулетті айшықтарымен де көзге түседі. Оның ұзындығы 65 метр де, ені 46,5 метр. Қасиетті қола қазан тұрған Қазандық күмбезінің жоғарғы басына дейінгі биіктігі –38 метр. Қазандық күмбезі Орта Азиядағы ең үлкені, оның диаметрі 18,3 метрге жетіп жығылады. Сәулет ғимараттарын салу барысында сол кезеңдегі сәулеттік тәжірбиенің қалыптасқан озық үлгінің бәрі қолданылған. Ғимараттың іші-сырты керегінше беті жылтыр түрлі-түсті мазайкалы өрнектермен, жазулармен көмкерілген. Жалпы алғанда, Иассауи сәулет ғимараты - қазақ сәулетінің классикалық көне ескерткіші. «Құрылысты салушы сәулеткер жергілікті халық-тың тұрмысын, сенім-нанымын, ою-өрнегін жақсы біліп сабақтас-тырған. Кейбір қабырғалардың оюы қазақтың киіз үйінің кереге-лерін, башқұрлардың әшекейлерін, кілем, текемет, түр өрнектеріне еліктегендікті білдіреді. Құран аяттарын қабырғаларға әсем оймыш-тар арқылы сиыстырып, оны жазудан гөрі оюға ұқсатып жіберген. Яғни, шебер шығыс құрылыс өнерін жергілікті халық өнерімен тамаша ұштастырған. Даланың табиғаты, өсімдік, гүл, шешек көрністері де құрылыс бойынан жарасымды орын тепкен. Мешіттің шыңылтырлы бояуы даланың қуаң түрін бейнелесе, күмбезі көк жасыл көктемін, аспан әлемін елестеткендей»[56,77б.].

Негізінде Орта Азиядағы халықтардың дәстүр-салтынан өзінің мәдени рәміздік мағынасы бар, ою орнаментіндегі басты модель үлгілер сол этномәдениеттің айырықша белгілері болып табылады. Ою-өрнек стильденген сыңар мүйіз өсімдік жапырақтары мен геоме-триялық фигуралардың ұнамды түрде тоғысуымен сипатталады. Этникалық тарихын анықтауға, оның материалдық және рухани мәдениетін жете түсінуіне көмектесетініне дау тудырмайды. Халықтың географиялық ортасына, әдет ғұрып салт-дәстүріне бай-ланысты, ою-өрнек үлгілері әртүрлі жағдайда дамып, түрленіп отырады. XIX ғ. соңынан бастап алдыңғы қатарлы шығыстанушы ғалымдар: В.В.Радлов (1837-1918), А.Диваев (1855-1933), С.Е. Малов (1880-1957), А.А.Семенов (1857-1958), Н.Г.

Малицкий (1873-1947) зерттеулер жүргізген. «Үндістанның тағы бір артықшылығы - онда жұмысшы қолы мен ұсақ қолөнершілеріне сан жетпейді. Қандай істі, қандай жұмысты болмасын ата кәсібін жалғастырып келе жатқан адамдар атқарады. Молда Шараф ад-дин Иезди «Зафар-намасында», Темір бек тас мешіт салдырғанда, бұл құрылыста күн сайын Әзірбайжаннан, Фарсыдан, Үндістаннан тағы да басқа мем-лекеттерден келген екі жүз тас қашаушы істеді деп аузынан суы құрып сипаттады. Ал менің Аградағы құрылыстарымда бір Агранның өзінен ғана күн сайын алты жүз-сегіз жүз тас қашаушы жұмыс атқарды; Аградағы, Сикридегі, Биандағы, Дулпурдағы, Гвалиардағы және Куилдегі құрылыстарымда күн сайын бір мың төрт жүз тоқсан бір қалаушы жұмыс істеді. Үндістанда қандай да болмасын қолөнерші, жұмысшы дегеннен жер қайысады»- деп Бабыр өзінің орасан зор сәулетті құрылыстарынан мәлімет береді[6,336б.]. Ол салдырған мешіттердің ерекшелігі түркілік стилдің басымдырақ болуы. Ішкі-сыртқы безендірілуінде көк түсті молынанпайдалану, сонымен бірге термездік арабеска, ою-өрнектің көбірек қолданылуы мешіттің сұлулығын арттыра түскендей. Мұсылмандарсәулет өнерінде, киімде жасыл түстерді көбірек қолданады. Өйткені жасыл түс көктемнің, өсіп, өнудің, тіршіліктің белгісі болып саналады. Түркілердің жерінде салынған көптеген мешіттер көк күмбезді, ішіндегі оюлар мен арабескалардың барлығы көгілдір түсті қолданған, олар үшін әрдайым көк түс жоғарғы орында. Оның себебі: түркілер ислам дінін қабылдамай тұрғанда көк түс олардың басты рәмізі болып саналатын. Түркілер жаратушыны көкте деп түсінген. Аспан сайып, келгенде, көгілдір, кең, түпсіз, ал бұл бейбітшілік, тыныштық мағынасын береді. Түркілер ислам дінін қабылдаса да, көк түс олар үшін рәміз болып қала бермек. Қазақы төлтума мәдениетке қатысты кей-бір рәміздер аруақ, шілдехана, мұсылмандық сүндет, тілдің рәміздік табиғатын терең көрсетеді. Қазақ мәдениетінде рәміздік белгінің қызметін зерттеудің аса үлкен мәдени маңызы бар. Рәмізде өткеннен жиналған мәдени ақпараттарды алуға болады. Әлемдік деңгейде белгілер жүйесін, теориясын зерттеген Ч.Пирс белгіні ғылым ретінде қарастырып, семиотика атауын берген. «Семиотика грек *semeion* – белгілер. Белгілер теориясын зерттейтін философиялық-теориялық бағыт»[57,652б.]. Семиозис деп әлденебір нәрсенің белгі, таңба ретінде тіршілік ету процессін айтады. Пирс негізінен белгілерді

үш түрге бөліп көрсетеді -индекстік, иконалық, символдық деп. Икон-алық белгінің этимологиялық мәні қазақша кескін деп аударылады. Қоршаған ортада, маңайда не нәрсе орналасқанын таңбалап көрсету. Медициналық белгі, жол белгілері, әскери белгі, т.б. Индекстер-ақпаратты алу барысында қолданатын рәміздер. Пошта индексі, товар индекстерін жатқызамыз. «Барлық таңбалар жүйесі бірігіп келе, белгілі бір социумның белгілі бір кезеңдегі мәдениетін құрастырады. Әрбір таңбаға белгілі бір мағына берілген, яғни әр таңба өзінің функциясы мен мазмұнына сыйғызады. Белгіге айналған әлем-аударылған әлем...» - деп белгіні адамзат баласының тіршілік ету формасы деп атап көрсетеді[58,60 б.]. Түркілік рәміз-дерді ту еткен дәстүр Бабыр салдырған күмбездерден, мешіттерден көрніс тапты. Бабырдың салдырған көк күмбезді мешіттері ханака деп аталады, бұның ішінде 2000-ға жуық адам сыйына алады. Мешіт негізінен алғанда жаратушының үйі болғандықтан, хан мен қара,қарапайым халық пен сарбаздар, ғалымдар мен жазушылар мінәжат ететін орын, бұл жерде әлеуметтік мәртебесі әртүрлі болғанымен де барлығы тең, барлығы бір жаратушының құлдары болып табылады. Мешіт тек мінәжат ететін орын ғана емес,сонымен қатар әлеуметтік институттың рөлін атқарған. Сәби дүниеге келсе мешітте азан шақырып сәбиге есім берген, сәби кейіннен 5 жасқа толғанда мешіттегі имам сүндетке отырғызған, үлкен өмірге бет алып, шаңыр-ақ көтеріп неке қию, заң жүзінде ақ-қараны анықтау, жауапқа тартылу, күнә істеген адамның тағдырының шешілуі, білім алу, дүниеден өту осындай үлкен әлеуметтік мәселелердің барлығы осы мешіттің ішіндеқаралған.Мешіттердің терезелері мен есіктері мін-детті тұрғыда арка стилінде болып келеді. Көне Гректер мен римдік-тердің түсінігі бойынша аркадан өткендежамандықтың барлығы артта қалады, адамды жаңа мақсаттар мен міндеттер күтеді, аркадан өткен әрбір адам жақсылықтар мен қуанышқа кенеледі деп сенген.Ғимараттардың сыртқы бейнесі мен оның ішкі кеңістігі бір-біріне дәлме-дәл сәйкес келеді.

Мешіттер мен күмбездерді әрлеуде құран аяттарынан үзінділер келтірген. Құран аяттарын түрлі үлгімен жазуда атақты хатат мамандар жұмыс жасаған.Ғибадат ететін орындарын жами,забия және ханака деп саралауға болады. «**Жами** деп күмбезді мешіттерді айтамыз. Онда шарифат үкімі бойынша жұма, айт намаздары оқыл-ады. **Забия** – арабтың зауия сөзінің бұрмаланған түрі. Әдетте, зауия

деп мешіттердегі қасиетті Құранды оқып үйренуге арналған жеке бөлмелер аталған. Кейінірек уағыз айтатын, діни насихат жүргізетін, шәкірттерге дәріс беретін сопы үйлері мен мекен жайлары да осындай атау алған. **Ханака** да мағынасы жағынан зауияға жақын. Ханака деп тұрақты үйлері жоқ сопылар тұратын, зікір салатын, діни рәсімдер атқаратын мекен жайлар, тұрақтар аталған» [59,21б.]. Ханака түрі біздің Қазақстанның оңтүстік өңірде өте көп салынған. Бұл мешіттердің бір жағында әулиелер мен діни абыздардың мәйіті жерленген, ал бір жақ қабырғасында мінажат ететін орын тұрғысында салынған. Мысал ретінде Баба түкті шашты Әзиз, Арыстан баб, Оқшы ата, Қожа Ахмет Йассауи мешіттері екі камералы: бір жағы бейіт болса, екінші жағында ғибадат ететін орны бар.

Бабырдың келуімен Кабул мен Үнді жерінде бірнеше әдемі мешіттер бой көтереді, хатат даярлайтын мектептер ашылады. Хатат мамандығын алуға үлкенді-кішілі қалалардан ағылып шәкірттер келіп жатады екен. Бабыр көптеген құрылыстарының ішінен тазалық пен денсаулыққа қолайлы бірнеше моншаларды салдырғаны туралы да жазады. «Үндістанда үш нәрседен: бірінші- аптап ыстықтан, екінші - қатты желден, үшінші - шаңнан азап шектік. Осы үшеуінен де монша құтқарады, аптап ыстық та, азынаған жел де моншада аңғарылмайды, ал ыстық күндері оның іші қоңыр салқын, әуелі адам суықтан қалшылдап та кетеді. Моншаның ішінде ыстық су тоспасы болды. Оның іші түгелдей Бианадан алдырылған таспен қаланды, қабырғасының етегі - ақ таспен, қалған жері, асты-үсті түгелдей қызыл таспен өрілді»[6,346б.]. Шығыс моншасы өзіндік ерекше-лігімен көзге түседі. Орта Азия, Үндістан, Кабулдағы салынған моншалар бір-бірімен қатты ұқсас. Үндістанда салынған моншалар Самарқандмоншасының жүйесіне сүйеніп салынған. Аградағы көне моншаға тоқталсақ, бөлмелерінің еденіне түрлі-түсті 50x50см шаршы плиткалар төселген, ал жуынатын ванна бөлмесінің керегелері әр түсті глазурлы кірпіш плиткалармен көмкеріліп сегіз бұрышты өрнектермен айшықталған. Өрнектер қара сызықтармен жиектелініп қызыл фонға салынған. Ал ваннаның өзі су өткізбейтін сылақпен сыланған, кірпіштермен өрілген. Моншаны жылытатын бу, су құбырлары еденнің асты арқылы өтіп, жуынатын бөлмелердің еденін белгілі бір жылылықта ұстап тұрған. Серефидтік, Термездік ою-өрнектер көз тартарлық. Түрлі

мозайкалармен безендірілген иран, түркілік, үнділік ұлттық өнер түрі өздеріне ғана тән ерекшелік ендігі жерде асқан үйлесімділікпен бірін-бірі толықтырып тұрғандай болады, ою-өрнек, мозайка жасау, кафель, бағалы таспен безендіру бұлардың барлығы бейнелі өнермен қатар дамыды.

Бабыр кезеңінде парсылық және Орта Азия ықпалымен моғол миниатюра өнер мектебі қалыптасты. Шығыста суретшілерді даярлайтын арнайы мектептер болған. «Құдайдың өзін тұрмақ, оның құдіретімен жаратылған пендесін болсын, мақұлығын болсын ешкімнің бейнелеуге құқы жоқ. Сондықтан да мұсылман өзінің үйін қаншалықты гүлмен, ою-өрнекпен безендіруге ерікті болса, сонша-лықты адам бейнесіндегі мүсіндермен, жалаңаш денелі суреттермен безендіре алмайды» [60,19б.]. «Сурет салуға тиым» деген ұстаным қайда кетті деген сұрақтар тууы мүмкін. Негізінде мұсылман діні сурет салуға қарсы болғанмен де ғылымға қарсы емес, егерде суретті жақсы мақсатқа бағыттап ұрпағыма аманат ретінде қалсын, сол бір дәуірден тарихи-этнографиялық мағлұмат, хабар беру мақсатында болса бұндай жерде ислам діні құптайды.

Миниатюраларда әрбір салынған суреттердің етегінде құраннан сүрелер келтірілген. Шығыс миниатюра туындыларын дүниеге әкелген дәуірдің тарихы өте тереңде жатыр. Жалпы алғанда XIII-XVI төрт ғасырды қамтиды екен. Темір әулетінің- Хорасан, Мауераннахр (гераттық, самарқандық, тебриздік, шираздық); Сефидтер дәуірі (Иран стилінде шираздық, мешхедтік, исфахандық); Шайбанидтер дәуірі Орта Азия (бұхарлық, және самарқандық); Бабыр дәуірі- үнді (агралық және делилік). Үнділік миниатюра мектебі XVI-XVII ғғ. қамтитын, бұл кезеңдегі миниатюралар туындыларын «Ұлы моғол-дар миниатюрасы» деп атау қалыптасқан. Өнер әлемінің жанашыры Захир ад-дин Мұхамед Бабыр Орта Азия және Иран жерінің өнерін алмастырып, бір-бірімен аралас байланыстыра отырып үнді мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосты. Бабыр заманындағы суретші-лердің еңбектерінен эстетиканың жоғарғы үлгісін көресің, олар тудырған тамаша туындылар адамға терең ой тастайды. Суреттердің әсем болғаны соншалықты әр қыры асқан сүйіспеншілікпен жасалғанын сезінесің.

Бабыр Қайта өрлеу дәуіріндегі шығыс әлеміне қатысты өнер саласын соның ішінде көркемөнер мәдениетін керемет жаңа сапалармен байытқанын байқауға болады. Әр туындыдан

байқағанымыз, қайта өрлеу дәуірінің талғамдарымен талаптарын толық білдіреді.«Қазақ сәулетшілігінің тарихы ежелгі керуен жолының бағытымен байланысты. Сәулет әрқашанда идеологияның және қоғамдағы әлеуметтік үрдістердің көрінісі болып табылады. Сәулет өнерінде пайда болған композиция шешімдер мен орта ғасырларда қалып-тасқан құрылыс Қазақстанның көптеген ескерткіштері өзгеше бір тайпаның мәдениетіне тиісті. Қатпарлы тастардан салынған ғима-раттар ашық аспан астында, мыңжылдан астам уақыт тұр, олар байырғы құрылысшылардың өнерінің дамығандығын дәлелдейді. Одан әрі құрылыс дәстүрлері орта ғасырлардағы күмбезді құрылыстардың архитектурасын анықтаған «парустардағы» күмбездің пайда болуына дейін эволюциядан өтеді»[61,216б.].

Темір ұрпақтары сәулет өнерінен басқа бейнелеу өнеріне де ғашық болған. Бабырдың ұлдарының ішінде сурет өнеріне жаны жақыны Құмайын, ол Сефевид династиясының Тахмас шахы болып сайланған. Ол Тебризде миниатюра өнеріне қызығушылық танытады, сол жерде атақты суретшілермен танысады. Атақты суретші Бекзаданың шәкірттері Мир Саид Алимен, Ходжа Абусаид Самад Ширазбен достасып қарым-қатынас орнатады. Мир Саид Али мен Ходжа Абусаид Самадты өздерінің сарайына алдырады. Осы аты аталған өнер адамдары Суретшілер мектебінің негізін қалыптас-тырып, мықты туындылар салып, шығармашылықпен айналысады.Құмайынның осы өнер саласына ғашықтығын кейін оның ұлы Акбар жалғастырады. Осы Акбар бірнеше жылдар бойы «Бабырнама мини-атюрасын» салдырады. Миниатюра дегеніміз, көркем әдебиет желісін суреттеп салу бейнелеу өнерінің бір түрі болып табылады. Бұл «Бабырнама миниатюрасын» салуға 41 жердің түпкір-түпкірінен келген әр елдің суретшілері қатысады. Орта Азиядан келгендер қатарынан: Устад Мансур, Ибрагим Наккаш, Абдуллах, Фарук-бек, Жамшид, ибрахим Кагар болса, Үнді жерінің атақты суретшілері Кесу Куджараты, Сарун, Таръя, Бахвани қатысқан екен. «Бабырнама миниатюрасын» бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. 15-і тар-ихи, 13-і шаруашылық, 20-сы әскери, аң аулау сюжетінен 6 миниа-тюра, пирдан 7-еу, су андарынан 4-еу, жануардан 5-еу, гүлдерден 11-і, құстардан 12-сі деп жіктеуге болады. Барлық миниатюраларының ішінен 20-сы соғыс әскери эпизодтар, қалған 73-і айқын ашық суреттер өмір-тіршілік нышандары»[62,346б.].«Бабырнама миниа-тюрасы» асқан

шынайылықпен, пейзаждар мен тұрмыс-тіршілік суреттері әділ де тура бейнелеген. Табиғат көрністері кәдімгі өмірдегідей ғажайып үйлесімділікпен салынған. Тіптен салынған суреттер жердің сұлулығынан ләззат алуға шақырғандай күй кешесің. 96жуық «Бабырнама миниатюрасындағы» 46-ысында «Бабырнама» шығармасының басты кейіпкері Бабырдың болмысы салынған. Мықты қолбасшы, терең ойшыл, мемлекет қайраткері Бабырдың бейнесі жанды суреттей болып көрінеді. Ізгілік бет пішінінен нұрын төгіп тұр. Оның жанарынан парасаттылық пен байсалдылықты көруге болады. Оның жүзі жылы шырайлы, түріне қарап тұрып, мінезін аңғарсақсалмақтылықты, сабырлылықты көруге болады. М.Х.Дулатұлы «Тарих-и Рашиди» еңбегінде: «Бабырдың бейнесі туралы «өте сүйкімді жылы жүзді, адам еді» -деп жазған[63,116 б.]».

Бұл миниатюралар Бабырдың дүниеден кеткеннен кейін 50 жылдан соң салынған. Атақты шығыс бағына арналған миниатюрал-армен және аң стилінің дәстүріндегі кескіндемелер өзінің құндылығын жоймай, әлі күнге дейін ғалымдар тарапынан өз бағасын алуда. Суретшінің міндеті-дүниенің жарастығын барынша ашып, әлдебір әсемдікті орнықтыру, ғажайып бір салтанатты көрністі тудыру. «Бабырнама» шығармасының сюжеттерін атақты суретші-лер өз туындыларында бейнелеп, безендірді.

Үнділік өнер, керісінше, Орта Азияда да өзінің терең ізін қалдырды. Самарқан мен Бұқарада, Ферғана мен Жетісуда, Қашқарда сол кезде үлкен табысқа жеткен «Кашмир стилі» кең тарады. Орталық Азияның билеушілері Ұлы Моғолдар мемлекетінен «Кама-сутраның» сюжеттерімен байланысты миниатюраларды алдырып отырды. Үнділік музыка да түркілік саз өнеріне шығыстық көрік берді. «Моғолдар кезеңінде керамика жасаудың жаңа технологиясы мен мәнерін дамытуда Сұлтанабат қаласының маңызы ерекше болды. Бұл уақытта керамика жасау ісінде моңғол мәнері қолданыла бастады. Осыған байланысты бұл өнер түрі одан сайын әдемілене түсті», -дейді Ширин Баяни[64,116-117бб.]. Ағаштың үстіне Самар-қандық, ирандық ою жүргізіп қырса, арабеска парсылық болса, лактау мен күйдіруде үнді шеберлері асқандық танытты.

«Қазақ ғалымдарының ішінде Үнді жерінде болып ғылыми зерттеулер жүргізіп, өзінің алған әсері жайында жазып қалдырған

М.Әуезов еді. Жазушы Үндістанда өткізген қырық бес күнді «мың бір түндегі ертегілер еліне ұқсатады». Үндістаннан келген соң «Индия очерктері» атты еңбегін жазады. Онда: «Индияға Бабырдың соғыспен кіріп, осы Дели қаласына шейін өзіне қаратып алған жылы 1526 жыл еді. Индияны бағындырып, патшалығының орталығы етіп Делиді белгілеп алған соң, Бабыр өзі төрт жылдан соң қайтыс болады. Бұл атақты «Бабырнама» дейтін мемуар қалдырған және ғазелдер жиынтығын тудырған, өзге де бірнеше кітап жазып кеткен өнерлі жанның бірі болған. Осы Бабырдың баласы Қумайын, оның баласы Акбар, оның баласы Жиһангер, оның баласы Шах Жаһан, оның баласы Аурангезеб барлығы да жауынгер, күшті патшалар болыпты», – делінеді [65,85б.]. «Бабырнама» еңбегінің құндылығын Мұхтар бағалай білген, айласы асқан қолбасшы, қоғам қайраткері Бабырды өзінің дәрістерінде айтып отыратын дейді шәкірттері. Үндінің биін, күйін, театрын, сәулет, сахна, өнерін қорыта келе, Мұқаңның былай дейтіні бар: «сонда бұл елдің дінінде поэзия көп, ал поэзияда дін көп, дінінде би көп, биде дін көп. Ағылшындар көп жыл үстемдік етседе, олардың үлгілерін қабылдамаған»- дейді. Бабыр туралы «жолбарыс мінген патша» атты еңбек жазған Гэролд Лэмб былай дейді: «Моңғолдар жүріп өткен жерлерде қызыл және ақ тастардан күмбездер тұрғызылып, мешіттер бой көтерген. Бабыр Үнді жерінде екінші Самарқанд салмақ болған ойы өлген соң ғана жүзеге асты...» [66,346б.].

Әмір Темірден қанына сіңген қасиет Бабырмен тоқтап қалған жоқ, шөпшегі Шах Жаһан ары қарай жалғастырғандай. Шах Жаһан Үндістандағы әлемге әйгілі Тәж Махалды салдырған. Кесенені салуда Самарқаннан суретші-сызушы Мұхаммед -Шариф, Бұқарадан мүсінші Ата-Мұхаммед ж.т.б. қатысқан. «Тәж Махал әлемдік сәулет өнеріндегі таңғажайып ескерткіш. Агра қаласынан 2 км қашықтықта Жамна өзенінің жағалауында тұрғызылған. Шах-Жаһан 38 жасында қайтыс болған аяулы жары Мұмтаз Махалға арнап 1630-52 жылдар аралығында салдырған. «Парсы шебері Иса ұстаның жобасы әрі оның басшылығымен 20 000 жұмысшы 22 жылға жуық жұмыс істеген екен. Ескерткіш құрылысына жұмсалған ақ мәр-мәр Иран мен Қытай жерлерінен арнайы алдырылған және құрылысына 90000 млн рупийден астам қаржы жұмсаған. Бес күмбезді, оның биіктігі 243 фут. Құран аяттары жазылған. Оның екі қанатына қызыл кірпіштен тұрғызылған

құрылыстар мешіт, монша, ас үй толықтыра түскендей. Оларды гүлзарлар мен кипарис ағаштары көмкерген.«Тәж Махал тек аппак мрамордан ғана салынған. Іші ою нақыс-тармен көп безелген, тас кестелі кейбір әсем бөлімдерін безендіруге ақ мрамордан басқа 18 түрлі-түсті тастар қолданылған. Астыңғы платформасымен саналғанда ең жоғарғы ұшпа басына шейін 78 метр деп мөлшерленеді. Тәж Махалды дүние жүзіндегі адам қолымен тұрғызылған жеті ғажайып архитектура ескеткіштерінің біреуі саналады деседі»[67,87].Осы жеті кереметтерінің бірі деп те айтылып жүрген Тәж Махал махаббаттың символы саналады. «Үнділер Темір ұрпақтарының музыкаға және поэзияға деген махаббатын, шарапқакұмарлықтарын байқаған. Бабыр бау-бақша отырғызуға да жанын салған, оны жергілікті үнділер «Бағбан патша» деп те атайтын. «Жатсам-тұрсам ойымнан кетпей қойған нәрсе Үндістандағы ағын судың жоқтығы. Мұны бір алапат кемістік деп білдім. Қай жерге тұрақтасақ та, су доңғалағын құрғызып,су шығарып тақталы бақ отырғызуға бел байладым» [6,345б.]. Қор-шаған ортаны көркейту дәстүрін Үндістанға Бабырдың өзі алып келгендігі оның шығармасында әйгіленіп тұр: «Аграға жақын маңда ондай бақ орнататын бос жер жоқ еді, сондықтан бірнеше күннен кейін, амалдың жоқтығынан сол жерді игермек болдық. Ең әуелі үлкен құдық қазылды, сол құдықтан қазір моншаға су алынып отыр, содан кейін амбли ағашы өсіп тұрған, сегіз қырлы су тоспасы бар жерді игере бастадық. Содан кейін үлкен су қоймасын және аула жасап, тас құрылыстың алдына да су тоспасын жасап, тал орнаттық. Содан кейін мекен тұрағының айналасына бақ отырғыздық та, жатын бөлме, монша салғыздық. Сонымен сұрықсыз, көріксіз Үндіс-танда тамаша тақталанған бақша пайда болды. Оның әр пұшпағы көгалдандырылып, көздің жауын алатын райхан гүлі мен итмұрын отырғызылды» [6,346б.].

Ғасырлар тоғысында атақты тарихшылар, өнер адамдары, әдебиет дүлдүлдері дүниеге келді. Ғылыми, көркем әдебиет және энциклопедиялық туындылар талантты суретшілер мен арнайы мамандандырылған кітап мұқабасын түптеп шығарушылардың еңбектері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп қазіргі күнге жетіп отыр.Адам қолынан туындаған дүниелер адамзат баласынерекеше әсер мен эстетикалық сезімге бөлейді. «Ежелгі түріктердің эстетикалық талғамы өте жоғары болған. Тұрфанда табылған мәрмәр мүсіндер грек мүсіндерінен де әсте төмен емес. Селжук түріктерінің, Хорезм

түріктерінің, Османдықтардың Аққойлы, Қарақойлы түріктерінің, Мысырда, Иракта, Түркістанда, Үндістанда салған мешіттері, сарай-лары, мазарлары, көпірлері, фонтандары әлемдегі ең әдемі туындылардың бірі болып табылады» [68,21 б.].

Мәдениет бір ғана ұлттың дін, мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, тіл, экономика және тұрмыс- тіршілігінің үйлесімді жиынтығы» деп айтқан Зия Кокалыппен келісе отырып, сұлулық сезімі бұл қуан-ышты әрі нұрлы сезім дегім келеді. Шын мәнінде сұлу да бақытты адам - уақытты дұрыс пайдаланып, адамзаттың ұлы мәдениетінің мән-жайын жете түсіне білген адам. Эстетикалық мұрат, Бабыр бойынша, сырт көрнісі мен рухани дүниенің біте қайнасуы. Бабыр-дың бақыты- халықтың бақыты, жалпының игілігі болып табылады. Адамның сұлулығы-бет жүздің ажарлылығы, күллі дененің мінсіз болуы, сонымен бірге рухани дүниенің байлығы екені рас. Сұлу-лықты сезіне білетін адам шын мәнінде бақыттың не екенін білетін адам. Атақты философтардың көзқарасы бойынша, сұлу адам жан-жақты және ішкі, сыртқы дүниесі үйлесімді түрде дамыған адам. Ежелгі Грек ойшылы Платон адам дене сұлулығымен, ішкі сұлу-лықты бірдей ұстау қажет десе, орта ғасырдағы әл-Фараби адам қара басының қамын ойламай, өзгені де ойлап, қайырымды жан болса нағыз бақытты адам осы дейді, Ж.Баласағұн ілімін түсінген адам «бақыт ілімі» деп те айтып жүр. «Құтты білік» іліміндегі бақытты адам ол төмендегі төрт қасиетті меңгерген адам: әділет, ақыл, қанағат, дәулет деп тұжырымдаған. Осы ілімді жалғастырған А.Яссауи «Кемел адам» ілімін ұсынады. Кемел адам пенделік өмірден бас тартып, нәпсі тазалығына ден қойған. А.Яссауи хик-меттерінің даналығының мазмұнына келетін болсақ, Алланы адамға таныту, хәл ілімі арқылы тәрбиелеу. Бірінші кезекте, А.Яссауи он сегіз мың ғаламды жаратқан Жаратушының құдіреті, шексіз мейірімі мен кешірімділігін мадақтап, одан соң имандылыққа, адамгершілікке шақырады. Бабыр шығармасында да рухани мәдениет пен жүрек тазалығына көңіл бөлінген. Бабыр кінәліні әділ жазалауға, адам баласын күнәдан бойын аулақ ұстауға шақырады. «Аллаға күпірлік келтіру, Алла одан сақтасын; екіншісі - қаншама күнәсі ауыр болса да, Алланың рақымдылығынан үмітін үзу; үшіншісі – Аллаға құлшылық етіп жүрсе де Алланың қаһарынан қорықпайтындар; төртіншісі - күнә жасауда табандылық көрсетушілік (яғни, үздіксіз күнә жасайтындар). Ендігі төрт күнә тілге

қатысты: біріншісі – өтірік куәлік беру; екіншісі – өтірік ант ішу; хақты (шындықты) жоққа шығарып нахақты (өтірікті) шындық етіп көр-сету; үшіншісі – тақуа адамдарды балағаттау; төртіншісі – сиқырлық жасау (дуалау). Келесі екі күнә қолға қатысты: біріншісі – ұрлық жасау; екіншісі – нахақ қан төгу; Үш күнә қарынға қатысты: біріншісі – шарап ішу; екіншісі – жетімнің малын нахақ жеу; үшіншісі – [берген нәрсенің] алтынның өсімін жеу. Ендігі екі күнә жыныстық қатынасқа байланысты: біріншісі - зинақорлық, екіншісі - ләват және бірі аяққа байланысты: ол соғыс күні бір мұсылманның екі кәпірден қашуы. Тағы бірі жалпы адамға қатысты: ол әке-шешені тыңдамау, яғни әке-шешеге бағынбай, қызбалық жасау. Әр адам осы он жеті [күнәдан] аулақ болса, бұдан басқа күнәлары кешіріледі. Кінә мен күнә мәселесі сопылық дәстүр тұрғысына ұқсас. Бұл күнәлар түрлері әл-Ғазали еңбегімен рухани сабақтасып тұрғанын көруге болады [69,21 б.].

Түркі мәдениетінің сұхбатшылығының тағы бір тіреуі – оның ауызекі сөзге негізделгендігінде жатыр. Жазулы сөз өзінің болашақ оқырманын есте ұстағанымен, оның дәл қазір дәл осы жерде отыруын міндеттемейді. Ауызша айтылып, құлаққа естіліп қана қоятын сөз – ауызекі сөз қашанда айтушы мен тыңдаушының бірдей қатынасуын талап етсе керек. Соның нәтижесінде тыңдаушысын көз алдында ұстап отыруға тиесілі ауызша сөзге негізделген қауымдық, ұжымдық өмірде адам тек акустикалық (дыбыстық естілетін) кеңістікте өмір сүрді. Шетсіз-шексіз, бағыт-бағдарсыз дыбыстық кеңістік синкретикалы (бөлінбеген, жіктелінбеген) сананың негізінде қалыптасады. Ол түркілердің өздерін табиғаттан, қауымнан бөліп-жарып қарастырмайтындығының басты себебін айқындаса керек. Көшпелілердің негізгі коммуникация (байланыс) құралы тіл болған-дықтан, ауызекі сөзге негізделген салт-дәстүрлер, әпсаналар (миф-тер, әдет-ғұрыптар немесе, жалпылама айтсақ, фольклор) кеңінен дамыды және ұрпақтар мирасқорлығының негізі де сол болып табылады. Ғылыми тіл араб тілі болса, ауызба-ауыз күнделікті тұрмыста, дипломатиялық келіссөзде түркі тілі қолданылған. Жазу-сызудың пайда болуы адамзатты естілетін дыбыстық (акустикалық) кеңістіктен көзге көрінетін (визуалды) көрнекі кеңістікке итерме-леді. Ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан ақыл-өсиет, даналық ой, көпжыл-дық тәжірибе нәтижесі ендігі жерде

тікелей ауызекі айтылмай, жазылған және көзбен көріп, оқылатын мәтіндерге (текстерге) айна-лады.

«Үйрек қауырсынынан жасалған қаламсап тіл үстемдігіне шек қойды; ол өмірдегі қасиетті құпияны жоққа шығарды; ол сәулет өнері мен қалаларды, жолдар мен әскерді, бюрократияны дүниеге әкелді. Ол сананы тылсым көлеңкеден жарыққа шығарып, мәдениеттің биік шыңы өркениетке бастама болған түбегейлі метафора болды»[70,238б.].

Бабыр киім-кешектің эстетикалық ерекшелігіне де мән берген. Келіссөз жүргізуде, елшілік қабылдағанда келген жақтың киім киістерін өзгеше сәнделген деп, ою-өрнектерінен де мағлұмат береді. Өзінің нағашысы болып келетін моғолдардың киім киістері жөнінде: «Ертеңіне нағашым - Кіші хан иығыма шапан жауып, астыма ерт-теулі ат мінгізді, оған қоса иірілген жіппен кестеленген тақия, қытай атласынан тігілген жұқа шапан, шақпақ салынатын қыны бар, ескі үлгідегі қытай белдігін сыйлады. Қына белдіктің сол жағына тағы-лыпты, оған қоса әйелдердің киімінің жағасына, кимешегіне, тоқыма дорбаларына тағатын үш-төрт сәндік сылдырмағы бар. Оң жағынан да сондай үш-төрт затты салбыратып қойыпты»[6,122б.]. Алыстан келген сыйлы қонағына ат мінгізіп, үстіне шапан жабатын әдет-ғұрып өзіміздің қазақы дәстүрімізде сақталып келе жатыр.

Түркі жұртшылығының рухани мәдениеті әрдайым жоғары, олар қонақжай, үлкенге-құрметшіл, кішіге - ізетшіл, бауырмал болып келетіндігі оның бір өзіндік ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Түркі халқының меймандостығы, қонақжайлылығы әлемге әйгілі болып кеткен асыл қасиеті үйге келген мейманды жылы шыраймен құшақ жайып қарсы алып, құрмет көрсетіп риза етіп шығарып салу абыройлы іс, міндет болып саналатын. Деректер мен аңыз-әпсаналардан, дастандардан түріктердің арғы жағынан ұқсастықты, жақын-дықты, рухани сабақтастықты көреміз. «Кіші ханның адамдарының бәрі моғолдарша киінген: моғол қалпақ, алтын зерделі жіптермен кестеленген, қытай жібегінен тігілген шапан. Моғол қалқан, сауыт, ерлері жасыл шегіренмен қапталған, мінгені моғол жылқысының сәйгүліктері. Мұның бәрі олардың салтанатын байқатады» -деп киім үлгілеріне осындай суреттеме береді[6,124б.].

«Бабырнама» еңбегінде қазақтың ата-бабасына қатысты рутайпалардың аттарын көптеп кездестіреміз. Кейіпкерлерді таныс-

тырғанда міндетті түрде бірінші руыайтылады, көптеген жауынгерлері мен нөкерлері Найман, Дулат, Арғын, Жалайыр, барлас руларынан. Бабыр ұлына хат жазғанда, «у ішсеңде руыңмен» деген жолдар кездеседі. Ру сондықтанда қасиетті ұғым, оның ішінде атала-сың, бауырың, туысың, қандастарың бар. Әрбір рудың тарихта өз таңбасы, бекітілген байрағы болған. Батыста отбасы мен ру-тайпа-лар аналық және аталық кезеңдеріне бөлінгенімен, түркі мәдениеті тарихын зерттеушілер осындай жіктеуді ескермей, жоғарыдағы әлеуметтік-мәдени құрылымдарды тарихи үдерістерден және этно-графиялық контекстерден тыс қарайды. «Дәстүрлі түркілік отбасы мен ру-тайпалар екінші әлеуметтік жіктелудің нәтижесінде қалып-таса бастады. Өйткені, аналық рудан бектер мен батырларды, жеті аталық үрдісті, аруақты шығару мүмкін емес. Бұл мәселенің нақты-лы тарихын зерттеу мен арнаулы әдістемені қажет етеді. Тотемдер мен нагуальдар патриархалдық отбасы қалыптасқаннан кейін ержүрек батырлар мен сәтті әскербасыларының рухына табынумен (аруақ) алмасады. Көшпелі өмір салтында қақтығыстар жиі болып тұрған. Өйткені көшпелі үшін территория бөлінбеген, олар өздері кеңістікте бөлінеді. Шекарасы айқындалмаған. Жайылымдарға кім бірінші жетсе, ол соның иелігінде қалып қойған. Басқа қауым күшейген жағдайда жайылымдар үшін қақтығыстар жиі туып отырған»[71,44б.]. Соғыстарда ру мүшелері атақты аруақтардың есімдерін ұран ретінде пайдаланып, олардың қолдауына жеткісі келген. Аты ұранға айналған әскербасылар мен елбасылардың есімі көптеген түрік халықтарының этнониміне айналған. Ақсүйек тұқ-ымы болып есептелетін сұлтандармен салыстырғанда бектер көшпенді қауымның өз ортасынан шыққан ру-тайпа, игі жақсылары. Бабырда да ұран туралы: «Ұран екі түрлі болады, әр тайпаның өз ұраны, мәселен, бір тайпаның ұраны-тұқай болса, тағы бірінікі ұлу, бүкіл әскерге ортақ бір ұран болады», - деп жазады[6,127б.]. «Қазақ-тың ру таңбасының семиотикалық мәні туралы: «Қазақ ру таңбалары келісімді таңбалар жүйесіне жатады «ру таңбалық жүйе – бұл голограмма. Голограмма-тұтастық әріп құрамдас бөлікте кездестін құбылыс. «Голограмма гректің Holos-толық графо жазу сөздерінен құралған. демек, голограмма толық жазу деген ұғымды білдіреді. Ақпарат голограммада кодталған түрде сақталған. Голограммалық жазу – кодтау, голограмманы оқу, кодталған ақпаратты оқу деген

сөз. Сондықтан голография-бұл ес механизмі, жазусыз есте сақтау жүйесі» [72].

«Бабырнама» еңбегінен түркі, ауған, иран, үнді жеріндегі 24-ке жуық тайпалар әртілде сөйлеседі барлығы араласып кеңістікте синтезделіп, мәдени сұхбатқа түседі. «Тигр провел черту по линии горного барьера и разделив Индию надвое, Он восстановил едино-властие, в котором Индия нуждалась долгие годы. Его государство отвернулась отпрошлого и смотрело в будущее, сохранив при этом местные традиции и экономику. С приходом Бабура Индия узнала отличавшую Тимуридов любовь к музыке и поэзии, а также к вину, из-за страсти к устройству садов в самых неожиданных местах народ наградил его прозвищем Царь-Садовник»[66,426 с]. Бағбан патша аталған Бабыр гүлдерді керемет жақсы көрген, гүлдердің көптеген түрін жинап, қай аймақта қандай гүлдер өсетінін айыра алған. Бақ ісімен айналысатын ісмерлерді жинап, бірнеше гүлзарлар орнатқан, қазіргі таңда оазис, флористика да өнер мен мәдениеттің бір түрі болып отыр.«Бабур не испытывал восторга перед искусством масте-ровых, но был поражен многочисленностью»[73,426 с.].

Моғол империясы тарих саханасында 235 жыл өмір сүрді. Біздің қатты ұстанған қағидамыз халық тарихы мен өркениет тарихының тоғысу тұрғысы.Бабыр шығармасын тарихилық-афоризмдік және қарапайым түрде, көркемдік, таным деңгейі жоғары және өнер талғамы жарасты жағдайларға келтіріп жазған.«Бабырнама» түркі тілдес халықтар әдебиеті мен мәдениеті тарихынан алатын орны мен атқаратын рөлі турасында дүниежүзінің ең көрнекті түрколог ғалымдарынан мейілінше жоғары бағасын алды. Бабырдың осы энциклопедиялық мәні бар ең басты еңбегі қазақ халқының рухани игілігі болып табылады»[74,337б.].

«БАБЫРНАМА» ЖӘДІГЕРІНДЕГІ ҒҰЛАМАЛАР

Түркология бағытында ғылыми зерттеулер жүргізу бүгінгі күні көпшіліктің қызығушылығын тудыруда. Жалпы түркологияның тарихына зерттеулер жүргізген еуропаның ғалымдарына тоқталсақ: В.Томсен, В.В.Радлов, П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов, Н.Ф. Катанов, Ф.Е.Корш, Н.К.Дмитриев, И.Самойлович, Г.И.Рамстедт,

Ю.Немет, А.Щербак, А.Беверидж, Павел Курьте, А.Боровков, Д.Насилов, т.б.

Орта ғасырдағы ғұламалардың еңбектері әлі де болса зерттеулерді қажет етеді. «Тарих - халықтардың қасиетті кітабы, олардың тұрмыс-салты мен тіршілігінің айнасы, жан дүниесі мен әдет-ғұрпының көне естелігі, ата-бабаларының қалдырған өсиеті», – деп түсініп, құндылығын ашқанда ғана жәдігерді дұрыс бағалай аламыз[75,446.].

Шығыс шайырларының еңбектері жайлы Қазақстанда түбегейлі зерттелген мәліметтер жоқтың қасы. Осы тұста Орта ғасырдың шайырлары, ғұламалары, зиялылары жайында «Бабырнама» шығармасынан көптеген мәліметтер алуға болады. «Бабырнама» еңбегіндегі ең маңызды құнды мәлімет бұл атақты ғұламалар туралы нақты жайттардың анық жазылуы. Бабыр көптеген өнер қайраткерлеріне жылы ілтипат білдіріп, олардың шығармашылық ізденістеріне демеушілік көрсетіп отырған. «Сұлтан Құсайын мырзаның заманы – бір ғажайып заман еді. Оның кезінде бүкіл Хорасан өңірінде әсіресе, Герат қаласында ғалымдар, теңдесі жоқ ақылды адамдар болды»[6,207б.].

Ұлықбек ғұлама. Ол Темірдің үшінші ұлы Шахрух мырзаның тұңғыш баласы, Бабырдың аталас туысы. Ұлықбек жас шағында біраз жерлерді аралап, басқа елдердің мәдениетімен, тұрмыс - тіршілігімен таныс-ады. Ежелгі грек ғалымдары Платон, Аристотель, Птоломейдің сонымен қатар, Ибн Сина, Әл-Фараби, Бирунидің еңбектерімен жете таныс болады.

Темір өлген соң ол құрған мемлекет Мауераннаһр және Хорасан болып ішінара екіге бөлініп кетеді. Ұлықбек он бес жасында мұрагерлікпен Мауераннаһрдың билеушісі атанады. Ұлықбекел басқару ісінен гөрі, ғылым мен білімге жақын болған ойшыл. Ғылым мен өнер үшін жанын беруге даяр Ұлықбексәулет өнеріне де ынты-зарлық танытып, өз тарапынан бірнеше медреселер мен мешіттер тұрғызады. «Бұрынғы Медресенің жанына мешіт салдырған, ол мешіт қималы мешіт деп аталады. Қималы деп аталатын себебі, өңделген ағаш қималарынан, ислам және қытай өрнектерімен әшекейленген. Оның ішкі төбесін, керегесін осындай ұсақ ағаш қиындысынан қиыстырып жасаған»[6,69б.]. Самарқанда, Гинжу-анда, Бұқарада атасы аяқтамаған құрылыстарын тамамдайды. Ұлықбек өз кезегінде ғылымның өркендеуіне үлес қосқан. Оның іргелі жұмысының бірі

Самарқанд қаласында астрономиялық обсерватория орталығын салғызған. Ғұламаның ең басты еңбегі «Зидж гурган» кестесінің құрылуы. Кесте төрт бөлімнен тұрады.

1) Календарь туралы.

2) Уақыт өлшемі.

3) Планеталардың қозғалысы жайлы.

4) Астрономияның теориясынан мәліметтер деп аталады. Ұлықбек ғұламаның еңбектері Лондон қаласында бірнеше рет басылып шығады. Ұлықбектің өлшеуі бойынша 365 күн 6 сағат 9 минут 15 секунд деп көрсеткен, оның қазіргі уақыттан бірнеше секундқа ғана қателескенін көреміз [76,337б.]. Ұлықбек астрономиядан басқа математика, геометрия саласымен де айналысқан.

Әлішер Науаи 9.2.1441 - 3.1.1501 аралығында өмір сүрген түркі халқының мықты ақыны, терең ойшылы. Сарайда мөр сақтаушы, кейіннен көп жылдар бойы уәзір қызметін атқарған. Ол бүкіл өмірін өнер мен білімге арнаған ғұлама. Науаидың дүниетанымына Фир-доуси, Низами, Хафиз, Дехлауи, Хорезмисекілді шығыс шайырлары едәуір ықпал еткен. Ақын Әлішер Науаиды Бабыр өзіне ұстаз санаған, сондықтан да көзқарасы жағынан онымен рухани, үндес болып келеді. Онымен ара кідік хат алмасып тұрғаны жайлы: «Самарқанды екінші рет алғанымда, Әлішер бек тірі болатын. Бір жолы тіпті хат та алған болатынмын. Қайтарылған жауап хаттың сыртқы бетіне түрікше өлең жазған болатынмын» [6,108б.]. Әлішер Науаидың ғыл-ыми жұмыстарының біразы лингвистика саласына қатысты. «Екі тілдің таласы», әдеби-теориялық «Өлең өлшемі», «ой қазынасы» тіл саласына жазылса, теология іліміне «Саид Хасан Ардашердің өмірі», «Пайғамбар мен хакімдердің тарихы», «Мұсылмандық нұры», «Гауһарлар шоғыры» атты еңбектер жазған. Философиялық негізгі еңбектері: «Балалық шақ базары», «Жастық шақ жарасымы», «Егделік ерсілігі», «Қарттың өсиеттері», «кұстар тілі», «Көңілдердің сүйгені», «Ой қазынасы». Парсы тілінде «Диуани фани», «Бес қайрат» еңбегін жазса, «Хамсе», «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархад пен Шырын», «Жеті әлем», «Ескендір дуалы» деген бес поэмаларды тудырған. «Бес Қайрат» еңбегін ұстазы Абд әр рахман Жәмиге арнаған болса, «Ғажайып мәжілістер» еңбегінде 400-ге жуық шайырдың еңбектерінен мәлімет берген энциклопедиялық туынды. Ойшылдың түгел еңбектері көптеген тілдерге тәржімаланған. Науаидың ақындық өнерінен басқа, аспапта

ойнауда, ән айтуда, тіпті сурет салу өнерінен де кенде емес көрінеді. «Әлішер бек ойы жүйрік, тапқыр адамды, ол көп нәрсе ойлап тапты. Өз ісінде жаңалық ашқан адамды «Әлішери» ғой деп айту мәтелге айналған. Кейбіреулер қылжақбастыққа салып, Әлішер бекке аударып салатын. Бірде Әлішер бек құлағы ауырып орамалмен таңып жүріпті, соған әйелдер көк жаулықты қисайта құлақ бастыра байлап, мұны «Әлішерше байлау» -деп атап кеткен. Тағы бір жерде Бабыр: «Ол музыкалық тәуір шығарма жазған кісі, оның тамаша нақыштары мен пишправтары бар. Әлішер бек сияқты бұрын соңды өнер білімге жанашыр адам болды ма болмады белгісіз»[6,210 б.]. Орта жасқа келгенде бек дәрежесін алып, біраз уақыт Астрабадты биледі, ал өмірінің ақырында әскери іспен айналысуды қойды. Ол мырзадан ештеңе алған емес, керісінше, жыл сайын оған мол ақша жіберіп тұрды. Сұлтан Мырза Астрабадтан жорықтан қайтқанда, Әлішер бек оның алдынан шығып, қарсы алды. Мырзамен тізе бүгіп амандасқаннан кейін, орнынан тұра алмай қалды. Оны орнынан көтеріп алып кетті. Дәрігерлер сырқатының тілін таба алмады. Келер күні таңертең Аллаға жанын тапсырды»[6,211б.].М.Әуезов те өз тарапынан:« Науаи - данышпан ақын, философ, мемлекет қайраткері болудың үстіне, тағы талай өнердің шебершісі, жоқтаушысы, ұлы жәрдемшісі де болған. Ол музыка өнерінің көрнекті өнерпазы. Суретшілік өнерінің құмары, саулет өнерінің үлкен сыншысы, ұстазы. Және нақысты, әсем жазу- каллиграфияның білгіші, сыншысы болған. ...Көбіне ұстаздық ойы-мен басшылық бағыт берген, мол қасиет иесі», -деп өз бағасын берген [77, 7-9бб.]. Сопылық дәстүрді ұстанған ақын көптеген өнер адамдары мен шәкірттер даярлаған. Науаидың шәкірттері: «Құл Мұхаммед, Шейх Найыншы мен Құсайын Үдешілер музыкалық аспапта ойнап, дүйім ел жұртқа танылып, даңққа бөленген. Науаи-дың өлең өруінде ұршықтай ойнақтаған шешендік шеберлікті көруге болады. Науаи көп қырлы, әр тақырыбы мазмұнға бай, қамтыған мәселесі сан алуан. Науаи әр сөздің мағынасына асыл ойларды сыйғыза білген, Абай атамыздың өзі де Науаидың ақындық дарынын ерекше бағалаған. Қазақ ғалымдарының ішінде Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Айтовтар сынды тамаша ғалымдар Әлішер Науаидың біраз еңбектерін зерттеген.

Мұхамед Хайдар Дулати. 1499-1551 жылдар аралығында өмір сүрген Орта Азиядан шыққан ғұлама. Мұхаммед Хусейн мен Хуб

Нигар ханымның балалары. Хайдар Дулатидің бабалары Жетісу мен Қашғарды мекендеген Дулат тайпасының ең беделді ел билеушілері еді. Патша Бабырдың шешесі Құтылық Нигар ханыммен Хуб Нигар ханым әпкелі-сіңілі бір үйдің қыздары, сонда Бабыр мен Хайдар бір-біріне туған бөле болып келеді. Балаларына «Хайдар» есімін берген, өйткені бұл есім араб тілінде «ержүрек» деген мағынаны білдіреді. 1499 жылы дүниеге келген Хайдар екі жасқа толған шағында шешеден жетім қалады. Әкесінің қалауымен ары қарай Хайдардың тәрбиесі мен білім алуына Сағадин Тафтазанидың немересі Шейх ул Ислам айналысады. Сопылардың күнделікті жиыны, діни берілген білімі Хайдардың адамилық болмысына ықпалын тигізеді. Қолынан бал тамған өнері, көркем мінезі оны басқалардан ерек-шелеп тұратын. Бабыр Хайдардың болмысына: «Әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін, ол үш-төрт жыл менің қасымда болды. Содан кейін рұхсат сұрап Қашқардағы ханға кетті... Енді ол орнықты, байсалды азамат болып, жақсы жолға түсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын июге қолының ебі бар. Он саусағынан өнер тамған жігіт. Ақындық дарыны бар еді» - дейді» [6,31б.]. Хайдарға қастандық жасалама деп, Шайбаниханнан келетін қауіптен күдіктенген Бабыр оны өз сарайына жанына алдыртқан. Бабыр Хайдардың рухани өмірінің бастамасына, оның жан-жақты болып есеюіне көп септігі тиеді. Бабырдың қасында болып, араб, парсы, тілінің жетіле түсуіне, сол тілде көптеген кітап оқуына мүмкіндігі болды. Сарайдағы қызыл тілді шешендер, суырып салма ақындар, мықты даналармен таныс болып, солармен қарым-қатынас жасауы да оның парасатын арттыра түседі.

Хайдар Дулатидың шығармашылыққа шабыты ашылып, іргелі тарихи еңбектерді тудырды. Хайдар Дулати әйгілі «Тарих-и Рашиди» мен «Жаһаннаме» жәдігерінің авторы. Жаһаннама дастаны философиялық туынды болып табылады. Бұл шығарманы 1533 жылы жазған деген пікірлер айтылады. Дастанда Саид хан мен Рашид сұлтан арасындағы оқиғалар өрбіген. Дастан Берлин қаласының мұражайында сақтаулы тұр, түркі тілінде жазылған. «Тарих-и Рашиди» еңбегінен мәдениет пен әдебиетке, тарих пен философия саласына қатысты ғылыми зерттеулерге өзек болады. Бұл еңбек екі дәптерден тұрады. Бірінші бөлімінде, Хайдар майдангер қолбасшы, ол жас та болса біршама соғысты басынан өткізген. Бабырдың қол астында жүрген кезде де бірнеше рет

жорықтарына қатысқан. Тибет жорығына қатысып қол бастаған, соңынан Кашмирге билік жүргізген. Бабырдан рұхсат алып, Саид ханның жанына барады. Саид ханның қасында жиырма жылдай болған Хайдар: «зергерліктен, таста тілуден, оқ жону, садақ ию, сауыт, кездік жабуды үйрендім. Әр түрлі өнер-білім, тәлім-тәрбие алдым, өмірім сән-салтанатты жағдайда өтті. Оқу, жазу өнерінен, өлең шығарудан, шығарма жазудан, сурет салудан, алтынмен аптаудан, сондай-ақ басқа да қолөнер түрлерінен асыл таспен безендіру, ағаш оюдан, зергерліктен, таста тілуден, ат-әбзелдерін жасаудан қатарластарымның арасынан алдыма жан салмадым, құрылыс жұмыстарымда, ағаш ұсталығы ісіне аса шеберлікке жеттім», - осылай деп өз бағасын береді [6, 56б.].

«Мемлекет істерінде қажет барлық нәрселерде мемлекет жұмыс-тары мен соғыс әдістері, садақ ату, аң аулауды ұйымдастыруда нағыз ұстазым әрі тәлімгерім ханның өзі болды» деп еске алған. Кашмирде Ирандық серефидтермен қақтығыс кезінде қастандық жасалып, қаза табады. Оның бейіті Үндістанның кашмир штатының орталығын-дағы атақты адамдар жерленген жерге қойылған. ЮНЕСКО бойынша 1999 жылы есімімен атап, еске түсірген жыл [78, 140-141 бб.].

«Молда Абдрахман Жами-Ғазнидің шығыс жұлдыздарының бірі болатын. Науаи сияқты мықты ақынға ұстаз, өте білімді адам болды. Сопы, теолог, ақын, мистик музыканың теоретигі, филолог еді. Маулана Әбдірахман Жами 1414-1492 жылдар аралығында өмір сүрген ғұлама. «Сол кезде одан өткен білімді адам болған емес. Оның жыры жұртқа мәшһүр болды. Ал Маулана Жамидың дарын-дылығын, даналығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін еместі. Осы бір мардымсыз естелігімде оның есімін атап кеткенімді өзіме зор бақыт санаймын», - деп ыстық ықылас пен үлкен құрмет танытады. Орта Азияда мұсылман дінінің ірі насихатшысы болған. Әуелі гераттағы Дилкаш медресесінде, кейін Самарқандағы Ұлықбек медресесінде білім алған. Байқара сұлтанға қызмет етеді. Осы жерде жүріп ақын Ә.Науаимен танысады. Ол Герат пен Самарқан қаласында білім алған. Елдің дау-дамайын шешіп, әкімшілік істермен айналысатын ол бұл қызметтен бас тартады. Ол суфизм жолын таңдап, «Накш-банди» деп аталатын сопылардың орденіне кіріп кетеді. Оның негізгі еңбектері: «Саламан және Абсал», «Юсуф және Зылиха», «Ләйлі және Мәжнүн» (1484), «Ізгі қасиет», «Ескендірдің даналығы», «Алтын алқа» болса, 1487

жылы «Бахаристан» атты еңбегін аяқт-аған. Сонымен қатар, музыка ілімін зерттеген ғалым. Музыкадағы әуен интервалы мен мақамға түсініктеме берген. Интервалдың ең биік сатысы 17 деңгейіне шекті қарастырған. Ол музыкаға қатысты аль-Фараби, Ибн-Сина, Сафи ад-дин Урмави, Абд аль-Кадир Мараги сынды ғалымдардың еңбектерін зерттеген.

«Алдыма мақсат тұтпадым,
Батыстың қулық сұмдығын,
Келмеді менің шатысқым, қумадым даңқтың гүл бағын.
Өлеңімде бәрі бар баянды да баянсыз,
Қалдыратын атымды осы болар жұмағым, -

Осы бір жалғыз шумақтың өзінің таза дәруіштік жолындағы қарапайым, ғұламалық ақыл парасаттың иесі екендігін көреміз.

Сайф ад-дин Ахмет ол атам заманнан бері Хорасан елінде мұсылман дінін уағыздаушы әулие тұқымының бірі -маулана Сағад ад-дин Тафтазанидыңұрпағы еді. Тафтазани - ортағасырлардағы Орта Азияның қоғамдық ғылымдарын дамытуға үлкен үлес қосқан көрнекті ғалым. Ол философия мен логика тіл мен әдебиеттің санқырын сөз ететін «шарх ат-тафсир әл-араби» (Араб тілінің септеуліктеріне түсіндірме), «әл Иршад»(Инструкция), Таһзиб әл мантик»(Тәрбие логикасы), «Макасид»(Мақсаттар), «Мифтах» (Кілт) іспетті терең ой, парасатты пайымдаулардан тұратын шығармалар жазған. Осындай үлкен ғұламаның ан-Насафи еңбегіне түсіндірмесін місе тұтпай, оған қосымша түсіндірме жазуына қарағанда, біздің жерлесімізгент ғалымы осал ғұлама болмаған секілді. Молла Ахмет Тафтазани өзі ғана емес, сонымен қатар оның Адуд ад-Дин Әбд ар-Рахман бин Ахмет әл-Иджидің «Әдаб әл бахс» атты шығармасына делінген жеке трактат жазған. Жент ғалымы енді Шамс ад-Дин Мухаммад ибн Ашраф ибн әл-Хусейн ас-Самарқанди деп аталатын еңбегіне түсіндірме жазған.Сайф ад-дин Ахмет сол атақты Тафтазанидың тікелей ұрпағы

Мір Аттулах Мешхеди. Ол арабтың тіл білімін жетік меңгерген. Парсы тілінде ұйқас жайында трактат жазған. «Поэтикалық өнердің ғажайыптылығы»,-деген атпен поэтикалық бейнеге өзінің көзқарасын қалдырды.

Беннаи. «Ол Гераттан еді. Оның әкесі ұстаз Мұхаммед Сарбаз құрылысшы еді. Оның ғазелдерінде көркемдік те шабыт та бар, ол

диуан кұрастыратын»[6,210б.]. Беннаидың Науаимен сөз қағысқаны жайлы «Бабырнама» еңбегінде мәліметтер келтірілген. Беннаи «дала жолбарысы» атағын алған, Шайбани ханға арнап «Шайбанинама» еңбегін жазған.

Мәснауи жазатын Абдолла деген болды. «Ол Молда Жамидың қарындасынан туған, жиені, шамдық еді. Оның тахаллусы хатифи болатын. Низамидың «Бестарауына» еліктеп мәснауи атақты «Тем-ірнама» поэмасын жазды. Одан басқа да «Жеті бәйіт», «Ләйлі-Мәжнүн» жырларының авторы [6,211б.].

Низами Ганжауи. 1141-1209 жылдар аралығында өмір сүрген Азербайжан ақыны, шығыс шайырларының ірі тұлғасы. Ганжауи қаласында орташа отбасында дүниеге келген оны, түркі халықтарының салт-дәстүрімен тәрбиелеген. Низами жастайынан зерек болып, бірнеше тілді меңгерген. Низамидың өмір сүрген кезеңі Парсылармен Түріктер, сүниттер мен шиттер жауласып жатқан кезі еді. Зорлық пен зомбылықты, әділетсіздікті көрген ақын заман келбетін поэтикалық шығармаларында кеңінен сипаттайды. Халық мұңын жоқтап, дәуір тынысын шығармаларына арқау еткен Низами өзінің мықты ақын екендігін танытты. Шығыс әлемінде өлең өруде «хамса» дәстүрін қалыптастырды. «Хамса» сөзі араб тілінен бестік деген ұғымды білдіреді. Хамса яки бес дастаннан құралған жанр түрі. Низамидың салған хамса жолын шығыста іліп әкеткен ақындар легі жалғасын тауып жатты. Солардың қатарында үш атақты ақын Абдрахман Жәми, Әлішер Науаи, Хосырау Дехлауи да бар. Низамидың таңдай қағып, тыңдасаң ұйытатын жырларын ел аузынан тастамайтын. Тіптен атақты қазақ ақындары мен қоса шығыс шайырларының өздері Низамиды пір тұтып, оның шығарған поэма-ларының желісімен ары қарай өрбітіп өз еңбектерін тудырған. Бес дастаннан басқа, алты қағидасы, мен 116 ғазалы, отыздан астам, рубаилары бар. Адамгершілікті, адалдық пен пәктікті, әділеттілікті дәріптеген гуманист ақын. Низамидың негізгі еңбектері: «Ләйлі-Мажнун», «Жеті ару», «Ескендірنامه», «Құсрау-Шырын», «Құпия-лар қазынасы» ол бұл еңбектерін көбіне парсы тілінде жазған. Ә.Науаи «Ақындардың данасы» десе парсы ақыны Әбдрахман Жами: «Ол інжуден түсі мың құлпырған қазына жасады» деп баға-сын берген екен. Көптеген еңбектері арқылы Шығыс әдебиетіне әдебиетінің даму тарихына үлес қосқан данагөй. Ақынның шығармаларын қазақ тіліне аударып көпшіліктің игілігіне жаратқан Т.Жароков, Ғ.Орманов, Д. Әбілев, Ж.

Сыздықов, Қ. Шаңғытпаев сынды ғалымдарымыздың аударма еңбектері бар.«Низами данаға Азербайжан елінің ақыны Самед Вургун мынадай жыр шумақтарын арнаған:

«О,Низами, ұстазымның бірісің,
Сен атқардың ұлы дүние бір ісін
Сегіз ғасыр ұланасыр ғаламда
Өзге өлсе де, сен өлмедің, тірісің.

Қауырсынын қалам етіп ақ қаздың,
Дүниені алдына алып хат жаздың
Келер күндер керуені көрсін деп,
Күнгеінде күмбез соқтың Кавказдың.

Сен тірісің, жыр жырлайсың бұл күнде,
Туған елің Әзірбайжан тілінде
О,сұлтаны ақындардың,Низами
Сәлем саған, сәлем, Самед Вургунге!»[79,21б.].

Орта Азиядағы суретші Бекзат.1455-1535 аралығында өмір сүргенбеделді суретші.Бекзатнебір дарын иелері туған Герат қаласында дүниеге келген екен.Оның ата-анасы туралы нақты мәлімет жоқ, соған қарағанда танымал емес қарапайым отбасында дүниеге келген бе деп жорамал жасаймыз. Ерте жетім қалған Бекзатты атақты каллиграф, суретші Мирек Накаш қолына алып тәрбиелеген. Мирек Накаш өз кезегінде Султан Хусейн Байқараның қоластында көпжылдар бойына кітапдар қызметін атқарған. Бек-заттың тұлғалық көзқарасының қалыптасуына Әлішер Науаидың да қосқан үлесі бар. Герат қаласының басшылық қызметінде жүрген Ә.Науаи оның шығармашылығына ықпал еткені сөзсіз. Хондемирдің айтуы бойынша Бекзат 23 жасында-ақ Орта Азияда сурет салудан танымал бола бастағанын мәлімдейді.1490 жылдан бастап, Сұлтан Байқараның жарлығымен кітапхананың үстінен қарайтын лауа-зымды қызметке ауысып, суретшілердің салынған жұмысын, соны-мен қатар, минатюралық проектілеріне басшылық етеді. 1506 жылы Сұлтан Байқара дүниеден қайтып, оның жерін Мұхамед Шайбани хан басып алады. Шайбани ханның бейнесін салған суреттеріне қарап,Бекзат соған қызмет еткеніне шүбә келтірмейміз. Мұхамед Шайбани ханның

билігі ұзаққа бармайды, Сефевид шахы Исмаил жаулап алып, Мұхамед Шайбани ханның басын алады. Бекзат бұдан кейін Тебриз қаласына келіп суретшілік шығармашылығын ары қарай жалғастырады. Ел аузында дүрбелең соғыс болып жатқан кезде Исмаил шах Каллиграф Нишапур мен суретші Бекзатты қазына жасырғандай үңгірге тығып, аман сақтаған деген аңыздар да қалған. Бекзат Исмаил шахтың қоластына өтіп, оның кітапханасын біраз жыл басқарады, Исмаил кенеттен 37 жасында қайтыс болған соң, Бекзат өмірінің аяғына дейін келесі билікке келген Тахмас шахқа қызмет етеді. Миниатюраларшы, Ауғанстандағы Герат мектебінің аса көрнекті өкілі болған Сағди, Низами, Шарафаддин Язды, Аттар сықылды атақты шайырлардың еңбектеріне миниатюралар жазды. Ол Сағдидің «Бустан» 1478 ж., Каир қаласының ұлттық кітапханасында сақтаулы, Низамидің «Хамса» 1485ж. Британ кітапханасында, Шарафаддин Яздының «Зафарнама» 1486ж. Стамбулдағы түрік және ислам кітапханасында тұрса, Ләйлі-Мәжнүн 1495 жылғы қолжазбалары Санкт Петербург қаласының мұражайында сақтаулы. Оның шығармалары шыншылдығымен, табиғат көрністерінің әсемдігімен, тұрмыс әскери жорық, аңшылық көрністерінің мейілінше айқындылығымен ерекшеленеді. «Шығыс Рафаэлі», «ақындардың ақыны» аталған Бекзат көптеген портреттік миниатюралар салды. Ол тарихи тұлғалар Бабырдың, Джамидың, Шейбани ханның, Сұлтан Хусейннің портреттерін де салған. Бабыр Бекзат туралы: «ол өте сезімтал суретші, бірақ көселердің пішінін нашар бейнелейтін. Сақалды еркектің бейнесін өте жақсы салады», - деп өз пікірін білдірген [6, 213б.]. Қылқалам шебері Бекзат 1535 жылы дүниеден өткен. Дүниенің түкпір-түкпірінде орын тепкен туындылары оның шебер суретші екенін көрсетеді.

Бабырдың айтуына қарағанда, сол кезде өмір сүрген Жалайыридың машһүрі **Хасан Әли Жалайыри** екен. Негізінде жалайырлар тайпасынан көптеген ғалымдар мен әміршілер шыққан. Зерттеушілер атап көрсеткендей, жалайырлар руы туралы көне Қытай жазбаларында мәлімет жоқ. Дегенмен, ол жайында алғашқы мағлұматтар моңғол дәуіріндегі ғасырлар жазбаларында кездеседі. «Жалайырларды Ш. Уәлиханов пен академик В.В. Бартольд моңғол рулары деп есептеген» [80, 476б.]. Ал Х. Арғынбаев, В. Востров, С. Мұқановтар жалайыр руларының аттары негізінде моңғол тектес емес, арғы тегінің аралас түркі моңғолдан шыққан деген пікір айтады. Ал зерттеушілердің ішінде

бірінші болып, жалайыр руын түркілер деп ұсынған Аристов еді. С.Аманжолов жалайырлардың ежелгі түркілерден тарайтындығын дәлелдейді.«Бабырнама» жәді-гері арқылы Бабырдың қол астында болған бірқатар жалайыр бектерінің әміріне тоқталады. Олар: Юрулдай Жалайыр, Әбілқасым Жалайыр, Сейітқасым Ішік Жалайыри, Хасен әлі Туфейл Жалайыри, Құсайын әлі Жалайыри. Олардың бірі әскербасы, бірі кеңесші болған. Бабыр қатты қиналған кезде оның қасынан табылған жақын адамдардың көпшілігі жалайыр тайпасынан шыққандареді.

Кезінде Әмір Темір Мауереннахрдағы жалайыр ұлысын талқан-дап, ұйып отырған бейбіт елді жанжаққа шашыратып жіберген. «КСРО Ғылым академиясы шығыстану институтындағы түркі жаз-баларының сипаттамасы» (1980) еңбегінде,Орта Азиядан жиналған ортағасырлық қолжазбалардың бірінен бір топ ақындармен қатар Туфайли есімді шайырдың атын атайды. ХҮІ ғасырда өмір сүрген Хасан Әли Жалайыри сияқты. «Хасан Әли Жалайыр Сұлтан Құс-айын мырзаның кезінде құсбегі болды, ол ақын еді, өлеңді жазғанда Туфаил деген тахаллус есімді пайдаланатын. Қасиданы да жақсы ұйқастыратын, бір кезде сонымен атағы шыққан. Тоғыз жүз он жетінші жылы мен Самарқанды алғанымда, Хасан Әли Жалайыр маған қызмет етуге келді. Ол менің қасымда бес-алты жыл болды; маған арнап та жақсы бәйіт жазды» [6,204 б.].

Ғалымдар, рубасылар, әскербасылардың көпшілігі жалайыр тайпасынан көптеп кездеседі. Кейіннен жалайыр тайпасынан шыққанатақты ғұламалардың бірі Қыдырғали Қосымұлы 1592 жылы қазақ тарихын баяндайтын «Жылнамалар жинағы» деген еңбек жазған. филос.ғ.д. А. Қасабек Қыдырғали Қосымұлы еңбегін талдай келе «Шыңғыс хан мен басқа да хандардың қарым-қатынасын, қазақ жамағатының ішкі жағдайларын, ортақ мүдделер мен адами көзқа-растар ара салмағын баяндауы рухани дәстүрлеріміздің бастауы сонау атақты Бабырдың және Дулати шығармашылығымен астасқан Қадырғали Қосымұлында жатқанын көрсетеді»[81,39 б.].

Бурһан ад-Дин әл Марғинани 1123 жылы Ферғана аймағындағы Риштан ауылында дүниеге келген.Ол білімге жастайынан құмартып, әрдайым ізденісте болған. Самарқанд, Марғилан, Бұқара қалаларында білім алған ол хадис пен құранды жатқа айтып,шариғат заңын жетік меңгерген мұсылман әлемінің ең ірі

ғұламасы. Әл Марғинанидің «Фикхті жете меңгеру», «Мазхабтың таралуы», «Аза-маттық алу жайында», «Міндеттемелер», «Китаб әл-манасик әл-хадж» (қажылыққа бару міндеті), «Китаб әл-фараиз» (мұрагерлік), «Китаб ат-тажнис валь-мазид»(ғалымдарға арналады), «Китаб әл-машойих» («шейхтарға арналады»), «Мәзид фи-фуру әл-ханафий» (ханафи мазхабы) деген еңбектері бар. Орта ғасырдағы атақтығалымдар Нажм ад-дин Әбу Хафса ан-Насафи, Хусам ад-дина Омар ас-Серахси, Әбу Омара ибн Әли Пайкенди, ас Сығанаки, Ахмада ибн Әбд ар-Рашид әл-Бухари еңбектеріне сүйене отырып, «Хидая» еңбегін жазған. «Хидая - басшылық, дұрыс, шынайы құрал»- деген мағынаны білдіреді. Төрт том, бірінші том - 5 кітап, екінші том-14, үшінші том -22, төртінші том -16 кітап барлығы -57 кітаптан, -168 баптан, -153 бөлімнен тұрады. Ол шарият заңын бір жүйеге келтіріп жазған. Бірінші томда намаза, ораза, зекет жайында болса, екінші томда үйлену, ажырасу, адам бостандығы жазылған. Үшінші томда экономикалық сатып алу сату, айырбастау, жетім баланы қолға алу мәселесі қарастырылған. Төртінші томда құрбандық шалу, аңшы-лыққа шығу мәселелері қаралған. Хидаяның тарихи маңызы ислам құқығының қайнар көзі болуында. Хидаяның қолжазбалары мен тасқа басылған көп даналары Англияның, Германияның, Түрки-яның, Ресейдің, Францияның және басқа елдердің кітапханалары мен қорларында сақтаулы [82]. Хидая діни еңбек онда мирасқор-лықтан басқа тіршіліктің барлық заңын қамтыған. Бурхануддин Маргинани 74 жасында дүниеден кетеді, оның сүйегі Самарқанда жерленген. 2000 жылы Өзбекстан елінде түркі жұртшылығына ортақ ғалым Бурхан ад-Дин әл Марғинанидың 910-жылдығы атап өтілді.

«БАБЫРНАМА» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ

Мақал-мәтелдер аңыз, батырлық поэмалар, ғашықтық жырлар секілді халық шығармашылығының көне жанры болып табылады. Әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері ғасырдан-ғасырға жеткен, жинақталған көне жәдігерлерден табылады. Ә.Қоңыратпаевтың айту-ынша: «Мақал – логикалық, образдық ойдың қос қанаттасқан ғажап табысы, тәжірибеден туған философиялық сөздер. Сөздің ұйтқысын ең алдымен мақалдан іздеу керек. Онда этикалық, философиялық ұжымдық мазмұн бар», - дейді. Жалпы, мақал-мәтелді арнайы зерттеу ісі ХІХ ғасырдың

екінші жартысы нақтырақ 1950 ж. дейінгі ара-лықты қамтиды, бұл жерде тек халық ауыз әдебиетінен жинап, жеке басылым ретінде шығару жұмыстары жүргізілген, екінші кезең, оларды лингвистика саласында зерттеу қалыптасады. Мақал-мәтелді жинақтауда, зерттеуде Ш.Уалиханов пен Л.И. Березин, Ы.Алтынсарин, В.Катаринский, Ә.Диваев, Ө.Тұрманжанов, С.Сейфуллин, М.Әуезов сынды ғалымдар легі үлес қосқан.

Ерте ғасырдан бері мақал-мәтелдерді өз еңбектеріне қолданған, біршама көне жәдігерлерді кездестіреміз. Осындай жайттарды Орхон жазбаларында, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, М.Х.Дулати, З.Бабырдың еңбектерінен көруімізге болады.

Солардың ішінде «Бабырнама» жәдігеріндегі мақал-мәтелдерге тоқталғым келеді. Мақал-мәтелдер, ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге ешбір өзгеріссіз жеткен философиялық әрі шешендік тұжырымдар аз сөзбен көп мағана беріп, ой түйінін жасайтын халық даналығы. Халқымыз мақалды сүйсіне тыңдап мақал-мәтелге сөздің атасы деп өз бағасын берген. Осылай демекші, патша Бабыр «Бабырнама» еңбегін жазуда өз ойын шешендік сөз құдіреті болып табылатын халық даналығын орынды қолданып, оқырман қауымға шұрайлы ойларын көркем тілде жеткізе білген. Мақал-мәтелдердің мәнділерін өзінің озық ойына сай келгендердің сол қалпында, кейде өнерпаздық өзгеріске ұшырата пайдаланады, ал кейде тіпті өз жанынан жаңа мақал-мәтелдер шығарудан да тартынбайды. Мақал-мәтел белгілі бір қоғамда өмір сүргендердің барлығынан бірдей бұлжытпай орындалуы қатаң заңдар кодексі, не болмаса діни қағида жинағы емес, мақал сан ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан елдің ескерткіші. Мақалдар өсиет, үгіт-насихат, адам баласына дұрыс пен бұрысты айыруда ақылшы болып табылады. Мақал-мәтелде ойшыл жақсылық пен жамандық, адамдық пен арамдық, батыр мен қорқақты, жомарттық пен сараңдықты салыс-тыра отырып сөз етеді. Бабырдың шығармашылығында ел қор-ғайтын азамат, халық қамын ойлайтын әкім, жердің қадірі, ағайын мен жақынның қадір-қасиеті жайындағы тақырыптар қамтылған.

Бабырдың «Бабырнама» еңбегінде кездесетін мақалдар жиыны біраз баршылық, ұзын-қысқасы отыздан аса. Бабыр «Бабырнама» еңбегінде мақал-мәтелдерді орнымен қолдана білген. Сол кезде қолданылған түркі мақалдары қазіргі қазақ тіліндегі күнделікті

қолданыста жүрген ауызекі тілдегі мақал – мәтелдер.«Бабырнама» шығармасында кездесетін мақалдардың жиыны төмендегідей:

1. «Үйде иесі барды түзде ит қаппайды»
2. «Қорыққанға қос көрінеді»
3. «Тоқал ешкі құдайдан мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты»
4. «Келісіп пішкен тон келте болмайды»
5. «Жау жоқ деме жар астында»
6. «У ішсең руыңмен»
7. «Қойшы көп болса, қой арам өледі»
8. «Сөз тапқанға қолқа жоқ»
9. «Жаманның ақылы түстен кейін кіреді»
10. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа»
11. «Құланның қасуына мылтықтың басуы»
12. «Келісіп пішкен тон келте болмайды»
13. «Ер қанаты - ат»
14. «Қашқан жауға қатын ер»
15. «Мал иесіне тартады»
16. «Ұлығың соқыр болса көзіңді қысып жүр»
17. «Екі қошқардың басы - бір қазанға сыймайды»
18. «Беті көрсе жүзі ұялады»
19. «Көппен көрген ұлы той»
20. « Бір құмалақ -бір қарын майды шірітеді»
21. «Қасқырдың күшігін асырасанда қасқыр болады»
22. «Сыйға - сый, сыраға бал»
23. «Жанға - жан, малға - мал»
24. «Адамның баласы ішінде, малдың қарасы сыртында»
25. «Семіздікті жер ғана көтереді»
26. «Ер жігіттің мойнында қыл арқан шірімейді»
27. «Жау жоқ деме, жар астында»
28. «Батыр бір өледі, қорқақ мың өледі»
29. «Үмітсіз шайтан»
30. «Уақыт емші»
31. «Сыныққа сылтау»
32. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма»

«Бабырнама» еңбегінде көретініміз көбіне мақал-мәтелдердің тізбегі ерлік пен бірлікті, батырлық пен қорқақтықты қамтиды. Көлемнің ықшамдылығы күрделі ойдың қорытындысы секілді. Замана өзгерген сайын өмірге керектісі қалып, өмірге керексізі

бірте-бірте қолданыстан кеткенін де байқауға болады. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа», «У ішсең руыңмен» деген мәтелдер күн-делікті өмірден алшақтап бара жатыр. Әр мақалдың түп-төркінінде ақыл мен парасаттылық тұнып тұр.

Ежелгі түркі дүниетанымында әйел мәртебесіне берген бағалары өте жоғары болған.«Түріктер әрі демократ, әрі әйел құқықтарын құрметтейтін феминист болған. ...Еркек әйелін үнемі құрмет тұта-тын, оны арбаға отырғызатын да, өзі арбаның соңынан жүріп отыратын. Рыцарлық ежелгі түріктерге тән жалпы қасиеттердің бірі болған. Феминизм де ежелгі түріктердің қатты мән берген принцип-терінің бірі еді. Әйелдер дүние мүлікті пайдалану құқығына ие болуларымен бірге дірліктерге, зеаметтерге, хастарға үйге де ие бола алатын. Елдегі қауымдардың ішінде түріктер сияқты әйел құқық-тарын қорғаған болған емес»[44]. Тағы бір жерінде «Ежелгі түрік әйелдері, негізінен амазонкалар тәрізді болған. Атқа отыру, қару қолдану, ерлік түрік әйелдеріне де тән еді. Әйелдер тікелей әмірші, қамал күзетшісі, уәли және елші болатын»[44]. Құдайлары ұмай ана болса, әйелдер ел билеу ісіне бірге араласа алатын, той, кеңес, құрылтай, ғибадат, діни мейрамда, соғыста, бейбіт бітімдерде де қағанмен бірге отыратын. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген мақал мұсылман-дылықты қабылдағаннан кейін шыққан мақал екені сөзсіз,мақалдан еркектер басты орынды иеленгендігі, әйелдердің еркектерден бір саты төмен бағыныштылығы байқалады. Аталмыш мақал патриархалды феодалдық ұстанымдар нәтижесінде туған ойлар. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген мақалшығыста әйел затын төмендетсе француз ағартушысы Ш.Монтескье шығыстың әйелдерге қатынасын басқалай түсіндіреді.«Әйелдер еркектерден оқшауланып, бөлектенуі керек, осы бір жағдайданолар үшін міндетті болып табылатын адамгершілік қағидалары туындайды; ұяңдық, пәктілік, үнсіздік, бағыныштылық, тілалғыштық, инабатты-лық, ұстамдық, махаббат және осы сезімдердің табиғаты жағынан әлемдегі ең жақсы болып табылатын сезім отбасына деген жылулық сезіміне бағытталуы»[83,51].

«У ішсең руыңмен» деген мақал-мәтелдер күнделікті өмірден алшақтап бара жатыр.«Тоқал ешкі құдайдан мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты»,«Ұлығың соқыр болса, көзіңді қысып жүр», «Адамның аласы ішінде, малдың қарасы сыртында» деген мақалдардан көретініміз адам баласын алдын-ала жамандықтан

сақтандырады, алдыңғылардың шалыс басқан тұстарынан сабақ алуға шақырады. Мақал-мәтел жөнінде Қажым Жұмалиев былай дейді: «Мақал-мәтел халықтың тек қана көркем сөз өнері ғана емес, әрі философиясы, әрі ғылымы, әрі тәрбие құралы»[84,86б.]. Халқымыз мақалды сүйсіне тыңдап, мақал-мәтелге сөздің атасы деп өз бағасын берген. Мақал-мәтелдер танымдық, тәрбиелік, эстетикалық, аксиологиялық, этнолингвистикалық қызмет те атқарады. Мақал-мәтелдердің ең басты қызметі-ізгі қасиеттерге үндеу, жамандықтан жирендіріп, жақсылықты насихаттау. Б.Адамбаев «халық дана-лығы» деген еңбегінде: «әр халықтың мақалы мен мәтелі сол халық-тың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі. Ол кез-келген оқиғаның, мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Сөйтіп көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені жеп-жеңіл, оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіреді, ұғындырады», -деп мақал-мәтелге айшықты анықтама береді[85,43б.]. Мақал-мәтелдің өзіне тиісті бір ерекшелігі бар, оны орынды қолданып, айтылатын кезде қадап айтса, сөз жететін жеріне дөп жетіп, өткір пышақтай кесіп түседі. Шығармаларда мақал-мәтелдердің орнымен қолданылуы еңбектің құндылығын арттырып, сапасын көтереді.

Әр халықтың ауыз әдебиетінде көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Мақал-мәтел мағынасы терең, ойынды әсем-дендіріп, көркем көрсететін даналық, оның керекті жерде айтылуы жазушының мықты шеберлігін байқатады. Бабыр «Бабырнама» еңбегінде кесек ойларын мәтелдеп, мақалмен асқан шеберлікпен өре білген. Мақал-мәтелдер Бабыр секілді даналар арқылы ескірмей бір-неше ұрпақтан-ұрпаққа өтеді, өткен өмірден тарихи мол мағлұмат береді. Бабыр сан ғасырлар бойы жинақталған танымдық мұраның тәрбиелік мәні бар екендігін жете түсінген, дана өз еңбегінде мақал-мәтелдердің «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні», халықтың баға жетпес асыл қазынасы екендігін көрсетпек болған дегім келеді.

БАБЫРДЫҢ ӘСКЕРИ ІСІ

Көшпенділер әскерін арнайы әскери оқу орындары мен академияда даярлап шықпасада, жауынгерлер өте мықты сан қилы

соғыс-тар мен шапқыншылықта шыныққан, майданнан мол практикалық тәжірибесі жинақталғандығына тарих куәлік етеді.

«Қазақ даласы дала өркениетінің құрамдас бөлігі. Оның тарихы 3000 4000 жылға жалғасады. – Алтайдан Дунайға дейінгі бөлікті алып жатқан Еуразия сахарасындағы халықтар – жауынгер халықтар, атты көшпенділер болған. Сондықтанда олардың өмір қаракеттерінің бір түрі – жаугершілік. Осы ұлан-ғайыр даласына қызығатын көршілері көп болған. Сырттан басып алушылардың өзі қаншама. Оған мысал бір ғана Александр Макендонский мен арабтардың әскерін алсаңыз да жетеді. Біздің қала халқының жаугершілікті кәсіп етуінің сыры осында жатса керек. Сондықтан да соғыс өнері біздің Еуразия сахарасында, дала өркениетінде өте дамыған өнердің бір саласы [86].

Энциклопедияда: «Әскери өнер әскери ғылымның негізгі саласы, әскери қимылдарға әзірлік пен оны жүргізудің теориясы мен практикасы кіреді. Әскери өнер тарихы қарулы күресті дамыту заңдылықтарын айқындайды, стратегияны дамытуды, оперативтік өнер мен тактика мәселелерін зерттейді» - делінген [87].

Түркі қоғамында ер атаулы жауынгерлік рухпен тәрбиеленді, ең негізгі мақсаты елді, жерді қорғау. Көне түркілер асқан батырлық пен ерлікті мадақ тұтып ат жалында өмір кешті, бүкіл ел-жұрт болып алты жасар баладан бастап, жетпіс жасар шалға дейін қашанда жауға қарсы тұрарлықтай дайындықта жүретін, әскери өнерін күн сайын дамытпасада мәжбүрлікпен тіршілік етіп жатты.

Атақты француз ағартушысы Шарль Луи де Монтескье түркілердің әскери өнерін алдыға тартады. «Европалықтар шығысты варварлар, жабайылар деп менменсиді. Ал шынтуайтына келгенде әлем «әскери рухы» күшті түркілерден үлгі алуы керек» - деген болатын[88].

Түркілердің алғаш рет ерлік пен елдікті тасқа жазып қалдырған Орхон Енисей ескерткіштеріндегі жазбалардан одан бері қытай жазбаларындағы ғұндардың жауына тізе бүкпейтін, әскери рухы мықты екендігі жайлы жазылған мәліметтерді көптеп кездестіреміз. Әскери іс, соғыс жайлы жазылған тарихи шығармалардың қатарында Зафарнама, Әбілқазының шежіресі, Тарихи Рашиди, солардың ішіндегі Бабыр патшаның әскери іске арнап «Рисола-и харбия» атты жазған көлемді еңбегі бар. Бабыр «Бабырнамада» еңбегінде де этно-графиялық, зоологиялық, биологиялық, фауналық мәліметтерден басқа басынан өткен

ұрысты суреттеп жазу естелігі де сырт қал-маған. Мықты қолбасшының жаны сұлулыққа ғашық, ол тіптен соғыс өнерінен де сұлулық іздеген сыңайлы.

Мықты әскери қолбасшы, Бабыр жауынгерлік ептілікке үйретудің әдіс-тәсілдері мен майдан даласындағы өз басынан соғыста өткізген әскери тәжірибелерімен бөліседі. «Жауынгер, ер жүрек жігіттерден іріктелген ерекше жасаққа он-он бестен адам бөлдім де, оларға басшы етіп онбасы, жүзбасы, тағайындадым. Әрбір онбасы мен жүзбасы оң қанаттағы, сол қанаттағы орнын, әрқайсысы ұрыста не істейтінін жақсы біледі, әрі ұрыс қамалын бақылап тұрады» - деуі, әскери өнердің қыр-сырын жетік меңгергендігіне көз жеткі-земіз[6,112 б.]. Осы тұстардан Шыңғысханның әдісін қолданатынын көруімізге болады.

Бабыр дала өркениетінің жауынгерлік қабілетін игере білген. Бірегей әскери стратегиялары болмаса да мықты қолбасшылардан жинақталған тактикалары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тапты, алайда өзінен бұрын өмір сүрген қолбасшылардың тактикасын қолдана алу да үлкен өнер ғой. Бабыр тек Шыңғыс ханның тәртібін ғана емес арғы бабасы Әмір Темірдің артына қалдырған руханияттарымен де таныс еді. Әмір Темір аманаттап кеткен еңбегінен әскерді сапқа тұрғызуды, айқас алаңына кіруді және жауды жеңу, әмірлік ету, басып алған жерлерге дұрыс билік жүргізе білудің қыр-сырымен бөліседі. Әмір Темір: «Он басы басын қосса оны Жүзбасы деп атайтын. Егер он жүзбасы бас біріктірсе әмірзалардың ішіндегі ақылды, қайратты, баһадүр кісіні Әмір сайлап, оны Мыңбасы деп атайтын» [89].

Бабыр ру-руларымен арнайы тәртіппен орналастыратын, олардың ішінде батырлығымен ерекше көзге түскен Арғындар мен Моғолдар руының жігіттері болатын. Оң қанатында Арғындар тұрса, сол қанатында Моғолдарды орналастырған. Бабыр: «Моғолдар бір кезде Шыңғыс хан орнатқан тәртіпті әлі күнге дейін қолданып келеді. Оң қанаттың жауынгерлері – сол жақта, орта топ ортада барлық тайпаның сарбаздары да белгілі орындарында Шыңғыс хан жарлығындағы әдетті ұстайды. Орны жоғары тайпаның жасы оң қанат пен сол қанаттың шет жағында тұрады» - деуінен Шыңғыс-ханның соғыста қолданатын әскери өнерінің қыр-сырын жетік білетінін байқауымызға болады [6,121б.].

Бабырдың әскери ұйымы ондық жүйеге негізделді, армиясының негізін ауыр және аттылы әскерлер, мылтықтары бар

жаяу әскер және артиллерия құрады. Кейіннен Бабырдың ұрпақтары артилле-рияны қолдануды жетілдірді және әскерлерге кішкентай қола зеңбіректермен ат артиллериясын енгізді. Ауған жерін жаулағанда, Бхир жеріне жақындағанда «Асудан асып, тоғайдан өтіп, әскеріміз-бен оң қанат, сол қанат орталық сап құрып, Бхираны беткеп алып жүріп кеттік». Бабыр: «Жауынгерім аз болғанымен, мен оларды белгілі ретпен өте жақсы тәртіпке келтірдім; әскерім бұрын-соңды осындай тәртіпке келтірілген еместі» [6,1216.].

Арнайы әскери оқу орнында даярланбайтын далалықтарға теңдесі жоқ армия құру оңайға түскен жоқ. Бабырдың әскер саны аз ғана болғанымен, жауынгерлері әскери тактиканы жетік меңгерген еді. «Бабырнама» шығармасынан соғысты жүргізудің, айқас өткізудің, шабуыл жасау мен шегінудің, камал алудың түрлі тактикаларын, әдіс-тәсілдері өте көп болғанын көреміз. Өйткені, түркілердің қоғам-дық құрылымы әскери-саяси негізде жасақталған, сондықтан әскер қоғамның негізгі өзегі болып табылады.

Түркі жұртында бес қаруын асынып, ел қорғау бала жасынан беріледі. Бала жастан садақ атып, күресіп, ат құлағында ойнақшып өседі. Көшпелі халықтардың әскері тек қару түріне ғана емес, жарақ түріне қарай да бөлінген. Бес қару бір-бірін ауыстыра алмайды, әр қарудың өз қызметі, жұмсалып қасиеті бар. Сондықтан, оны беске шақтаған. Олар: ату, кесу, түйреу, шабу, соғу. Бес қаруды түгел асынған көшпенділер жазба деректерден белгілі. Мұндай масса-геттерде, сарматтарда қолданған. Батырлық жырларда әскерді қару түріне қарай бөлгендігі жайлы деректер кездеседі.

«Әскердің құрылуындағы ондық жүйе әскердің сандық құрылымы ғана. Бірақ соғыс өнерінде басты мәселе әскердің санында емес, оның қалай қаруланғандығында, және қаруды дұрыс қолдануында. Көшпелілердің соғыс өнерін зерттегенде осы уақытқа дейін көңіл бөлінбей келе жатқан мәселе, көшпелілердің әскери старте-гиясы мен тактикасы үшін маңызды ерекшелік, әскер құрылымының қару түріне қарай бөлінуі»[90].

Бабырнамада: «Айбалта, семсер, шокпар, найзаларын, бір-ақ жерді жаралайды, ал қылыш бір сермегенде-ақ бастан қара табанға дейін қақ жарып, түсірмей ме!» деген жолдар кездеседі [6]. Қылыш басты қарудың бір түрі. Қылыш жаяу болсын, ат үстінде

болсын ұрыс үстінде жеңіл әрі шауып, кескілеп тастау үшін қару ретінде қолданылған. Көшпелі халықтарда кейбір деректерде б.з.б. II ғас-ырда болса, Төныкөктің заманынан бастап семсерлердің нақты қолданыста екенін тасқа қашап қалдырған руна жазулардан білеміз. Қылыштасу қаруы әскердің басты қаруы болғандықтан, жауын-герлер міндетті түрде қылыштасу өнерін жетілдіріліп отырған. Түркілерде соғысқа қатысатын жауынгердің өзіне тиесілі қылышы болған, оның қылышын басқа жауынгер ешқашан ұстамаған. Қыл-ышқа құрметпен қарап, ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлікпеген жеткізіп отырған. Қылыштардың түрлері: алмас қылыш, семсер, жалақат, алдаспан, зұлпықар, сапы қылыш болып бөлінеді.

Түркілердің негізгі қаруының бір түріне садақ жатады. Осы туралы ғұн тайпаларында гунмо Модэнің 3000 садақшылары болғанын қытай жылнамаларында айтылады. Ашық далада жау әскерімен кездескенде соғысты, әдетте жеңіл қаруланған *садақшылар* бас-таған.

Алыстан атыс жүргізу арқылы олар дұшпан жауынгерлерін, аттарын шығынға ұшыратуға, шебін бұзуға, сөйтіп қоян-қолтық айқасты жеңілдетуге тырысқан. Құзда, жардың басында жауын қарсы алып, үстінен қоршап алып атқылайтын әдістер тез жеңіске жеткізетін [6,109 б.].

Түркілер ат үстінде шауып бара жатып садақ атудан мерген атанған. Еуропа ғұндарының замандасы Римдіктер ғұндардың жақсы садақ қолдануы және жақсы атқа мінген артықшылықтарын жоғары бағалаған. Садақтың да түрлеріне тоқтай кетсек «қайың садақ», «қарағай садақ», «үйеңкі садақ» «бұлғары садақ», «адырна», «көн садақ» деп бөлінеді, қайыңның сарғайған қабығымен қапталған түсіне қарай «сары садақ» деп те атай берген.

Келесі бір қарудың түрі Найза. Найзаны қолданудың да көптеген түрлері мен тәсілдері бар. Найза лақтырып түйрейтін сабы ағаштан бас жағы сүнгісі темірден жасалған бес қарудың бірі. Найзаның ауыр және жеңіл түрлері болған, олардың ұзындығы 2-3 метрге жетерліктей, найзаның ұшын көбіне екі қырлы, үш қырлы етіп соққан. Ұсталар әр батырдың дене бітіміне шақтап жасаған. Көшпенділер найзаның басына шашақ, ту, жалауша сынды белгі таққан. Бес қарудың тағы бір түрі Шоқпар. Ауыр болғандықтан шоқпарды көбіне айналдырып, үйіріп барып ұрған. Өйткені, шоқпарды жоғарыдан төмен сілтегеннен кейін, қайта көтеру қиын

болатын. Бабырдың жауынгерлері қылыштасатындардан, найзагерлер, садақшыларлардан, айбалташылар мен шоқпаршылардан құралған. «Таңертең сауыт-сайманды асынып, атқа қалқан кигізіп, әскерді оң қанат, сол қанат орта алдыңғы сапқа тізіп, жауға аттандық» [6,110 б.].

Бабыр Орталық Азия мен Солтүстік Үндістанда атыс қаруын алғашқылардың бірі болып қолданған. Әр түрлі дереккөздерден ауыр шойын зеңбіректері мен жеңіл мылтықтары бар екенін анықтауға болады, оларды тасымалдауда әрқайсысына жұп жылқы немесе бұқа тартылған. Ол өзінің «Бабырнама» өмірбаянында жазғандай, бажнаурлар «ешқашан мылтықтарды көрмеген, сондықтан олардан мүлдем қорықпаған, сонымен қатар мылтық оқтарын естігенде, олар атқыштарға қарама-қарсы тұрып, мазақ етіп, әр түрлі ұятсыз қимылдар жасаған» - дейді[6.306б.].

Бабыр әскерлерінің атыс қаруын қолдануы туралы алғаш рет 1519 жылы Үндістанға Бажнаур князьдік қаласына қарсы үшінші жорығында қолданған. Ол Римнің соғыс техникасының қыр-сырын, ұрыста қолданатын әскери тактикасынан хабардар. Бір жерінде Бабыр: «Осы қостан аттанып оң қанат, сол қанат, орталықты сапқа тұрғызып, қарап шықтық. Осы қоныста барлық жауынгерлерге, дәрежесіне қарай арба тауып беру жөнінде жарлық жарияланды. Небәрі жеті жүз арба табылды. Рұмдықтардың әдеті бойынша арба өгіз таспасымен бір-біріне қосақталсын деп Ұста Әли Күлиге жарлық берілді. Әрбір қос арбаның арасында алты жеті қалқан қойылды. Атқыштар арбаның, қалқаның тасасында тұрып мылтық атады. Қалқасында жаяу әскерді орналастырдық» - дейді[6,305 б.].

Бабыр өмір сүрген тұсында жаулап алу, шапқыншылық, үздіксіз жүргізілген соғыстар кезеңі еді. Әскермен басып кіру, ойда жоқта шауып кету, ерлердің толарсақтан саз кешіп, ат жалында өмір сүрген заманы еді. «Бабырнама» шығармасында Бабырдың қолданған соғыс тактикасы, қорғанудың тәсілдері, жаулап алудың амалдары бейнеленген. Бабыр ұрыс даласындағы соғысты сипаттап ғана қоймаған, ұрыста қолданған тактикасы мен соғыс стратегиясымен ой бөлісуі еңбектің құндылығын арттыра түседі.

Ұрыста жауынгерлердің ұрандатуы да маңызды рөл атқарған. Бабырда ұран туралы: «Ұран екі түрлі болады. Бірі – әр тайпаның өз ұраны, мәселен, бір тайпаның ұраны «дүрдана», енді бірінікі «тұқай» және бүкіл әскерге ортақ бір ұран болады» [6,127 б.]. Жау-ынгерді бастаған батырлар алыстан ұранға басып, атойлап

қанды шайқастың ішіне қойып кететін ұранды естігенде қорқыныш сейіліп, рухтанып, делебелері қозатын. «...Екі жақпен сол қанаттың айқа-сының айбаттылығы сондай - жер қайысып, көк күңіренеді. Шайқас көрнісі туралы тағы бір жерде: «мыңдаған атты-жаяулы лашкердің айқасынан көтерілген шаң бұлтқа, күннің көзін жауып, соғыс алаңының үстін шарпып қалды, сатырлаған қылыш, найза жай отын-дай жарқылдады. Кімнің жеңіп кімнің жеңіліп жатқаны белгісіз, азан-қазан дүние: аспанда, жұлдызда, өзге планета да жоқ, жер жаңа-дан жаралып, аттың тұяғының ұшқыны жанар таудың шашыранды шоқты тасы сияқты айқыш-ұйқыш от шашады. Апырмай, ақырзаман деген осы емес пе аңырып қаласын» [6, 342б.].

Бабырдың айтуынша, 12 мың жауынгері болған олардың қатарына мылтықпен қаруланған отряд және зеңбіректерді қолдана алатын сарбаздармен жасақталған. Ал Ибрахимде 100 мың жауынгер мен 1000 піл болған, бірақ атыс қаруы болмаған. Тағы бірде Бабыр: « Үндінің патшасы Ибрахимді сынап тастайды. Ибрахим жалдамалы әскер жалдайтын жағдайы бар екен, сараңдығы түбіне жетті, өзінің жауынгерлерінің қажеттілігімен қанағаттандыра алмады» - деген жолдар бар осы қасиет жауының ең осалдығы деп жеткізеді.

Бабыр өз әскеріне бағыт-бағдар беріп, жағдайын үнемі қадағалап отырды. Өзбектердің шайқастағы үлкен өнері «тұлғама» деп аталады. Тұлғамасыз оларды бірде бір шайқас өтпейді [6,111 б.]. Бабыр шайқастарда осы тұлғаманың "екі жарты ай мүйізін біріктіру" деп аталатын тактикалық техникасын жиі қолданатын. Сан жағынан аз болса да бастан-аяқ қаруланған қарсыласпен бетпе-бет келгенде, мығым Бабыр жауды жеңу үшін белсенді қорғаныс әдісін қолданды.

Бабыр табиғи түрде керемет тапқырлық пен ақылға ие. Ол сол кездегі әскери-техникалық жетістіктерді синтездей алатын, ұрыста әртүрлі тәсілдерді меңгерген ең керемет қолбасшылардың біріне айналды. Бабырдың шайқаста батыл іс-қимылдарын жүргізу, армия құрылымын ұйымдастыру, әскерлерді басқаруы әділдік пен қатаң тәртіпке негізделген. Көне түркілерден қалған жауынгерлік кодексі әскери жаттығу, бұйрыққа бағыну, әмірге мойынсұну, жылдам шеш-ім қабылдау, көрсетілген нысананы дәлдеп ату сияқты ережелерді бетке ұстаған.

Бабырдың стратегиясы мен тактикасы тікелей раджпуттың тәсілінен ерекшеленді. Үнділердің жеңілуіне келесі себептер деп тұжырымдар жасауға болады:

– біріншіден, Бабыр әскерлерінде атыс қаруын қолдануы, ең алдымен Үнді билеушілері мен әскери басшыларының армиясына мүлдем белгісіз артиллерия болған;

– екіншіден, Бабыр әскерін қатаң тәртіппен ұстаған жауынгер-лерге берілген тапсырма уақытында, мұқият орындалатын. Үнді раджпуттарының әскерінде ұйымшылдық болмады;

– үшіншіден, олжаны әділ бөлу, сарбаздардың жағдайын жасау жауынгері ерекше батырлық көрсетсе жер иелігіне дейін тарту етіп отырған. Әскери қолбасшылықта да жомарттықтың орнын екшеп, Ибрахим патшаның сараңдығын түбіне жеткенін тілге тиек етеді.

«Бабырнама» еңбегінде кейіпкерлерінің көрсеткен ерлігі мен елдік санамен өлшеген, Омар шайқының соғыстары, Сұлтан Ахмет мырзаның соғыстары, Сұлтан Махмұт мырзаның соғыстары, Байсұңқар мырзаның айқастары деп алынған арнайы бөлімдері бар, сонымен қатар қоластындағы жауынгерлері мен нояндарының жақсы жаман қасиеттеріне мінездеме беріп отырады.

Мықты армия құру үшін темірдей тәртіпте, қаталдықта қажет. Тұқымында бар қаталдық Бабырдың бойында, мінез-құлқында берілген сыңайлы ол өзі жайлы: «Жиырма бесі күні сол қоныста отырғанымызда Құмайын жүзге тарта тұтқынды сегіз пілмен алып келіп маған тарту етті Тұтқындарды Ұста Әли Құли мен оның атқыштарына тапсырдық. Жаудың құтын қашыру мақсатымен олардың бәрін мылтықпен атқыздық» [6, 213 б.].

Қатандық бабасынан берілген қасиет Ақсақ Темірдің: Жеңілген елдің ұлын құл етті, қызын күң етті. Шаһарларды қиратты, адамдарды аяусыз қырды. Оның қатыгездігінде шек жоқ еді. Бір ғана, Ғират қаласын алғанда адам басынан мұнара тұрғызғанын, Үндістанға жасаған жорықта қолға түскен 100 мың адамды бие сауым уақытта қырғызып тастауын еске алсақ та жеткілікті. Бабасының айтылған он екі шартын өзіме ұстаным етіп алғаннан кейін барып берік байламмен билік тағына отырдым деуінен үлгі алатынын байқауымызға болады. Ол әрдайым қарсыластарының әскери күшін, жер жағдайын, әдетін, салтын, елдің жай-күйін алдын ала анықтап алып барып шайқасатын. Дегенменде, Бабыр

патша қанша қатал болғанменде, жаулап алған жерінің әдетіне, салт-дәстүріне құрметпен қараған. «Ибраһимнің ұлына күтуші қойып, құрметтеп, жағдайына қарап, ақсүйектің тұқымын жасытпай, асылдың тұқымындай, құдайдың көзі түскен атаның тұқымы ғой деп ілтифат, ишарат көрсететінбіз» – деген жолдардан Бабырдың текті әулет, дүйім елді басқарған патшаны тұқым тұяғына дейін қырып тастамай құрметтегенін көреміз [6,354 б.]

Бабырдың жалпы әскери ісінің даму кезеңдерін үш кезеңге бөліп қарастырсақ болады.

Бірінші кезеңі дала жолбарысы аталған Шайбани ханнан өзіне тиесілі жер иелігін қайтарып алу оқиғасынан бастау алады. Бұл кезеңде Бабырдың балғын кезеңінен жігіттік кезеңге қадам басқан уақытын қамтиды. Билік үшін жанталас соғысында әскери істен жақсы тәжірибе жинақтайды. Ферғанадағы аласапыран, ата жауымен ұдайы соғысу үрдістері оны тактик стратег, мықты қолбасшы болуға әбден пісірді. Бұл саяси жағдайлар әскери өнерінің дамуына қатты әсер етті.

Екінші кезеңінде тұтастай Ауған жерін басып алған жорықтарын қамтиды. 910 жылы Кабулды алған, бұл кезде Бабыр 23 жаста болатын, көште әскер санына келсек жүзбасы қалғандары жанындағы жақындары мен санаулы адамдардан құралады. Әскерлерді басқару жүйесінде жүргізілген түбегейлі реформациямен байланысты. Отанында күтетін ештеңе болмағандықтан, ол 1504 жылы Ауғанстанға, Тимур ұрпақтарының жер мұрасына еніп, сол кезде үздіксіз қақтығыстар болған. Қиын жағдайды пайдаланып, Бабыр Кабул мен Газниді игере алды, Ауғанстан мемлекетінің басында тұрды және бірнеше жылдар бойы армияны күшейтіп, мемлекетті нығайтумен айналысты.

Үшінші кезеңінде Үндістан жеріне жасаған жорығынан бастап Үнді жеріне Моғол империясын қалағанға дейінгі аралықты қамтиды. Бабыр кезіндегі 1503 жылы атасы Темірдің Делидегі жеңісті жорығы туралы білетін, содан бері ұлы бабасының ерлігін қайталау туралы ой оның еш жанынан кетпей қояды. 1519 жылдан бастап Бабыр Дели сұлтандарының бақылауындағы аумаққа бастан аяқ бес жорық жасаған. Ол 1529 жылы 6 мамырда үлкен жеңіске жетіп Үндістанда билік орнатады. Солтүстік Үндістанда Ұлы Моғол мемлекетінің ресми армиясын негізін қалап, әскери реформалар жасайды. Бабыр патша әскери іске ғана емес оқу ағарту ісіне, мәдениетіне үлкен үлес қосып кетеді. Захир ад-дин

Бабыр мұрасының әскери іс, ерлік, батырлық, Отан сүйю, парыз құндылықтарын екшеуде прагматикалық маңызы өте зор.

Тәуелсіз мемлекетіміздің жас азаматтарының бойында жауынгерлік айбынды қасиеттерді қалыптасыруға өзіндік үлесін қоса алады. Қоғамды патриоттық сезімге үндейтін аса бағалы мұра болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өшкені жанып өткені жаңғыруда. Қазақ елінің фәлсафа ғылымы даму деңгейі үлкен тарихи кезеңдерді бастан кешірді. Бірнеше ғасырларды қамтыған отаршылдық нәтижесіндегі рухани күйзелістен кейін тәуелсіздігіне қол жеткізген еліміз үшін бұл еңбектің берері мол. XV-XVI ғасырлардың арасында өмір сүріп, артында өлмес мұра қалдырған ұлы мемлекет қайраткері, қолбасы, дарынды тарихшы, ойшыл, философ Захир ад-дин Бабырдың «Бабырнама» еңбегінде сол заманда басқа елдермен терезесі тең дамыған Орталық Азия, Ауғанстан мен Үндістандағы түркілік ұлыстардың тұрмыс-тіршілігі, саяси санасы мен мәдени сұхбаттастығы, әлеуметтік құндылықтары айқындалған. Философиялық ғылыми әдебиетте алғаш рет түркі моғолдарының әлеуметтік құрылымы мен саяси сана мәселесі айшықталады. Исламның қорғаушысы Бабыр жаулаған жерлеріне діни төзімділік таныта отырып, мықты саясат жүргізе білген, басқа халықтың дәстүрі мен салтына жөнсіз араласуды дұрыс санамайды. Бабыр қоғам дамуының көзін ғылым мен білімнен, озық мәдениеттен іздейді. Көшпелі халықтың Иран, Кіші Азия, Ауғанстан мен Үндістанға қоныс аударуы әдет-ғұрып, өнер мен дін мәдени кеңістікте өзіндік үйлесімділікке түсіп, түркілік-исламдық-үнділік негіздерінің қабысатын, қабыспайтын тұстары байқалды. «Бабырнама» мазмұны кезіндегі «түркілерді жабайы, «варвар» мәдениеті жоқ халық», - деген батыстық эгоцентристік ұғымды толықтай теріске шығарады. Құрамында исламдық, индуистік және түркілік көшпелі өркениеттерді біріктірген Захир ад-дин Бабыр Ұлы моғолдар мемлекетін ренессанстық деңгейге көтере алды. Бабырдың философиялық деңгейдегі заман мен тарих, жеке адамның қоғамдағы рөлі, Орталық Азияны мекендеген халықтардың діндері, ділі, дүниетанымы туралы көптеген пайымдауларды кездестіреміз. Бабырды толғандырған көптеген маңызды әлеуметтік құндылықтар қазір де қоғам назарында. Мысалы, діннің рөлі, адамгершілік ұстанымдар, Отанға, туған елге деген патриоттық сезім, адамдардың басқа адам алдындағы гуманистік, жалпы адамзат алдындағы жауапкершілік құндылықтары осы уақыттағы кезек

күттірмейтін мәселелер болып отыр. Салиқалы саясат жүргізу принциптері мен ел басқаратын тұлғаға қойылатын талаптар айқындалады. Әлеуметтік болмыстың іргелі принциптері: ел мен ер бірлігі, батырлық пен сабырлылық, тарихи жады негізінде ұрпақтарда тектілік сезімді, ел мен жерге сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселелері өз шешімін тапқан.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қ.Р. Үкіметі. «Мәдени мұра» орта мерзімді кешенді Мемлекеттік бағдарламасы. – ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 12 ақпанындағы №171 қаулы // - Астана, 2004.- 5 -19 бб.

2. Қазақстан Республикасы.Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану туралы Заң 1992 жылдың 2-шілде № 1489-ХІІ-Алматы: Дәнекер, 2000. - 20 -б.

3. Қазақстан Республикасы. Ұлттық мұрағат қоры мен мұрағаттар туралы Заң 1998 жылдың 22желтоқсаны № 361-1 // ҚР Парламентінің жаршысы. - 1998. 24.-18 б.

4. Қойгелдиев М. «Мәдени мұра» және қоғамдағы тарихи танымның қалыптасу ерекшеліктері жөнінде // Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы. – Алматы: «Әдельвейс» баспа үйі, 2005. -72 -78 бб.

5. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Кемелұлының Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. URL: [http //www. Akorda.kz](http://www.akorda.kz) [қаралған күні: 08.10.2023]

6. Заһир ад дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. ҚожабекұлыБ. Ататек. – Алматы, 1993.– 447 б.

7. Каюмов А., Хасанов С. Бобур ижодиёти. – Тошкент: Әлішер Навои мұражайы, 2007.–221 б.

8. Гулбаданбегим. Хумоюннома, Тошкент, УзССР ФА нашриёти, – 1959.

9. Мухаммед Хаидар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Ташкент: «Фан», 1996. – 657 б.

10. Монтескье Ш. Зандар рухы. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 783б.

11. Жеменей И. Тарихи –и Рашиди еңбегінің әдеби әлемі. – Алматы, 2009.– 199 б.

12. Экономика тарихы. Оқу құралы // ӘбубәкіровЯ.Ә., Байжұмаев Б.Б. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.– 280 б.

13. Уаһап қажы Қыдырбекұлы. Аудармашыдан // Құран Кәрім. Қазақша мағына түсінігі. – Алматы: Дәуір, 2002.–675б.

14. Азимджанова С. Государство Бабура в Кабуле и Индии. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Ташкент, изд. «Фан», УзССР, 1969.

15. Стеблева И.В. Семантика газелей Бабура.–М.: Наука, 1982.–328 с.
16. Құнанбаев А. «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла...» – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2014.–216 б.
17. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 236 б.
18. КүмісбаевӨ. Алтын қазық: Зерттеу мақалалар. –Алматы. «Қайнар баспасы», 2012. – 151 б.
19. ХаккуловИ.Ч. Рубай в узбекской классической литературе. – Ташкент: АКД, 1975.
- 20.ЖеменейИ. Тарихи –и Рашиди еңбегінің әдеби әлемі. – Алматы, 2009.– 199 б.
21. Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап. – Астана: ТОО «Лотос-Астана», 2008.– 360б.
22. Көкалып З. Түрікшілдіктің негіздері. – Алматы: Жалын, 1994.–464б.
23. Қасымжанов А. Рухани тамырлар // Қазақ: Мақалалар. – Алматы: Білім, 1994. – 176 б.
24. ӘуезовМ. Индия очерктері.– Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 85 б.
25. БлаговаГ.Ф. «Бабур-наме»: К истории чагатайского литературного языка: язык, прагматика, текста, стиль
26. АхметоваЗ. «Өлең сөздің теориясы». – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1973. – 211 б.
- 27.Қасымжанов А. Рухани тамырлар // Қазақ: Мақалалар. – Алматы: Білім, 1994. – 176 б.
28. Жолдыбай Қ. Дін мен діл.– Астана: Фолиант, 2001.–288 б.
29. СаидоваА.Х. «Бобур иждиоти», 2010. – 286 б.
30. Кунфуд-цзы. – Алматы:Қайнар, 2011.– 29 б. М.Мағауин тәржімалаған.
31. РустамходжаевШ. «Бобурнама» нашрларидаги арабий иқтибослар тахлили. – Тошкент, 2010.– 95 б.
32. ӘбсаттаровР. Саясаттану негіздері.–Алматы: Қарасай, 2012. – 306 б.
33. Қазақтың тарих философиясы. Алғысөз / ред. Ә.Нысанбаев // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – 6 т. –5-11 бб.
34. Жамбылов Д. Саясаттану. Алматы: Бастау, 2014. – 15 б.

35. ВеберМ. Избранные произведения. (под ред. Давыдова) М., 1990. –285с.
36. Хамай Ж. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. – 2т. Астана: Аударма, 2008.
37. Хасенов Ж. Ұлыс еліндегі әкімшілік жүйесінің құрылымы // ҚР Әділет министрлігінің хабаршысы. – 1996.2№ 4. – 48-59 бб.
- 38.Жеменей И. –№ 9. 2014. Ақиқат
39. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих). – Алматы: Қазақстан, 1992. –51б.
40. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – 6 т. – 142-223 бб.
- 41.Қазақстан Ұлттық Энциклопедия.–Алматы, 2005. 6 т.– 728 б.
- 42.Құл-Мұхаммед Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени құндылық бағдар-ламаларының типологиясы. – Алматы: Атамұра, 2000. – 32 б.
43. Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. –Алматы: Социнвест, 1995. – 320 с.
- 44.Көкалып З. Түркішілдіктің негіздері. Алматы: Жалын, 1994.–464б.
45. Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата: Академия наук Казахской ССР, 1958. – 293 с.
- 46.МакиавеллиН. Патша. Алматы: «Жет жарғы», 2003.– 75 б.
47. Маркс К. Хронологические выписки по истории Индии. 1947 г. Огиз. М. Гостпоитиздат с.54 С.17
- 48.Сатершинов Б.М. Әбілғазының «Түрік шежіресі» //Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – 6 т. – 400-414 бб.
- 49.БайбатшаӘ. Ә.Мұхаммед ХайдарДулати: моғолстан хандары.– Алматы, «Арыс». –2009. – 248 б.
50. БаласағұнЖ. Алматы. Жазушы, 1986. – 499б.
51. КантИ. «Бүкіл әлемдік азаматтық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясы». – Алматы: Жеті жарғы, 2003.– 14 б.
52. Әл-Фараби философиясы. Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2005.–3 т.– 496 б.
53. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчество. Изд.второе. – М.: Искусство,1986. – 445с.

54. Неру Дж.Открытие Индии: В 2-х т.– М.: Прогресс, 1989. – т.1. – 459 с.
- 55.Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991.– 288 б.
56. МарғұланӘ. – Алматы: Алатау, 2010.–9 т. – 452б.
57. Қазақстан Ұлттық Энциклопедия. – Алматы, 2005. – 7 т. – 728б.
- 58.ПирсЧ.С. Избранные произведения.–М.:Логос, 2000. – С.176-178.
59. Дербісәлі Ә. Қазақстанның мешіттері мен медреселері. – Алматы: Аруна, 2009. – 496 б.
60. Құлсариева А.Т. Этика. – Алматы: Қазақ университеті,2003. – 41 б.
61. Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. – Алматы: ҚазМУ, 1987. – 1 т. – 188 б.
- 62.Бабур-наме миниатюры. «Международный фонд Бабура». – Тошкент, 2008. –С. 267.
- 63.ДулатиМ.Х. – Алматы: Санат, 1999. – 656 б.
64. Ширин Баяни. Иранда билік құрған қазақтар, оның ішінде жалайыр ұлысының тарихы.-Алматы: Astana pressgroup, 2011-584 б.
65. Әуезов М. Индия очерктері: көрністер. – Алматы: Қазмемқорәдеббас, –1958.–130 б.
66. Гарольд Лэмб. «БабурТигр –Великий завоеватель востока». 2002.–Москва.: «Центрполиграф».440с.
- 67.Қазақстан Ұлттық Энциклопедия. – Алматы, – 8 т. 2005. – 292б.
68. Көкалып З. Түркішілдіктің негіздері. –Алматы: «Мерей», 2000.–130б.
- 69.Иассауи А. Диуани Хикмет. – Алматы: Мұратас, 1993.–156 б.
- 70.Маклюэн М. Культурная коммуникация: средства «горячие» и «хо-лодные» культура // Кукаркин А.В. Буржуазная массовая культура. – М.: Политиздат, 1985. – С. 46-56.
71. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2005. – 1 т. – 71- 96 бб.

72. Берстенов Ж.Т. Қазақ мәдениетінің рәміздік жүйесіне философиялық талдау: ф.ғ.к...дис // Т.Жүргенов атын. Қазақ Ұлттық Өнер академиясы.– Алматы, 2007. – 165 б.

73. Джон К. История Индии. – М.: ООО изд. Астрбель, 2011.– 426 б.

74. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерлер. – Астана: Фолиант, 2004.–326 б.

75. Құрбанғали Х. Тауарих хамса (Бес тарих)// Қазақ халқының фило-софиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – 6 т. – 415-443 бб.

76. Аманжолов Г., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1997. –428б.

77. Әуезов М. Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі // Әлем әдебиеті.–2008.–№6.–7-9 бб

78. Молдабеков Ж. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығының тарихи-философиялық мағынасы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – 6 т. – 255-284 бб.

79. Сейданов Қ., Низамидың кемеңгерлігі // Ақиқат. – 2011.– №8.–21б.

80. Қазақ тарихы туралы моңғол деректемелері. – Алматы, 2006. –392б.

81. Қасабек А. Қадырғали Жалайыр дүниетанымы.–Алматы, 1999. – 39 б.

82. Марғинани // [Электронды ресурс]. [http mores.uz](http://mores.uz) . URL [қаралған күні: 10.10.2023].

83. Монтескье Ш. Заңдар рухы.– Алматы. Үш қиян, 2004. –783 б.

84. Жұмалиев Қ. Стиль, өнер ерекшелігі. – Алматы. Жазушы, 1966.–220 б.

85. Адамбаев Б. Халық даналығы. «Мақал-мәтелдердің құрылысы мен поэтикасы». –Алматы: «Рауан» баспасы, 1994. – 64б.

86. Қозыбаев М.– Алматы: «Сөздік – словарь» баспасы, 1986. – 64б.

87. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: «Тілі білімі институты», 2010. – 227 б.

88. Жаңа дәуірдегі Француз философиясы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2006. – 21 б.

89. Әмір Темір аманаты. Өзбек тілінен ауд.И.Сапарбай. – Алматы: «Жібек жолы» баспасы, 1996. –112 б.

90. Қ. Ахметжанов. Жараған Темір кигендер. – Алматы: «Томол» баспасы, 1996. –256 б.

**Нурмухаметова Қ.Ш.
Бабыр мұрасы.**

Монография. Ғылыми басылым.

Редакторы, беттеуін жүргізген – М. Бекұлы
Мұқабасын жасаған – А. Айтенова

Басуға 05.01. 2024 ж. қол қойылды. Қалпы 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 7,5 б.т . Тапсырысы №155. Таралымы 500.
Алматы қ., Амангелді 52. «Max Print» баспасы.